

Регистрационный № 4188-Ж      № 4, 2015 г.

Основан в 1997 году

Выходит 4 раза в год

---

**Ғылыми журнал**

І. Жансүгіров атындағы  
Жетісу мемлекеттік университетінің

**ХАБАРШЫСЫ**



**ВЕСТНИК**

Жетысуского государственного университета  
им. И.Жансугурова

**Научный журнал**



Бас редакторы - главный редактор

**Ә.Е. Бектұрғанов**

ректор, доктор юридических наук, профессор  
член-корреспондент Национальной академии Наук  
Республики Казахстан

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия:**

главный редактор – ректор, доктор юр. наук, профессор,  
член-корреспондент Национальной академии Наук Республики Казахстан

**А.Е. Бектурганов**

зам. главного редактора – д.э.н. М.Т. Кантуреев  
ответственный секретарь – к.ф.м.н. Е.Б. Мукажанов

**Члены редколлегии:**

Л.К. Еркинбаева – д.ю.н., профессор  
М.Ж. Мальтекбасов – д.п.н., профессор  
Е.Ш. Дусипов – д.ю.н., профессор  
Д.Н. Нургабыл – д.ф.м.н., профессор  
Е.С. Андасбаев – д.т.н., профессор  
Х.Т. Наубаева – д.пс.н., профессор  
С.И. Мурыгина – магистр образования

**Регистрационное свидетельство издания № 4188-Ж выдано  
Министерством информации и общественного согласия  
Республики Казахстан от 12 сентября 2003 г.**

**Международный центр ISSN в Париже зарегистрировал  
журнал «Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік  
университетінің хабаршысы» под номером  
ISSN 1813-1123**

# ПЕДАГОГИКА

## МАТЕМАТИКАНЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНЫП, ТЕРЕҢДЕТІП ОҚЫТУ – КҮН ТАЛАБЫ

**Бекбаланова Бахыт Тыныбайқызы**

*«Қаракөмер орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ,  
Алматы облысы, Ақсу ауданы, Алтынарық ауылы  
ms.bekBalanova*

Автор мақалада жаңа технологияларды пайдаланып, оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып математиканы тереңдетіп оқыту әдістерін қарастырады.

В статье автор рассматривает методы углубленного обучения математики используя новые технологии и повышая интерес учащихся.

The author considers the methods of in-depth study of mathematics by using new technologies and increasing students' interest.

**Кілт сөздер:** математика, жаңа технологиялар, білім, білік, дағды.

Математиканы тереңдетіп оқытуда оқушылардың танымдық белсенділігі мен іздемпаздығын арттыруға негізделген. Мұғалім оқушының пәнге деген қызығушылығын туғызуда басты рөл атқарады. Әр сабақты жақсы өткізу үшін мүмкіндік беретін ережелерді есте сақтап, оның орындалуын қадағалап отыру керек. Бұл ережелер:

1. Сабақ тақырыбына қатысты түрлі ғылыми, әдістемелік кітаптарды тандап алу, олардың мазмұнымен танысу.
2. Оқулық материалын еске түсіру, тірек білім, білік, дағдыны бөліп алу.
3. Сабақ міндеттерін нақтылау, оны оқушыларға түсінікті, олар қабылдай алатындай етіп тұжырымдап жоспарға жазу.
4. Сабақта оқушы нені түсіну керек, нені есте сақтау керек, нені біліп, сабақтан нені үйренуі керектігін анықтау.
5. Оқушыларға оқу материалын қандай көлемде, қандай мөлшерде баяндау керек, қандай қызықты деректерді келтіруге болатынын анықтау.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай жеке бастарының психологиясын жете біліп, әр оқушының жүрегіне жол таба білу.
7. Әр сабақты өз дәрежесіне жеткізу.

Қазіргі кезеңде егеменді елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Бұл педагогика тарихы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр, себебі, білім беру жүйесі өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарды, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды.

Мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру.

Ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс тандау. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуында басты рөл атқарады.

Жас ұрпаққа заман талабына сай білім беру әрбір ұстаздан шығармашылықпен жұмыс істеуді, үлкен ізденісті талап етеді. Оқытудың жаңа технологияларын күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану үшін әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, тандап

алады. Қазіргі жаңа оқыту технологияларының алдына қойған мақсаты, бірінші орынға баланың білімін оның жеке тұлғасын білім арқылы дамыту.

Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін – өзі дамытып, оқу – тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. «Өз еңбегін талдай білген адам ғана тәжірибелі ұстаз бола алады» деген В.Сухомлинскийдің сөзін оқытушының талмай ізденген еңбегінің нәтижесінде ғана көрінетіні белгілі.

Өз тәжірибемде «деңгейлеп оқыту» технологиясында жұмыс атқарамын. Бұл технологияда көптеген жұмыстар білім деңгейі төмен оқушылармен арнайы жұмыстар жүргізіледі және де дарынды оқушыларды шығармашылық жұмыстарды жетелейді.

Сабақ барысын келесі этаптар арқылы орындаймын:

- бірігіп жұмыс істеу арқылы жаңа сабақты бекіту;
- өзіндік жұмыстарды оқыту;
- өз білімдерін бақылау арқылы тексеру;
- әр деңгейлі есептерді таңдау арқылы шығару.

Оқушылармен жеке жұмыс істеу сабақтың ең бірінші кезеңі болып табылады, және бұл оқушылардың өзіндік оқыту жұмыстары арқылы жүзеге асырылады. Мұндай кезеңді сабақтың басында қолдану керек. Себебі бұл кезде мұғалім әлі әр оқушының бұл материалды қалай түсінгенін анықтай алған жоқ. Білімдеріне қарай «төмен» және «жақсы» оқитын оқушыларға бөлмей, әр оқушының бұл сабақта жақсы баға алғысы келетінін ескере отырып, олардың білім деңгейіне байланысты әр түрлі тапсырмалар дайындалады. Оқушылар өздеріне ұнаған тапсырмаларын таңдап алады және қанша тапсырма орындау керектігін өздері шешеді. Мұндай өзіндік жұмысын орындау барысында мұғалім әр оқушымен жеке жұмыс жүргізе алады, дер уақытында олардың жіберген қателерін анықтап, білімдерін толтырып отыруға мүмкіндік береді. Үй жұмысын беру барысында да олардың әр түрлі деңгейлерін есептеп отырамын, олардың қайсысын орындауда оқушылар өздері таңдап алады. Ал оқушылардың білімін бақылаудың әр түрлі формаларын пайдалану үлгермеушіліктің алдын алу, әр оқушының жеке белсенді жұмыс жасауын қамтамасыз етеді. Оқушылармен математикалық диктант, ауызша жаттығу жұмыстарын жүргізу үлкен нәтижесін беретінін байқадым. Әр оқушының білімін жеке бақылауда келесі мынандай жұмыстар атқарамын:

**1. Ауызша бақылау жұмыстарын жүргізу** – бұл оқушылардың ойлау қабілетін, зейінін, жеделдетіп есептеу білігін дамытуға ықпал етеді. Ауызша жұмыс жүргізудің көбінесе мынандай түрін қолданамын: 4-5 оқушыны тақтаға шығарамын да оларға тапсырма беремін. Дайындалғаннан кейін әр оқушы жеке – жеке өз сұрақтарына жауап береді, ал басқа оқушылар осы жұмыс барысында қатысады, жауаптарын өз

**2. Жазбаша бақылау жұмыстарын жүргізу** оқушылардың математикадан білім, білік, дағдысын ағымды және қорытындылап тексеру үшін аса маңызды.

Математика сабақтарында біз барлық тақырыптарды жеңіл түрде меңгертеміз, ал ары қарай тақырыптық білімдерін тереңдетуде сыныптан тыс жұмыстардың атқаратын рөлі зор. Сыныптан тыс жұмыстарды мынадай түрде жүргізуге болады: «Көңілді математиктер клубы», математикалық үйірме, математикалық викториналар, қабырға газеттері, кештер, мектепшілік математикалық олимпиада т.с.с.

Аталған іс-шараларда атқарылатын жұмыстар мынадай ретте болады: математиканың даму тарихы, сандық ребустар, математикалық фокустар, логикалық

сұрақтар мен есептер, қиын есептер, арифметикалық викториналар, есептерді құру және оларды шығару жолдары т.с.с.

Математика сабағында қызықты ойын, есептер, олимпиадалық есептер, логикалық есептер шығаруға көп көңіл бөлемін. Қызықты есептер оқу материалының меңгерілуін және ойлау барысының тиімділігін анықтайды. Мұндай есептер оқушының ойлау қабілеттерін дамытуға, математикалық түсініктерін қалыптастыруға жағдай жасайды. Оқу барысында пәнаралық байланысты жүзеге асыру - оқушылардың бір пәннен алған білімін екінші пәнге қолдануға мүмкіндік береді.

Заман талабына сай білім беруде интерактивті тақталар, мультимедиалық материалдар, компьютерлік технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалану қажет. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында негізгі міндет ретінде оқу үрдісіне автоматтандыруды енгізу көрсетілген. Математика пәнін оқытуда компьютерлік технологияларды, интерактивті құрал-жабдықтарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігі мен қызығушылығын арттырып, олардың шығармашылық, ойлау қабілеттерін дамытады. Интерактивті тақта арқылы түрлі суреттер, көріністер, дыбыс және музыка тыңдатып көрсетуге болады. Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен оқушыларға ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады. Өзім сабағымда интерактивті тақтаны жиі қолданамын. Оқушының жүрегіне жол табу үшін сабағымның әрбір сәтін қызықты, ұтымды өткізуге тырысамын. Осыған байланысты келесі сабақтың жоспарын ұсынып отырмын.

#### **Қысқа мерзімді жоспар**

**Сабақтың тақырыбы:** Логикалық есептер. Тригонометриялық функциялардың формулаларын пайдаланып, есеп шығару жолдары

**Сабақтың мақсаты:** Зейіндік, логикалық қабілеттерін дамыту, есептерді тез шығаруға дағдыландыра отырып, тарауға қортынды жасау. Математика пәніне деген қызығушылығын арттыру.

**Күтілетін нәтиже:** Оқушылардың есте сақтау қабілеттері жақсарады, пәнге деген қызығушылығы артады. Тригонометрияның күрделі формулаларын есте сақтауға жаттығады.

**Негізгі дерек көздер:** Математика пәні оқулығы, үлестірмелі қағаздар

**Көрнекіліктер:** Слайд, стикерлер, плакат, маркер

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. «Математика және Физика» журналы №2 2011 жыл, №4 2010, №1 2008
2. «Мұғалім.kz-математика, информатика» журналы №5 2011, №4 2010
3. Наурызбайқызы «Математикадан дидактикалық материалдар мен ойындар және қызықты тапсырмалар» - Алматы
4. Алдамұратова «Математика-5» Оқулық

## БАБАЛАР МҰРАСЫН САҚТАУДА САНАМАҚТЫҢ РОЛІ

Г.С. Майлыбаева, п.ғ.м., аға оқытушы,

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті*

К.К. Бейсембаева, бастауыш сынып мұғалімі

*М.Горький атындағы МДШО орта мектебі*

Мақалада санамақ және оның түрлерін салыстырыла келе, өзіндік белгілері, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын қарастырады.

В статье рассматриваются своеобразие и различие считалок и с другими жанрами.

The article deals with originality and distinction schitalok and other genres.

**Кілт сөздер:** Мәңгілік ел, жас ұрпақ, ауыз әдебиеті үлгісі, санамақ, ұлттық өнер, салт-дәстүр.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы еліміздің рухын көтеретін, болашаққа сенімді мақсаттармен жетелейтін «Мәңгілік ел» идеясы ұсынылуы барша қазақстандықтар үшін зор қуаныш.

«Мәңгілік ел» – қазақ елін талай заман сындарынан сүріндірмей алып келе жатқан, ата-бабаларымыздың найзаның ұшымен білектің күшімен қорғап, ұрпағына аманаттап қалдырған жері мен ұлтының болашағына деген тұғырлы идея. Ұлт көшбасшысының биылғы Жолдауының бір ерекшелігі – барша қазақстандықтарды «Мәңгілік ел» болуға шақыруында.[1]

Ұлтымыздың болашағы, ұрпағымыздың келешегі, оның дәстүрі мен салты, тілі мен дінінің сарқылмай жалғасуы да осы «Мәңгілік Ел» идеясында жатыр. Олай болса, қазақ елі қашанда Мәңгілік ел болып қалыптасқан ел, және мәңгілік ұрпақтар жалғасында да мәңгілік ел болып қала береді. Ал ұрпағымыз өз елінің тілін жақсы меңгеру үшін ұлтымыздың ауыз әдебиеті үлгілерін жақсы меңгеруі тиіс. Жас ұрпақтың жақсы меңгеріп, шығармашылық қабілетін арттырып, логикалық ойын дамытатын қазақ ауыз әдебиетінен орын алған және ерте заманнан бастап бүгінгі күнге дейін даму өсу үстінде келе жатқан жанрдың бірі – санамақ. Санамақтарды халық негізінен, жас балаға сан үйрету мақсатымен шығарған, әлбетте санамақтар арқылы мектепалды топ балаларын қоршаған ортадағы дүниені танумен қатар халқымыздың атадан қалған салт-дәстүрін де санау арқылы үйренеді, әрі дүние танытады, әрі баланың қисынды ойлауы мен математикалық ойлау қабілетін дамытады.

Санамақтарды халық негізінен, жас балаға сан үйрету мақсатымен шығарған. Санамақтар әрі дүние танытады, әрі баланың қисынды ойлауымен математикалық ойлау қабілетін дамытады. Санамақтардың түрлері көп, оның үстіне жаңадан қосыла береді. Отбасында санамақтың әрбір түрін балаға жинатып, олармен бірге ойнай отырып, ойын дамыту – ата-ананың борышы. ересек балаларға неғұрлым күрделі санамақтарды айтқызып, ол санамақтардың шешімін мүмкіндігінше, өлең ұйқасымдарымен айтуды талап ету керек.

Санамақтар да ауыз әдебиетінің басқа үлгілері сияқты ауыздан ауызға беріліп келе жатқан мол мұра, олардың белгілі авторлары болады. Бұл ретте ақын жазушылардың балаларға арнаған санамақтарымен қатар, автор Майлыбаева Г.С. санамақтар түрлеріне орай жазылған шығармашылығын ұсынады.

1. Атау ұйқастырып санау арқылы бала санауды үйренеді, әрі санға ұйқас заттарды танып біледі. Балалар ақын жазушысы Нұрхан Жанаев атамыз:

Саусақтарды салалап

Кел санайық санамақ  
Бірім – бірлік,  
Екім – елік,  
Үшім – үскі,  
Төртім – түскі,  
Бесім – бесік,  
Алтым – асық,

Автор: Бір – білім,

Екі – елім,  
Үш – үміт,  
Төрт – төзім,  
Бес – береке,  
Алты – арман,  
Жеті – жеті атаң,

Жетім – желке,  
Сегізім – серке,  
Тоғызым – торқа,  
Оным – олжа.  
Санамақты санадық  
Енді сәл дем алалық, -десе

Сегіз – сенім артам,  
Тоғыз – тоқшылық.  
Он деген ол жақсылық,  
Осының бәрін білсең сен.  
Боларсың өсіп нұр көсем,

- деген санамағындағы жаңа атауларды балалар есінде сақтаса, олар білімді, берекелі, жеті атасын білетін, болашағынан үміт күттірер азамат болып өсуіне сенеді.

2. Саусақ санау ойыны баланы сан үйренуге ынталандырады және ойын арқылы оның әртістік қабілеті артып қызықты рольдерді ойнайды.

«Бес саусақ» деп аталатын Әнуәрбек Дүйсенбиевтің саусақ санау ойынында балаларды жауқаулықтан арылтып, екебекқорлыққа, ұқыптылыққа үйрете отырып, бес саусағының қызметін бөліп береді.

Балаларым, тұрындар,  
Сөзге мойын бұрындар!  
Бас бармақ!

Жатып алдың талайдан,  
Бұзауларды бақ, айнама.  
Кешке үйге келгенде,  
Құйып берем ақ айран.  
Балаң үйрек!

Шөп жиналып бітпеген,  
Сен сонда бар жұртпенен.  
Кешке үйге келгенде,  
Май беремін құртпенен.  
Орған терек!

Автордың «Бес саусақ өнері», - деп аталатын санамағы арқылы мектепалды даярлық топ балаларын ұлттық өнер, салт-дәстүр, экологиялық, эстетикалық тәрбие мен салауаттық өмір салтына баулиды.

Қуыр-қуыр-қуырмаш,  
Мен айтайын қолыңды аш!  
Мынау тұрған бес бармақ.  
Жұмыс содан басталмақ.  
Алақанды сен ашсаң,  
Бес саусақты байқайсың.  
Саусақтарым сапқа тұр!  
Өнер көрсет әрқайсысың!  
Бас бармағым майысып,  
Ата салтын сақтайды.  
Ою ойып, жұн түтіп

Сен ортаншым, бөбегім,  
Қырда бүгін көп егін,  
Сен қырманнан келгенде,  
Кәмпітті үйіп-төгемін.  
Шылдыр шүмек!

Еңбек еткен жақсы адам,  
Қарбыз жина бақшадан.  
Дастарханға сен үшін,  
Тәтті нанды көп салам.  
Кішкентай бөбек!

Жатып бекер жеп-ішпе,  
Үй жұмысын сен істе.  
Кешке қарай өзінді,  
Тойдырамын жеміске.[2]

Өнерімді баптайды.  
Балаң үйрек жүреді,  
Жасыл желек маңында.  
Күтіп-баптап бақшаны,  
Үлкендердің жанында.  
Орған терек бойында,  
Нәзіктік бар, пәк сезім.  
Жадында мықтап сақтап ал!  
Даналардың әр сөзін.  
Шылдыр шүмек әрқашан,  
Денсаулықты ойлап жүр.

«Мықты болып өсем», - деп,  
Тазалықты сақтап жүр.  
Кішкене бөбек еркетай,

Анасының жанында.  
«Бейбітшілік», - тілегі  
Сақталсын әркез жадында.[3]

3. Санамақтың келесі түрі – ол айтыс санамақ. Айтыс санамақта бала санға ұқсас сөз табу арқылы, ақындық қабілетін байқатады. Егер ол қарсыласының сөзіне тапқырлықпен жауап бере алмаса онда, айтыста жеңілгені. Мысалы:

- Бас бармақ!

- Күтер кезек.

- Ойын басталмақ.

- Шылдыр шүмек!

- Балаң үйрек!

- Келді кезек.

- Шана сүйрет.

- Кішкене бөбек!

- Орган терек!

- Тұр еркелеп.

4. Жаңылтпаш санамақта баланың тілін ұстартумен қатар оны шешендікке, таза сөйлеуге баулып санауға үйретеміз. Бұл ретте Жақан Смақовтың жаңылтпашқа ұқсас санамағы балалар тілін дамуына үлкен әсер етеді.

Башпайлар мен бақайды,

Былай-былай атайды.

Басқы бақай,

Опай-сопай.

Атсыз апай,

Ерке тотай.

Құйттай шоқай.

Балалар да қарайды,

Башпайларын санайды:

Басқы бақай,

Опай-сопай.

Атсыз апай,

Ерке тотай.

Құйттай шоқай.

5. Жұмбақ санамақта жұмбақтың шешуін табумен қатар ой-өрісін дамыта отырып санауға үйренеді. Н.Жанаевтың «Неше бала» деп аталатын жұмбақ санамағы балаларды санаумен қатар оларды жұмбақ санамақтың шешуін табуға үйретеді.

Екі бала егісті.

Неше бала егісті?

Екі бала кеңесті.

Неше бала кеңесті?

Екі бала келеді,

Неше бала келеді?

Бір айналып белесті.

Бір айналып белесті.

6. Ойын санамақтарда балалар сан жобасын үйренеді. «Санайық» деп аталатын санамақта баланы ойната отырып, оларды санауға және үйренген сандарын ойын арқылы есте сақтауға үйретеміз.

Ал санайық, санайық,

«Үш саны», - деп шығайық!

Сан сырына қанайық.

Тағы бірін жұмайық,

Бір саусақты жұмайық,

Төрт санына ылайық.

«Бір саны», - деп ұғайық!

Жұдырықты жұмайық,

Екі саусақ жұмайық,

«Бес болды», - деп ұғайық.

«Екі сан», - деп тынайық!

Он қолдың енді біреуін,

Үшіншісін жұмайық,

Үшіншісін жұмайық,

Тағы да ештеп жұмайық,

Тоғыз санға ылайық.

«Алты сан», - деп ұғайық,

Жұдырықты жұмайық,

Екіншісін жұмайық,

«Он болды», - деп ұғайық [2].

«Сегіз ғой», - деп тынайық!

Қорыта келгенде, отбасында санамақтың әрбір түрін балаға жаттатып олармен бірге ойнай отырып, ойын дамыту – ата –ананың борышы болса,

балабақшада мектепалды даярлық топ тәрбиешілері, мектепте бастауыш сынып мұғалімдері оқушыларға белгілі тақырып бойынша санамақты жаттата отырып, санауға үйретеді, олармен ұлттық нақышта тәрбие жұмыстарын жүргізумен қатар оларды ұлтының салт-дәстүрін сақтай білуге дағдыландырады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. 2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кезекті халыққа жолдауы.
2. «АСЫЛ МҰРА» түркі антологиясы. — Астана: Сарыарқа, 2012. — 568 б.
3. Әріптер сырластығы. Оқу әдістемелік нұсқау. Майлыбаева Г.С. 2007 ж.

#### ӘОЖ 535

### ФИЗИКА ПӘНІНДЕ ДЕҢГЕЙЛЕП - САРАЛАП ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

**Калибеков Нурлан**

*Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Островский атындағы мектеп лицей,  
[Nurik9494@mail.ru](mailto:Nurik9494@mail.ru)*

*Бұл мақалда физика пәнін оқыту үшін инновациялық технологиялардың маңызды екені айтылады. Инновациялық технологияны пайдалану сабақ сапасын көтереді, оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, ізденушілік, танымдық қасиетін арттыратыны туралы жазылған.*

*В этой статье говорится о том, что использование инновационных технологий на уроке физики улучшают качество знаний учащихся, повышает интерес к предмету, развивают творческую деятельность учащихся.*

*This article is about the importance of innovation technology in physics. Using the innovation technology in physics is improves the quality of the lesson and develops students' interest in the subject.*

*Кілттік сөздер: инновация, логикалық ойлау, физикалық заңдылықтар.*

Қазіргі замандағы мұғалімнің алдындағы негізгі басты міндеті - тек қана оқушыларды білім жағынан ғана қалыптастырып қоймай, оқушылардың рухани деңгейін оятып, тәрбиелік құндылықтарын арттырып, пәнге деген қызығушылықтарын дамытуға ат салысу. Бала тәрбиесінің дамуына ұстазынан басқа қоршаған орта немесе басқа да адамдардың ықпалы әсер ететіндігі барлығына аян. Мұғалім өмір бойы оқушымен оқушы болып өтетіндіктен, оқып - ізденуін ешуақытта тоқтатпайды. Мұғалімнің өздігінен ізденіп, білімін жетілдіріп отыру - бүгінгі таңдағы білімнің ажырамас бөлігі болып табылады. Сондықтан да мұғалімнің кәсіби педагогикалық қызметі болуы шарт. Білім берудің даму бағыты мен технологияларын қамтитын көптеген педагогикалық технология түрлерін қазіргі кезде көптеп қолданып жүрміз. Бұл технологиялардың оқушының ой - өрісінің дамуына тигізер пайдасы өте зор, себебі оларды қолдану сабақ нәтижесін, сапасын, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырады. Әсіресе оқушылардың өздігінен танып, іздену іс - әрекеттерін менгертуді талап етеді. Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты болып білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру болып табылады. [1]

Дамыта оқыту технологиясы қазіргі уақытта жаңа технологиялардың бірі деп келеді. Дамыта оқытудың негізін Ян Амос Коменский өзінің 17 ғасырда «Ұлы

дидактикасында» айтып талдап берген. Содан кейін орыс ғалымдары К. Д. Ушинский, Л. С. Выготский еңбектерінде қарастырылып, 1969 жылдары Ресей ғалымдары Л. ВЗанков, Д. Б. Эльконин, В. В. Давыдов көтерді. Д. Б. Эльконин мен В. В. Давыдовтың зерттеулері оқушыны «тұлға» ретінде тануға бағытталды.

Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы 1998 оқу жылынан бастап мектептің барлық сатысына, барлық пәндерге еніп, оқу үрдісін жандандыруға үлкен үлес қосып келеді. [2]

Профессор Ж. Қараевтың деңгейлеп - саралап оқыту технологиясы жаңаша өзгерген мақсатпен оқушылардың өздігінен танып, іздену іс - әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне баса назар аударылды. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы:

- ✓ оқушының өз қабілетіне, болашағына сенуіне;
- ✓ оқушының ынталандыруға;
- ✓ оқушы мен оқытушының ынтымақтастық қарым - қатынас достығына;
- ✓ оқушының өз білімін өз бағалай білуіне
- ✓ білім көрсетудің әділ сайысына мүмкіндік береді

Физика сабағында деңгейлеп оқытудың тиімді жақтары мыналар:

- ✓ әр оқушы өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады
- ✓ оқушының жеке қабілеті айқындалады
- ✓ іштей бір - бірінен қалмауға тырысады;
- ✓ әр бала өз деңгейіне, қабілетіне қарай бағаланады;
- ✓ тапсырманың күрделену деңгейіне сәйкес оқушының ойлау қабілеті

артады;

1-деңгей-«3», 2-деңгей-«4», 3-деңгей-«5»

- даму мониторингін құрып, оқушының дамуын қадағалауға және ата - анасымен байланыс жасауға жеңілдік туғызады;

- ✓ бір ғана сабақта тапсырманың бірнеше түрін орындайды;

Сабақ – шығармашылық еңбектің жүзеге асырылатын басты орын болғандықтан, шешуге міндетті жүзеге асыру - ұстаздың шеберлігіне тәуелді. Оқу материалын қызықты ету үшін ойлана, жан - жақты даярланудың өзі ішкі шығармашылық күйді туындатып, оқушыларға берік те, терең білім беруге мүмкіндік береді. [3] Әрбір мұғалімнің

негізгі мақсаты - сабақ сапасын көтеру, түрін жетілдіру, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру, олардың ізденуін, танымын қалыптастыру. Сондықтан физика сабағында оқу - тәрбие үрдісінің дұрыс жүргізілуі үшін әртүрлі оқыту әдіс - тәсілдерінің тиімдісін мүмкіндігінше тандап алуға тырысамын.

Оқушыларға оқу материалын түсінікті және қызықты етіп беру үшін сыныпты көз алдыма елестетіп, әрбір оқушының даярлығы мен мүмкіндігіне, қабілеті мен біліміне сүйеніп, сабақтың құрылымына талдай жасай отырып, алдыма мақсат қоямын. Заман талабына сай білімді, білікті, шығармашылық қабілеті дамыған жеке тұлға қалыптастыру.

- ✓ Мақсатыма байланысты міндеттер қоямын;
- ✓ Жас ұрпақтың қабілетін ашу.
- ✓ Мақсатты жүзеге асыру.

Шығармашылық, логикалық ойлау қабілетін жетілдіру. Оқу материалын баяндау барысында тәжірибелер көрсетіп, жаттығулар орындатып, дидактикалық

материалдар мен техникалық құралдарды жүйелі пайдалану арқылы әсер алуға жетелеймін.

1.Жалпы мәдениеттік мәні бар ұлттық, аймақтық, жергілікті материалдарды өз сабақтарымда кеңінен пайдалану.

2.Оқушылардың тұлға ретінде дамуына жағдай жасау.

3.Оқушылардың физика сабақтарындағы белсенді іс - әрекеттерін ұйымдастыру үшін барынша көп мүмкіндіктер жасау.

4.Оқытудың әр кезеңінде оқушылардың пәнді оқыту қызығушылығын қалыптастырып, дамытып оқыту.

5.Пән аралық байланысты сабақта тиімді пайдалану.

6. Деңгейлік және саралап оқыту жағдайында барлық оқушылардың бағдарламалық білімді меңгеруін жүзеге асыру.

Жаңа сабақты түсіндіру барысындағы басты мақсатым - әрбір оқушының білім алуының сапалық деңгейіне жетуге мүмкіндік беретін оқу жоспарын ғылыми негізде ұйымдастыру. Оқушының білімді игеруін үш сатыдан тұратындай етіп құрамын:

1.Жаңа білімді игеру және оны пайдалана білу.

2. Игерген білімді өңдеп, оны таныс емес жағдайда пайдалана білу.

3. Жалпы білімді өз бетімен игеру.

Аталған сатының әрқайсысында оқушының пәндік білімді игеруі төрт деңгейде өтеді:

1.Білу.

2.Түсіну.

3.Қолдану.

4.Біліктену.

Мысалы, «Гармониялық тербелістер. Тербеліс амплитудасы, периоды және жиелігі» тақырыбында оқушы тербелістер жайлы 9 сыныпта өткен түсінігін еске түсіре отырып, жаңа фактілерді, сондай - ақ толқын түрлеріне жататын электромагниттік толқындардың қасиеттерін қабылдайды. Бұл білімді қабылдау деңгейіне жатады.

2 - деңгей – Түсіну, яғни қабылдаған жаңа мәліметті пысықтап бекіту, өз сөзімен естігенін айтып беру. Мысалы: Тербелістердің өмірде алатын орны.

3-деңгей–Қолдану.Қабылдаған білімді формула бойынша тұжырымдау, есепшығара білу, ұқсасмы салдар келтіру.

4 - деңгей – Біліктену. Оқушы алған білімін, сабақтың мәнін түсіндіре білу, басқа фактілермен салыстыра отырып, қорытынды жасай білу. Қарапайым түрде гармониялық тербелісті шығарып ала білу.

Әрбір сабақта, мүмкіндігіне қарай, жергілікті жер материалдарын пайдалана отырып, оқушының білімділігін арттыруға көңіл бөлемін. Мысалы, «Импульс» тақырыбын өту кезінде әсерлесуші денелер ретінде асықты пайдаланамын. Тыныштықта тұрған асықты екінші асықпен атқанда екінші асық неге қозғалады? Әсердің берілуі денеге жылдамдық туғызды деген мысал арқылы импульстің формуласы жазылып түсіндіріледі. Сол сияқты үйге мынадай тапсырма беруге болады: стаканға су құйып, оны бір парақ қағаздың үстіне қойындар да қағазды жайлап тартып көріндер, сосын оны лезде тартып алып қараңдар, «Қолдың тарту әсерінің уақытқа тәуелділігі қандай?»-деген сауалды талдап, оған жауап беріндер. «Реактивті қозғалыс» тақырыбын өткенде картон қағаздан балық пішінін қиып, оның саңылауына пипетка арқылы май тамызып, біраз бақылаймыз. Май балықтағы саңылау арқылы аққанда балық ілгері жылжиды. Бұл тәжірибе реактивті қозғалысты түсіндіруде оқушының білімділік деңгейін арттыруға көмектеседі. 11 - сыныпта

дифракция, интерференция құбылысын түсіндіргенде құс қауырсыны, капрон мата, пластинканы пайдалана отырып түсіндіруге өте тиімді.

«Дыбыс толқындарын» өткенде резонатор ретінде домбыраның қуысын қарастыра отырып, адамның ауыз қуысы резонатор екенін ескертіп, «жағынды екі қолыңмен қатты қысып сөйлеп көр» деген тапсырма беріледі. Оқушылар өз тәжірибесіне түсініктеме береді. Осылайша физиканың негізгі заңдылықтары мен құбылыстарын өмірмен байланыстыра қызықты етіп беру жолдарын қарастырамын. Мұндай тапсырмалар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, оларға физика заңдылықтарын өмірде кеңінен қолдануға болатынын түсінуге мүмкіндік береді. Жалпы инновациялық педагогикалық технологияны қолдану сабақтың сапасын көтеруге, оқушылардың білімге леген оқу - танымдық қызығушылығын арттыруға, қазіргі қоғам талабына сай білім алуына көп әсерін тигізеді.[4]

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.ҚараевЖ.А.«Саралап,денгейлепқытутехнологиясы».
- 2.Жұмабекова А. А. «Денгейлік тапсырмалар арқылы дамыта оқыту».
- 3.Тұрғанбаева Б. «Жеткіншектердің шығармашылық қабілетін дамыту». Қазақстан мектебі №8, 2004 ж.
4. Ильин В. С. «Формирование личности школьника». М, педагогика, 1984г.

**ӘОЖ 359-05**

### **БОЛАШАҚ ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАРДЫ ӘСКЕРИ ТӘРТІПТІ САҚТАУҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ**

**Кангалаков М.С., Куракбаева А.Ж.**

*Жетысуский государственный университет им.И.Жансугурова, г. Талдықорган.  
[kangalakov@mail.ru](mailto:kangalakov@mail.ru)*

Болашақ Отан қорғаушыларды әскери тәртіпті сақтауға дайындаудың педагогикалық шарттарын қарастыруда біз мектепте оқушыларды «Алғашқы әскери дайындық» пән сабақтарында қалайша оқытып тәрбиелейтіндігін зерттедік.

К.Аманжоловтың, А.Тасболатовтың, Д.Майхиевтің, Б.Аманжолованың [1] айтулары бойынша, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерін жетілдірудің, ұрысқа дайындығын көтерудің көптеген факторларының ішінде қиын да көп қырлы құбылыс – әскери тәртіпті нығайту бірінші орын алады -дейді.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғылары жеке құрамды тәрбиелеу мен оқыту негіздеріндегі әскери қызмет заңдарының жиынтығы болып табылады. Онда әскери қызметшілердің міндеттері мен құқықтары және өзара қарым-қатынастары анықталады.

Жарғылар әскерлердің өмірі мен күнделікті қызметін, тұрмысының барлық жақтарын қатаң және нақты түрде белгілейді, әскердегі белгіленген тәртіптің, ұйымдастырушылық, әскери тәртіптілікті ұстап тұру мәселеріне анық нұсқаулар береді.

Жарғылар ережелері Қазақстан Республикасы азаматтары моральдық кодексінің адамгершілік принциптерімен тығыз байланысты.

Заң тұрғысынан алғанда, әскери жарғылар – дара басшылық негізінде әскери қызметшілер қарым-қатынасының әр түрлі жағын, әскери тәртіптілік пен заңдылықтарды реттейтін, мемлекет бекіткен нормативті-құқықтық актілердің

жиынтығы. Олар әскери өмір мен оның әрекеттерінің сан түрлі қырын реттейді: әскери қызметшілерді оқыту мен тәрбиелеудің міндеттерін, нормалары мен әдістерін, әскердің күнделікті өмірін ұйымдастыру тәртібін; ішкі, гарнизондық, қарауылдық, патрульдік, парк, лагерлік және басқа да ранаы қызметтердің күн тәртібін; әскерді орналастыру, материалдық-тұрмыстық және медициналық қамтамасыз етуді; әскери қызметшілердің құқығын, міндеттері мен тәртіптік жауапкершілігін; жауынгерлердің қызметтегі және одан тыс уақыттағы өзара қарым-қатынасы мен мінез-құлқын; қатан жарғылық тәртіпті, жоғары ұйымдастырушылықты, әскери тәртіптілік пен ұрысқа дайындықты сақтаудың құқықтық жағы мен әдістерін реттейді.

Әскери жарғыларда армия дамуының көп қырлы тәжірибесі берген барлық жаңалықтар жинақталады. Оларда қорғаушыларға қойылатын талаптар қысқаша, анық түрде мазмұндалады. Қатан жарғылық тәртіп, қызмет пен тұрмыстағы жоғары ұйымдастырушылық оқуда жетістіктерге қол жеткізуге, жауынгерлердің тәртіптілігіне ықпал етеді.

Тәртіп – ол адамның қоғамдағы қалыптасқан белгілі ұстанымы.

Тәртіпшілік - ол әскери тәртіптің талабы, оны орындау әскери қызметшіге терең ішкі қажеттілік болып есептеледі, барлық нормаларды және жарғы қағидаларын орындауда ұстанымды дағды. Бұл әскери қызметшінің заң алдында жауапкершілікті болуы, өзінің іс-әрекеттерін саналы және түсінікшілікпен командирдің ерлігіне бағындыру, өзінің жеке тұлғалық қызығушылықтарын – бөлімнің, корабльдің ұрысқа дайын қызығушылығына.

Сонымен, осындай шешімге келуге болады, «тәртіпшілік» ұғымы әскери қызметте әскердің ерекше сапасы ұстанымды және ережелерді сақтау.

Тәртіптіліктің сыртқы және ішкі көрсеткіштерінің сипаттамасы:

Тәртіптіліктің сыртқы көрсеткіштерінің сипаттамасы:

- әскери тәртіпті қаталдықпен сақтау;
- командирлермен басшылардың бұйрықтары мен жарлықтарын ұқыпты және ынталы орындау;
- соғыс техникасына және қаруларға ұқыпты қарау, оқу-әскери және қызмет міндеттерді шешуде оларды сауатты пайдалану;

- үлгілі сыртқы түрі.

Тәртіптіліктің ішкі көрсеткіштерінің сипаттамасы:

- әскери тәртіптің қажеттілігі мен жөнделігіне сенімді болуы;
- жарғылар мен өсиеттерді, әскери қызметтің талаптарын білуі;
- әскери тәртібіне сай өзін ұстай білуі;
- тәртіпті мінез-құлығына дағдылары мен әдеті;
- өзін ұстай білушілігі.

Оқушының бойында тәртіптілікті сақтауға үйрену үшін мына мәселелерді есте сақтау керек:

- материалдық сілтеме тағайындау;
- алдын ала қажетті мәліметтерді беру;
- оқушыны психологиялық тұрғыда дайындау:

а) мұғалімге, пәнге дұрыс көзқарас;

б) пәнге саналы қатынасы және берілген білімнің тәжірибелік мәні мен мүмкіндіктерін игеру.

Алғашқы әскери дайындық сабағында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері туралы оқыту – қиын да қызық жұмыс. Қазіргі кезде алғашқы әскери дайындық пәнің оқытатын мамандарға қойылатын талап жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, тек сапалы әскери-патриоттық сезімін қалыптастыру емес, сонымен қатар оқушыларды тәртіпті сақтауға үйрету, олардың Қазақстан

Республикасы егемендігінің күзетінде қарулы күштер туралы ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін жетілдіру және танымдық күшін қалыптастыруға жағдай жасау, оқытушының жеке басының интелектісін, оқу әрекетін, өтетін тақырып мазмұнын аша білу.

Алғашқы әскери дайындық мұғалім үшін бір басты мәселе – тәртіпті сақтауға үйрету үшін педагогикалық шарттарды жасау. Жасалынған педагогикалық шарттар арқылы алғашқы әскери дайындық сабақтарында оқушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуында, тәртіпті сақтауға үйренуде басты рөл атқарады.

Педагогикалық шарттарды жасау - мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына, оқушыларды тәртіпті сақтауға үйретуге көмектеседі.

«Өз еңбегін талдай білген адам ғана тәжірибелі ұстаз бола алады», - деген В.Сухомлинскийдің [3] сөзін оқытушының талмай ізденген еңбегінің нәтижесінде ғана көрінетіні белгілі. Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы және терең білім беруіне жағдай жасап отыр. Оқытушы баяндайды, әңгімелейді, түсіндіреді, ал оқушы тыңдайды, қабылдайды, ойлайды, т.б. таным әрекеттерін жасайды және тәртіпті сақтауға үйренеді.

Сонымен, біздің алдымызда тағы бір проблема туындап отыр, ол - педагогикалық шарттарды анықтау.

Зерттеу барысында біз байқадық, педагогикалық шарттарды қарастырған ғалымдардың бар екенін ((М.В. Зверева [4], А. Алимбаев [5], С.Ш.Әлімбаева [6], Г.Т.Шарипбаева [7], М.Е.Сыдықов [8], С.Т.Сиргебаева [9], Г.М. Сабденалиева [10], Р.Б. Маженова [11], Г.Е Самашова [12], М.Қ.Құрсабаев [13], Д.С. Ешмұратов[14], А.О.Исабекова [15] т.б.).

Сонымен жоғары аталған педагогтар педагогикалық шарттарға оқыту және тәрбиелеу үрдісінде мақсатқа жету үшін тиімді формалары мен әдістерді пайдалануда оқушыларға жағдай жасауды жатқызады.

Оқушыларды тәртіпті сақтауға үйрету үшін алдымен әскери жетекшінің өзі жоғары идеялық-ғылыми және әдістемелік деңгейде болуы қажет, алғашқы әскери дайындық және азаматтық қорғаныс бойынша оқу, факультативтік және сабақтан тыс жұмыстарды жоспарлай, ұйымдастыру және өткізуді білу керек. Әскери-техникалық дайындық, азаматтық қорғаныс, санитарлық жасақшыларды дайындау бойынша мұғалімдердің жұмыстарын басқара алу, оқушылардың үлгерімдеріне және сабаққа қатысуларына есеп жүргізе алу. Оқу-тәрбие процесін жетілдіру үшін ұсыныстар кіргізеді, ең тиімді формаларды, әдістерді, құралдарды енгізеді. Оқушы-жігіттердің жеке тұлғалық сапаларын және жеке ерекшеліктерін зерттейді, оларды әскер қызметке даярлайды. Әскери қызметтің негізін зерттеу үйірмелерін басқарады, әскери-спорттық ойындарды ұйымдастырып өткізеді. Дене мәдениеті мұғалімдермен бірлесіп ату, граната лақтыру, противогаз кию және т.б. жарыстар өткізеді. Мектепте әскери-патриоттық тәрбие шараларды өткізуге жоспар құруға қатысады және оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие жүргізеді. Әскери бөліммен алушылық ұйымдастырады және оның көмегін оқу және оқушылардың әскери-патриоттық тәрбиесін жетілдіруде барынша қамтамасыз етеді. Алғашқы әскери дайындық бойынша оқу-материалдық базасын ұйымдастыруда және жетілдіруде қамтамасыз етеді. Қаруларды, әскери мүліктерді жөндеуді, сақтауды ұйымдастырып, есеп жүргізеді. Қарулармен, соғыс техникамен, оқ-дәрілермен сабақ өткізгенде [қауіпсіздік](#)ті сақтауда көмек көрсетеді. Анықталған форма бойынша есеп жасайды.

Сонымен қатар педагогикалық шарттарға, біздің ойымызша, «Жүз рет естігеннен, бір рет көрген артық» деген сөздерді ескере отырып, алғашқы әскери

дайындық сабақтарымызда мүмкіншілігіне қарай белсенді әдістермен, мультимедиялық проекторды пайдаланып отырсақ оқытушының ұтары мол деп ойлаймыз. Осы технологияны алғашқы әскери дайындық сабақтарында пайдаланудың тиімді тұстары:

- оқушының «Алғашқы әскери дайындық» пәнге деген жеке қызығушылығын оятады;

- алғашқы әскери дайындық сабақтарында танымдық қабілеттілігін қалыптастырады;

- алғашқы әскери дайындық сабақтарында әскери-патриоттық тәрбие береді;

- алғашқы әскери дайындық сабақтарында оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды;

- алғашқы әскери дайындық сабақтарында оқытушының уақытын үнемдейді;

- қосымша мәліметтер береді және оқушыларды тәртіпті сақтауға үйретеді.

Мультимедиялық проекторды пайдаланудың оқытушыға береріне келсек:

- барлық баланы оқытады;

- «Алғашқы әскери дайындық» пәні бойынша оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі;

- білім берудің формасын оңайландыру міндеттерін атқарады;

- алғашқы әскери дайындық сабағында оқушының жеке қабілетін айқындатады, іздендіреді.

Яғни, әр алғашқы әскери дайындық сабақтарын слайдтар қолдану арқылы өткізсек, әр сабағымыздың өзінде оқушыларды тек әскери-патриоттық тәрбиеге деген қызығушылығымызбен баурап алатынымыз емес сонымен қатар тәртіпті де сақтауға үйретеміз сөзсіз.

Әр саланың өз жаңалық-жасампаздығы болса, біздің болашақ Отан қорғаушыларды тәрбиелеуге қажетті жаңалықтың бірі – сатылай оқыту технологиясын пайдаланып педагогикалық шарттарды келтіру. Сатылай комплексті талдаудың маңызы зор деп ойлаймыз:

- оқушы материалды қалай меңгергендігі байқалады;

- оқушы білімін тұрақтандыруға көмектеседі;

- ізденуге жетелейді, қызықтырады;

- талдау нәтижесінде оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеті артады;

- өзіндік пікірі қалыптасады және тәртіпті де сақтауға үйретеді.

Зерттеу барысында біздің байқағанымыз, педагогикалық шарттарға дұрыс пайдалану әдістер жатады. Ал, бүгінгі таңда әдістердің өзінің бір неше түрлері бар: педагогикада белсенді емес, белсенді, интербелсенді әдістер байқалады.

Белсенді емес, белсенді, интербелсенді әдістерді пайдалануда қарым-қатынастар атқарушы роль орындайды. Қарым-қатынас іс-әрекеттік келісі тұрғысынан бұл – бірлескен іс-әрекетке деген қажеттіліктен туындайтын және ақпарат алмасуды, өзара әрекеттің, басқа адамды қабылдау мен түсінудің ортақ стратегиясын өндіруді қамтитын, адамдар арасында байланыс орнату мен оны дамытудың күрделі, көп жақты процесі.

Сонымен, белсенді әдістер - оқушының [іс-әрекеті](#) өнімді, шығармашылық, ізденіс [сипат](#) таситын оқыту әдістері; оқушының танымдық іс-әрекетін ынталандырушы және қандай да болсын [мәселенің](#) шешу жолдары жөнінде еркін [пікір](#) алмасуды көздейтін диалогқа құрылған әдістер. Оларға [әңгіме](#), диспут, [тақырыптың](#) семинар, іс [ойын](#), тренинг жатқызуға болады.

Белсенді әдістердің өзгеше ерекшеліктері – оқушыларды ұзақ мерзімді оқу үрдіске қатыстыру арқылы оқушы өзі белсенді боламын деп ынтасы болмаса да, онын ойың мәжбүрлі түрде белсендіру, олардың белсенділіктері қысқаша емес ұзақ және бір қалыпты болуы керек.

Белсенді әдістердің белгілері: проблемалық, проблеманы шешуде оқушының білімдері жеткіліксіз болған сон оларды проблемалық жағдайларға келтіру. Оқушы өзінің болған білімімен, тәжірибесіне сүйеніп, мұғалімнің және басқа оқушылардың көмегімен сол проблеманы шешу жолдарын іздестіреді. Белсенді әдістердің негізгісі – ол ұжымдық іс-әрекет және пікір арқылы проблеманы шешу. Оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру талабына оқушылардың жеке қабілеттерімен олардың мүмкіндіктерін есепке алу қажеттілігі жатады.

Белсенді әдістерге дәріс, баяндама, семинар, дискуссиялар, тәжірибе мен ситуацияларға сүйеніп оқыту, имитациялық үлгілер, ойындар, арнайы құралдар жатады.

Тәртіптілікті қалыптастыру үшін болашақ Отан қорғаушы өзін-өзі бағалауға үйрену керек. Ол басқаларға баға беріп, өзінің іс-әрекетіне де баға беруге үйренеді.

Өзіне баға беруге әдеби шығармалар, радио- және телебағдарламалар, кино-және бейнефильмдер үлкен көмек көрсете алады.

Сананың ең жоғары деңгейі – ол өзін-өзі талдау. Бұл жағдайда болашақ Отан қорғаушы өзінің іс-әрекетін ой арқылы бөлшектейді, өзінің әрекеттерін, тәртібін және оларға баға береді.

Болашақ Отан қорғаушы қарапайым бағалармен шектелуге болмайды: «мен жақсымын не болмаса жаманмын». Оған толық жауап алуға мүмкіндіктер тұғызу керек. Мысалы, неге ол жаманшылықтар жасайды, неге олай болып жатыр, бұл жағдайларды қалайша түзетуге болады. Маңызды түрде өзін-өзі талдауда жағымсыз жағдайлармен жағымды жағдайларды қарастырды. Ондай кезде ол жабылмайды және өзімен өзі болмайды, өзінің кемшіліктерімен күресуге тырысады.

Өзінің жағымсыз жақтарын тауып, оларға себептерді іздей бастаса, ендеше ол одан тәжірибе алады, келесі де сонда болмауға тырысады.

Өзімен жұмыс жасауда өзін-өзі бақылау да маңызды роль атқарады – өзінің іс-әрекеттеріне сын көзбен қарау және өзінің кемшіліктерін байқау, оларды түзету жолдарды іздестіру.

Ұжымда мүшелердің бір-біріне талаптары жоғары болса, ендеше әр өзіне жоғары талап қояды. Өзін-өзі бақылауда тәртіпті сақтауға байсалдықпен ұстамдылық маңызды. Осы сапалар моральдік-ерлік ұстанымның негізінде болып жатыр. Себебі болашақ Отан қорғаушылардың білгендері қажет: әскери бөлімде нақты жарғы тәртіп, мінетілген әскери дайындық үрдісі, қарауыл қызметін қырағы орындау. Тәртіптілікті тәрбиелеуге пір тұтқан, арман, өмірлік мақсат, қызғушылықтар көмек көрсетеді. Олар адамның өміріне бағыт береді, тік жолдан бұрылмауға көмек көрсетеді.

Өзін-өзі жаттықтыруға анықталы сапаларды, мінезді, дағдыларды және іскерліктерді қалыптастыру мақсатында саналы түрде көп рет жоспарланған іс-әрекеттер жатады. Ережеге сай оның өзінің реті бар:

- өзінің тәртіп сапасы мен дағдыларын талдауы және бағалауы;
- іс-әрекет ұстанымды қалыптастыру;
- өз ішіне жеңілген іс-әрекеттерді қарастыру;
- оны бөлшектеп не болмаса тұтас орындау;
- өзінің іс-әрекеттеріне бақылау жасау және бағалау, қайта орындауға өзіне тапсырма қою, олардың сапасын көтеру;

Өзін-өзі сендіру өзінің тәртібімен іс-әрекеттеріне дәлелдеу жасауға көмек көрсетеді. Мұнда дәлел және дәлелге қарсылықтар қарастырылады, олар тәжірибеде тексеріледі. Өзін-өзі сендіру жиі ішкі полемика ретінде, өзімен-өзі ішкі талас арқылы болады. Ол тағы өзін-өзі түсіндіру, өзіне дәлелдеу, өзіне қарсы, өзіне сын, өзін жұату, өзін жазалау ретінде болады.

Өзін-өзі сендіру өзіні психикалық және дене жағдайына әсер ету мақсатында

қысқаша сөз формуласы бойынша болады. Мысалы, «көп сөйлеме», «артық қимыл жасама», «жинақы бол», «әлі күш бар» т.б. Солай нерв жүйесі орынға келеді, шаршаудан, қиыншылықтардан басын тартады, тәртібінің кемшіліктері жойылады.

Өзін-өзі сендіру жігерлікке, міндетті түсінуге, оны орындауға байланысты. Өзін-өзі бағындыру өзіне бақылау жасау, өзін сендіру, өзін мадақтау не болмаса жазалау бойынша иландырылады. Әскери тәртіптің жоғарланғаны және олардың тәртіптерін байқауға болады. Олардың қызмет сапаларын жоғары деңгейге көтеру – ол бүгінгі күндегі қажеттілік.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аманжолов К., Тасболатов А., Майхиев Д., Аманжолова Б. Алғашқы әскери дайындық. 10-сыныбына арналған оқулық. – Алматы. Мектеп, 2006. -367 б.
2. Сухомлинский В.А. Избранные педагогические сочинения: в 3 т. – М., 1979. – Т. 1 – 569 с.
3. Зверева М.В. О понятии “дидактические условия”. // Новые исследования в педагогических науках. -М.: Педагогика, 1987, N1.
4. Алимбаев А. «Педагогикалық шарттар» ұғымы жөнінде. /Научный мир Казахстансана. №3 (37) 2011. С.188-191.
5. Әлімбаева С.Ш. Мектептің еңбекке дайындау бағытында 5-9-сыныптың оқушы-қыздарының этностық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: пед.ғыл.канд.дисс. - Түркістан. 2008. 162 б.
6. Шарипбаева Г.Т.Студенттердің өзін-өзі тәрбиелеудің педагогикалық шарттары. /Ақтөбе Дүние университетінің хабаршысы. 4(20) 2011. С.69-72.
7. Сыдықов М.Е. Сыныптан тыс жұмыстарда жеткіншектердің адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың педагогикалық шарттары. Автореферат.- Түркістан, 2008.
8. Сиргебаева С.Т. Жоғары оқу орындарында ақпараттық технологияны қолданудың педагогикалық шарттары. Автореферат. - Алматы, 2010.
9. Сабденалиева Г.М. Экологиялық тәрбие берудің педагогикалық шарттары: оқу құралы. – Алматы, 2001. - 110б.
10. Маженова Р.Б. Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың этностық-мәдени сәйкестілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары. Автореферат. Қарағанды, 2007. - 30 б.
11. Самашова Г.Е.Ақпараттық технологиялар арқылы студенттерді іс қағаздарын жүргізуге оқытудың педагогикалық шарттары. Автореферат. Қарағанды, 2007. - 28 б.
12. Құрсабаев М.Қ.Мектептегі оқушылар ұйымы арқылы ұлттық тәрбие берудің педагогикалық шарттары. Автореферат. - Қарағанды, 2008. - 24 б.
13. Ешмұратов Д.С. Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие берудің педагогикалық шарттары. Автореферат. - Қарағанды, 2009. - 30 б.
14. Исабекова А.О. Қазақ этнопедагогикасында қыз балаларын тәрбиелеудің педагогикалық шарттары. Авторефераты. Түркістан, 2007. - 26 б.

ОӘЖ 373

## БАСТАУЫШ СЫНЫП САБАҚТАРЫНДА СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Курмангалиева Шакура Кабдрахмановна

Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Абай атындағы мектеп гимназия, мұғалім  
[abaia\\_sh@mail.ru](mailto:abaia_sh@mail.ru)

Бұл мақалада оқыту үшін инновациялық технологиялардың маңызды екені айтылады. Инновациялық технологияны пайдалану сабақ сапасын көтереді, оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, ізденушілік, танымдық қасиетін арттыратыны туралы жазылған.

В этой статье говорится о том, что использование инновационных технологий на уроке улучшают качество знаний учащихся, повышает интерес к предмету, развивают творческую деятельность учащихся.

This article is about the importance of innovation technology in physics. Using the innovation technology in physics is improves the quality of the lesson and develops students' interest in the subject.

**Кілттік сөздер:** Сын тұрғысынан ойлау, оқушы шығармашылығы, білім сапасы.

Он жыл алдын ойлаған ел - бау өсіреді,  
Жүз жыл алдын ойлаған ел-жас ұрпақ өсіреді.

*Конфуций*

Қай заман болмасын адамзат алдында тұрған міндет – ұрпаққа саналы білім беру. Білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру үшін заман ағымына орай оқу үрдісіне жаңа технологиялар қажетті. Жаналықты меңгеру мен жүзеге асыруда дұрыс түсінбеу үлкен кедергіге әкеледі. Сондай қолданыстағы жаңа технологиялардың бірі - сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы. Жалпы сыни ойлау деген не? Сыни ойлау сұрақ қою мен шешімін талап ететін проблемалардан тұрады. Мазмұнды сұрақ қою арқылы, мәселені шешуде өзі жолын іздеп тауып, шешімді, саналы дәлелдер айтады.

Сын тұрғысынан ойлау - Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болап табылатының басты педагогикалық түсінік. Педагогика ғылымы еш нәрсеге бейімі жоқ, қабілетсіз адам болмайды деп дәлелдейді. Тек қабілетті кеңінен өрістетуге ықпал етуші орта оқушы үшін мектеп қана болып табылады. Сондықтан оқушылардың сыни тұрғыда ойлау мақсатында «қалай? қашан? қандай?» деген сұрақтар төңірегінде жұмыс жүргізу жақсы нәтиже береді. Яғни оқушыларға тапсырманы қалай берем? Қашан берем? қандай тапсырма берем деген сұрақтар басты назарда болу керек деп ойлаймын. Сыни ойлау сабағының құрылымы үш кезенді қамтиды.

Қызығушылықты ояту.

Жаңа ақпаратқа қызығушылығын ояту, танымдық процеске жұмылдырады, актуалдау. Бұл бөлім – білімнің іргетасы.

Екінші кезең - мағынаны тану оқу процесін мазмұнды түсінудің негізгі кезеңі. Осы кезеңде мұғалім шеберлігінің шыңы десек қателеспеспіз деймін. Себебі мұғалім тиімді стратегиялар арқылы оқушы қабылдауын дамытады. Салыстырмалы кестелер, екі жақты күнделік әдісі, инсерт әдістері қолданылады. Ой толғау кезеңінде

оқушы пікірлері маңызды болады. Оқушының сыни ойлауын дамыту мүмкіндік бар. Жаңа білімге өзінде бар білім негізінде өтіледі.

Оқушы шығармашылығын арттыруда әр кезеңге орай әдіс-тәсілдер таңдау, қолдану бір жүйеде дамытуға жетелейді.

3-сыныпта «Адамның жүйке жүйесі» тақырыбында соңғы бөлімде РАФТ стратегиясы арқылы оқушылардың ойлану ұшқырлығы мен қиялын дамытуға ықпал болады.

Р-РОЛЬ (жер бетіндегі кез-келген адам)

А-АУДИТОРИЯ (сіз кімге хат жазасыз?)

Ф-ФОРМА (әңгіме)

Т-ТАҚЫРЫП (адамның жүйке жүйесі)

Оқушылар сабақтан алған білімін қолдана отыра әңгіме жазады. Оқушы мәтін мазмұнын жетік түсінуге тырысады, ол үшін мәтін мазмұнын ой елегінен өткізеді. Оқушы ойын қағаз бетіне түсіру арқылы тілі дамиды, әлде жазуға жетелейді. Жуан – жіңішке сұрақтар арқылы оқушылар мәтінмен жұмыс жасай отырып өздері тың сұрақтар құрастырады. Бұл дегеніміз оқудың барлық әдісін меңгеру болып табылады. Басқа балалар сұрақтарына жауап беруге дайын тұрады. Өздері сұрақ құрастырған соң сұрақтарға ілтипат білдіреді.

Сондай –ақ оқушы танымын дамытуда «алты қалпақ» әдісін дүниетану пәнінде «өсімдіктердің көптүрлілігі» тақырыбын өткен кезде алты топқа бөліп қолдандым.

1-топ .Ақ қалпақ.

- Сөздік пен карта бойынша өсімдіктерді цифрлар мен фактілер арқылы анықтау

2-топ.Сары қалпақ

- Ойлан! Неге жер бетінде адамдар мен жануарлар өсімдіктерсіз өмір сүре алмайды.

3-топ. Қара қалпақ

- Дәлелдеу.Егер ауада оттегі болмаса адамдар мен өсімдіктерге не болар еді?

4-топ. Қызыл қалпақ

- Ойлан! Айналада өсімдіктер солып жатса қандай күйде боласыз?

5-топ. Жасыл қалпақ

- Жер беті жылдан-жылға жап-жасыл болып көркею үшін не істер едің?

6-топ. Көк қалпақ

- Барлық жауаптарды қалай толықтырасыз?

Оқу үрдісінде оқушы шығармашылығын арттыруда түрлі әдіс-тәсілдер қолдану мұғалім шеберлігіне байланысты олардың ойларын, сенімділігін арттыруда мүмкіндік тудыру қажетті.

«Өсімдіктер» тарауын талқылаған кезде «кластер» әдісі өте тиімді. Оқушының кеңірек ойлануына септігі көп.

Ал «балық қаңқасы» әдісі де сабақта қорытындылауда үйренген білімдерін талдауда қолданылады.

Басы-тақырып

Жоғарғы қаңқалары-себептер

Төменгі қаңқалары-дәлелдер

Балықтың құйрығы-қорытынды

Дәстүрлі бес кезеңдік сабақ жоспарын осы үш кезең бойынша жоспарлау тиімділігіне көз жеткіздім.

Нәтижесінде:

пікірлесе отырып, ортақ қорытындыға келеді;

тақырыпта сынып түгел қамтылады;

қорытынды шығарып, өз пікірін дәлелдейді;

Қорыта келе, сөзімді былай аяқтасам деймін. Белгілі орыс жазушысы К.Д. Ушинский: «Қызығушылығын туғызбайтын оқу бірте - бірте оқушының білімге деген құмарлығын жояды, ал тек қызығушылыққа негізделген оқу оқушының еркін, күш - жігерін тәрбиелемесе мәнін жояды» деген екен.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Ж. Құрманова Дамыта оқыту технологиясы. Астана 2007
2. Қазақстан Республикасы Президентінің халқына жолдауы.
3. «Білімдегі жаңалықтар» журналы, 2003 жыл.
4. «Бастауыш мектеп» журналы 2010 ж.
5. «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде» М.М.Жанпеисова, Алматы, 2002.

### **БОЛАШАҒЫ ЗОР БОЛСА, ҮМІТІ ДЕ МОЛ**

**Мұхтар Кәрімов, Сауле Қунапиянова**

*Талдықорған гуманитарлық-техникалық колледжі*

Мақалада гуманитарлық-техникалық колледжінің заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана отырып тереңдете білім беру мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар, облыстық білім, жастар саясаты мәселелері және басқа да басқармалармен бірлесіп өткізген шаралары туралы жазылған.

В данной статье анализируются вопросы углубленного обучения студентов с использованием новых информационных технологий в гуманитарно-техническом колледже. Также рассматриваются мероприятия, проведенные совместно с областными управлениями образования и молодежной политики.

*This article analyzes the issues in-depth training of students with the use of new information technologies in humanitarian and technical college. It also covers the activities carried out in conjunction with the regional offices of education and youth policy.*

**Кілт сөздер:** ақпараттық технологиялар, білім беру, колледж, студент, педагогика.

Қай заманда болсын болашақтан үміт күткен талабы зор орта алар жеңісі мен жемісі мол болмақ. Жаһандану заманында ұлттық бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші - білім деңгейімен өлшенеді. Әлемдік білім кеңістігінде білім беру жүйесін халықаралық биікке көтеру кезек күттірмейтін өзекті мәселе. Өйткені, өмірдің заңы даму, ілгерілеу, озу.

Адам санасы жақсы мен жаманды айырып қана қоймай, жақсылығын өз бойына қалай дарыта алса, өзгенің ойын да соған жетелей білу керек. Сонда ғана білікті ұрпақ өсіп жетіледі.

Білікті ұрпақ деп жан-жағын болжай алатын, техника тілін өз ана тіліндей меңгерген маман болуы шарт. Міне, осындай мамандар даярлайтын облысымыздағы колледждердің бірі тамыры тереңге жайылған Талдықорған гуманитарлық-техникалық колледжі.

Қазіргі кездегі заман талабы - жоғарғы деңгейдегі техника саласындағы жан-жақты маман дайындау болса, колледж ұжымы мен оның басы-қасында жетекшілік жасап жүрген директор Джумадилов Әсет Қазіпұлы Елбасының «Еліміздің болашағы - жастардың қолында, ал жастардың болашағы-ұстаздардың қолында» - деген сөзін

берік ұстанған басшылардың бірі. Болашаққа нық қадам адымдаған басшы ретінде колледждің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, оқу кабинеттері мен өндірістік оқыту шеберханаларының жаңа заман талаптарына сай безендіруіне ерекше көңіл бөліп, көп еңбек етуде.

Қазіргі таңда колледжімізде он мамандық жұмысшы кадрларын даярлайды. Осы жаңадан ашылған мамандықтар үшін барлық материалдық база толығымен қамтылған. Соңғы үлгідегі технология жетістіктерін қолдана отырып жасалған станоктардың әр түрлері бар. Шеберхана толық ағымды жөндеуден өтіп, мұнда сапалы кәсіби білім алу үшін барлық жағдайлар жасалған. Жоғары білімді оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің өз жұмыстарына жауапкершілікпен қарап, әрбір өтетін сабаққа жүйелі түрде дайындалып, сабақты инновациялық жаңа әдістерді пайдалана отырып өткізуі - болашақ мамандық иелерін дайындауда, оң нәтижелерін беруде. Қазіргі заман талабына сай өз мамандықтары бойынша машықтануды игерген жастарға сұраныс жоғары.

Заман талаптарына сай өндіріс орындарының сұраныстарын қанағаттандыру мақсатында колледжбен төмендегі мекемелер арасында екі жақты келісім - шарттар жасалынған. Мәселен, Ескелді аудандық «Қазтелеком» АҚ, ЖШС «Жиназ фабрикасы» МКҚК «Жетісу водоканал», ММ «Алматы облысының білім берудегі жаңа ақпараттық технология орталығы, ЖШС «Мақсат», ЖШС «Ал-Же-Тен», АҚ «Азия - электрик», ЖШС «Жетісу жарнама» секілді мекемелер колледждегі мамандарға өз сұраныстарын беруде.

Мұндай шаралар студенттерінің алдағы уақытта жұмысқа орналасуына септігін тигізетіні анық. Қазіргі кездің өзінде бітірушілердің жұмысқа орналасу көрсеткіші 80 пайыз. Білім беру саласындағы әлеуметтік серіктестік қарым-қатынасқа қатысушылар мемлекет өндіріс, кәсіптік-техникалық оқу орындары екені белгілі. Колледжде осы тұрғыдағы игілік істер аз атқарылып жатқан жоқ, сонда да бір орнында тоқтап қалуға әрине болмайды. Сондықтан да алдағы мақсаттар мен жоспарлар жоқ емес, бар. Соның дәлелі ретінде тағы да мамандықтар ашып отырмыз. Ол «Автогрейдер машинисі», «Радиоэлектроника және байланыс» мамандықтары. Бұл да уақыт талабынан туындап отырған мамандықтар, қазіргі таңда бұл мамандықтар бойынша өндірістік оқыту шеберханалары толық жабдықталып, оқу бағдарламасы құрылып, қажетті құрал-жабдықтары алынуда.

Болашақта әлеуметтік серіктестіктерді нығайта отырып, колледж студенттерінің өндірістік тәжірибесінің жоғарғы деңгейде өтуіне жағдай жасалуда. Ол ЖШС «Гордорстрой», ЖШС «Талдықорған жолдары» ЖШС «ҚазақТелеком» мекемелерімен үш жақты келісім - шарт жасалынуда. Бітіруші түлектердің болашағына қамқорлық жасай отырып, қос мамандық алып шығуы үшін «В», «С» категориясын оқытатын жүргізуші мамандығы бөлімін ашып отырмыз.

Біздің колледж бітіруші түлектеріміз еліміздің жоғары оқу орындарының студенті атануы - біздер ұстаздар үшін үлкен қуаныш екені белгілі. Сонымен қатар олардың қала оқу орындары арасында өтетін іс-шаралардың рейтингтік жүйесіне белсене қатысып, колледж студенттері үнемі марапатқа ие болуы да айтарлықтай зор мәртебе.

Алматы облысының «Жастар Саясаты орталығы» Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70 жылдығына және 7 мамыр Отан қорғаушылар күніне орай ұйымдастырған «Айбын» әскери-патриоттық, спорттық жарысқа қатысты. Бұл жарыстың мақсаты өскелең ұрпақ бойына жаңа қазақстандық патриотизмнің терең сезімін және Отан қорғаудағы азаматтық парызына деген беріктігін қалыптастыру, әскри қолданбалы тәртіпті практикада игерту, әскерге шақырылған жастардың моральдік, жігерлік және физикалық қасиеттерін нығайту болатын. Жарыс төрт кезеңнен тұрды. Осы жарысқа қатысқан колледж студенттері пневматикалық

винтовкадан атудан 3 орынға, автоматты бөлшектеп және жинаудан I орынға, турникке тартылудан 3 орынға ие болды. Ал жалпы колледж командалық жүлделі III орын алып, марапатқа ие болды.

Алматы облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы жастар саясаты орталығы, «Жас Отан» ЖҚ Алматы облыстық филиалының ұйымдастырумен мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру, облыс көлеміндегі мәдени өмірдің және өнер мен өркениет мәдениетінің дамуына белсене араласу, жастардың шығармашылықтарына қолдау көрсету, талантты жас дизайнер-суретшілерді анықтау, жастардың бос уақыттарын тиімді пайдалану және діни экстремизм мен терроризмге жол бермеу мақсатында колледжде 19 мамыр күні Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына орай «Жас маман-2015» атты жас дизайнер-суретшілер байқауы өтті. Бұл байқауға облысымыздың түкпір-түкпірінен келген 12 суретші студенттер қатысты. Атап айтсақ, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер Академиясының, А. Кастеев атындағы Көркемсурет мектебінің студенттері қатысты. Байқау 3 кезеңнен тұрды: таныстыру, тест, шығармашылық жұмыс т.б. Бұл байқаудың қорытындысы бойынша I-ші жүлделі орынды Талдықорған гуманитарлық-техникалық колледжінің «Көркемсурет жұмыстарын орындаушы» мамандығы бойынша оқитын III-курс студенті Бакытнұр Абылай (жетекшісі ө/о шебері А.Т.Асқаров) иеленсе, II-ші жүлделі орынды тағы да осы колледждің «Көркемсурет жұмыстарын орындаушы» мамандығының II-курс студенті Уркинбаев Сағым Құсайынұлы (жетекшісі ө/о шебері Ж.Қ.Беков) иеленді. Жеңімпаз студенттер «Құрмет грамотасымен», бағалы сыйлықтармен марапатталды. Сонымен қатар биылғы оқу жылында колледж рәміздерін қабылдады, осыған орай «Колледж рәміздері-колледждің мақтанышы» атты Гимн байқауы өтті. Кез-келген мемлекеттік рәміздердің ең маңыздысы - Гимн. Біздің Гимн-колледжіміздің салтанатты әні. Оның сөздерінде колледждің 35 жылғы тарихы, бүгінгі өмірі мен келешек арманы айтылған. Колледждің әр студенті, әрбір қызметкері осы Гимнді жатқа білуі тиіс. Бұл Гимн колледж жастарының жүрегіне жақын, бәрінің көңілдерінен шыққан, терең отаншылдық сезімдегі бейресми гимні болмақ. Гимннің сөзін жазған колледжіміздің есепшісі Исаханова Назерке, әнін жазған Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның дәстүрлі әншісі Есенгельдинова Сая екені біреу білсе, біреу білмеуі мүмкін.

ҚР Білім және ғылым қызметкерлерінің Талдықорған аймақтық кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен «Ұлы Отан соғысы жеңісінің 70 жылдығына» орай қала оқу орындары арасында спорттың 4 түрінен (волейбол, шахмат, тоғызқұмалақ, жеңіл атлетика) спартакиада жарысы ұйымдастырылды. Оған колледж ұжымынан құралған команда қатысты. Бұл спартакиадада ұжым – тоғызқұмалақтан – II орынға, Жеңіл атлетикадан – III орынға, волейболдан – III орынға, шахматтан – ерлер II орынға, әйелдер арасынан – III орынға ие болып, ақшалай сыйлықпен, мақтау қағазымен марапатталды. Сонымен бірге колледж ұжымы қалалық, облыстық іс-шараларға белсене қатысады. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында Талдықорған политехникалық колледжінің 80 жылдығына орай ұйымдастырылған «Ұлттық басқа-тілім қазақ» атты колледждер арасындағы өткен қалалық байқауында оқытушы А.М. Абельданованың жетекшілігімен колледж студенті Бедарева Виктория I орынға ие болса, облыстық әдістемелік кабинеттің ұйымдастырумен өткен «Қоғамдағы ақпараттандыру жағдайындағы инновациялық оқыту» тақырыбында өткен облыстық педагогикалық оқуларда шығармашылық жетістігімен ерекшеленгені үшін колледжіміздің өндірістік оқыту шебері Б.А. Самалбаева «Алғыс хатқа» ие болды. Әлия Молдағұлованың 90 жылдық мерейтойына арналған әдеби музыкалық композицияға белсене қатысқандары үшін колледждің музыка

жетекшісі Ұ.Ә. Джакубаева мен студенті Малисова Гүлсім грамотамен марапатталса, Көксу Ауылшаруашылық колледжінде Алматы облыстық әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен Ұлы Отан жеңісінің 70 жылдығына орай «Екі жұлдыз» атты патриоттық әндер байқауында «Жүректі әншілер» номинациясына ие болды.

Тәуелсіздік күніне орай өткізілген «Жырым сенсің-мәңгілік Ел» атты қалалық әскери-патриоттық әндер бауқауында колледжіміздің I курс студенті Хасенов Мирас жүлделі II орынды жеңіп алды. Сонымен қатар, колледждің математика пәнінің оқытушысы А.М. Абельданова Талдықорған агротехникалық колледжінде ұйымдастырылған қала оқу орындары арасында математика пәні бойынша олимпиадаға студенттер қатыстырып, жүлделі I, II орынды иеленді.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне арналған қала оқу орындары жас оқытушылары арасындағы «Тәуелсіздік-тірегімі!» атты рефераттар байқауында колледж оқытушысы Д.Қ. Идрисова жүлделі бірінші орынды иеленді.

Алматы облысы жастар саясаты орталығы «Жас Отан» облыстық филиалының ережесіне сәйкес Талдықорған колледждер арасында «Денсаулық-зор байлық» атты денсаулық күніне арналған спорттық іс-шараға колледж студенттері қатысып жүлделі орындарға ие болды.

XXI ғасыр – білімділер мен бәсекелестік ғасыры. Қазіргі жаһандану заманының басты мақсаты – білім беру жүйесінің тиімділігін арттыру, білім беруде жоғары сапаны қамтамасыз ету. Қай кезеңде, қай қоғамда болмасын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Бүгінгі мемлекет алдындағы басты міндеттің бірі - білім беру жүйесін жаңарту болып отыр.

Осы мақсатта Талдықорған гуманитарлық-техникалық колледжінде Алматы облысының әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен «Жалпы білім беру және арнайы пәндерді оқытудағы білім беру кеңістігінің сабақтастығы» тақырыбында облыстық семинар өтті. Семинардың мақсаты - жалпы білім беру және арнайы пәндерді оқытудағы білім беру кеңістігінің сабақтастығын іс-тәжірибе арқылы насихаттау. Семинарды Алматы облыстық әдістемелік кабинеттің меңгерушісі Қабдұлова Алуа Жанатайқызы ашып, қонақтар мен семинарға қатысушыларды семинардың мақсаты мен міндеттерімен таныстырып өтті. Сонымен қатар, колледж директоры Жұмаділов Асет Қазіұлы колледж тарихымен, оның материалдық-техникалық базасымен таныстырып, колледж бойынша қысқаша экскурсия жүргізіп өтті. Колледждің орыс тілі және орыс әдебиеті пәнінің оқытушысы А.К.Джумадилова шебер сынып көрсетсе, сызу пәнінің оқытушысы Б.З. Адильбекова, химия пәнінің оқытушысы А. Ахметова, информатика пәнінің А. М. Бюлюкеева семинарға қатысушыларға өздерінің ең үздік ашық сабақтарын өткізді. Онда оқытушылар студенттердің танымдық қабілетін дамыту, шығармашылық белсенділіктерін жетілдіру мақсатында жалпы білім беретін пәндермен мамандықтың байланысының тиімді әдістері мен тәсілдерін көрсете білді.

Пән оқытушыларының өткізген ашық сабақтары мен шебер сыныптары жоғары әдістемелік деңгейде өтті. Студенттермен жұмыс жүргізуі барысында интербелсенді тақтаның тиімділігі ерекше аталып өтілді. Өр түрлі әдіс-тәсілдерде өткізілген ашық сабақтардың жаңашылдығы, студенттердің шығармашылық қабілеттерінің артуынан, өзін және өзара бағалаудың ұтымдылығынан көрінді. «Үйренсем, қызмет сапасын арттыруға әсер ететін ұтқыр шешімдерді көрсем, өз тәжірибем қолданатын құнды жұмыстармен таныссам», - деген мақсатпен келген оқытушылар семинардың мазмұны терең, тәлімі мол екендігін жоғары деңгейде бағалап, өз пікір-тілегін білдірді. Семинар соңында Алматы облыстық әдістемелік кабинеттің әдіскерлері Г.Н.Боранбаева және Ш.Қ.Исаханова семинардың қорытындысын шығарып, өз іс-тәжірибелерін таратқан оқытушыларға сертификаттар тапсырды. Колледж педагог қызметкерлері өз білімдерін үнемі

жетілдіруде. ҚР Астана қаласындағы «Туран-Профи» кәсіби академиясының ұйымдастырумен Алматы қаласында өткен курсқа колледждің арнайы пән мен өндірістік оқыту шеберлері, ҚР Астана қаласы «**New Technologies Company**» ЖШС ұйымдастырып отырған курсқа өндірістік оқыту шебері Беков Жанаділ Қалиұлы, Адильбекова Бақыт Зиядақызы 2015 жылдың қараша айында оқуға барып өз білімдерін шыңдап қайтса, директордың ӨОІ жөніндегі орынбасары Самалбаев Б.Б. Алматы қаласында ұйымдастырлығын «Кәсіптік стандарт құрылымын оқыту бағдарламаларына жобалау технологиясы» тренингке қатысып келді.

«XXI ғасыр – білім бәсекесі ғасыры. Әлемдік білім кеңістігінің ұлан-ғайырлығы сондай, мұғалімнің аса зор мәдениеттілік пен білімдікке үнемі ұмтылысы, педагогикалық, әдістемелік деңгейінің жоғары болуын қадағалауды талап етеді. Болашаққа біздің қадам енді басталды, оның қандай болуы сіз бен бізге байланысты» - деген Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Ұстаз - жас ұрпақтың рухани сәулеткері. Ұстаз – қоғамның, халықтың болашағын тапсыратын сенімді өкілі. Олар сол сенімді ақтай отырып, зерделі де зерек, парасатты, ұлттық және адамзаттық құндылықтарды бойына дарытқан тұлғаларды тәрбиелеп келеді. Әрбір елдің келешегі мектебіне байланысты. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихи әлеуметтік, мәдени рухани болмысын дамытуда, қоғамдық өмір мен ұлттық мектепті қалыптастыруда ұстаздардың еңбегі зор.

Жас жеткіншектерді оқыту мен тәрбиелеу ісінде жақсы жетістіктерге жеткен төмендегі колледждің педагог қызметкерлері Ұ. А. Джакубаева, С.М. Кунапиянова, Б.Б. Самалбаев Қазақстан Республикасының Ғылым және білім министрлігінің Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен марапатталса, А.К. Джумадилова, К.С. Айнағұлова, Н.Е. Рысбеков және т. б. оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері облыстық білім басқармасының Құрмет Грамотасымен марапатталды.

Билығы жылы Ұстаздар мерекесі қарсаңында облыс әкімі колледж директоры А.К. Джумадиловке ҚР «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісін тапсырды. Сонымен қатар колледжіміздің оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері Абилкаримов Ш.А., Ахметова Ж.А. облыстық білім басқармасының, Идрисова Д.К., Садырбаев Р.С., Ибраева А.Қ. облыстық кәсіподақ ұйымының «Құрмет грамоталарымен» марапатталды.

Елдігіміздің елдігін айқындайтын Тәуелсіз мерекесіне орай Астана қаласында тапсырылған марапаттар өз иелеріне тапсырылды. Ол колледждің қаржылық-экономикалық үнемделуі мен материалдық-техникалық базасының өсуіне зор үлес қосқаны және кәсіпорын қызметін сапалы, заман талабына сай ұйымдастыра білген шеберлігі үшін «**Экономика мақтанышы**» орденімен колледж директоры Джумадилов Асет Қазыйұлы, еңбектегі жоғары кәсіби шеберлігі мен қаржылық есепшоттарды мақсатты істерге үнемдеп аударғаны үшін бас есепші Коптағаева Гүлнар Омарқызы «**Кәсіби сіңірген еңбегі үшін**» медальмен, «**Жылдың үздік маманы**» Ұлттық сертификатымен директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары Қалиев Жарқынбай Құрманұлы марапатталды.

«Қыран түлегіне қайтпас қанат сыйлайды, ұстаз-шәкіртіне талмайтын талап сыйлайды» демекші, біздің колледжден ұшқан түлектеріміз болашақта бәсекеге қабілетті білікті де, білгір маман иесі болатынына ұстаздар қауымы сенімді.

Біздің педагогикалық ұжым әлі де талай биіктерден көрініп, еліміздің ертеңін қалайтын жас жеткіншектерді оқытып саналы тәрбие беретіні анық.

Иә, ұстаздардың әсерлі үнмен, мәнерлеп сөйлеген сөзінен әрбір оқушыға деген қамқорлықтың, аналық, әкелік сезімнің, дана ойдың ыстық лебі есіп тұрғандай. Адамның жан дүниесін түсініп, ренжітпей, қателігін сездіре білу-бұл нағыз шеберлік емес пе?!

Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ болары анық. Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, мал бағып терін төккен шопан да, көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер де бәрі - бәрі ұстаздан білім, тәлім алған, сондықтан ұлағатты ұстаздарға бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді. Әрбір тұлға өмірінде үлкен тәрбие мен таусылмас білім ошағын санасына ұялатқан ұстазын мәңгілік есінде сақтайды. Нағыз мұғалім, міне, осы! Шәкірті өзінен озған ұстаз - еңбегі ақталған ұстаз. Сондықтан да, ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді.

Тәуелсіз Қазақстанда өркениетке бастар жолдың бастауы - мектеп десек, мектептің басты тұлғасы, жүрегі - мұғалім. Ұрпақ болашағы, халқымыздың келешегі қазіргі ұстаздардың қолында. Өйткені, әрбір мемлекеттің өсіп өркендеуінің, бәсекеге қабілетті болуының ең басты ошағы - ұстаз берген білімде. Сондықтан да, дамудың ең биік көкжиегінен көрінгісі келген кез келген мемлекет ең алдымен, білім беру саласын дұрыс жолға қойып, сапасын көтеруді мақсат етеді.

ӘОЖ: 37.018

### **МҰҒАЛІМДЕРДІҢ АҚПАРАТТЫҚ-КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРДЕ ҚАРАСТЫРЫЛУЫ**

**Уайдуллақызы Э.**

*(Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті)  
аға оқытушы, PhD доктор, Алматы қаласы*

**Султанова Г.С.**

*(Алтай мемлекеттік университетінің 2 курс аспиранты)  
Барнаул қаласы*

Бүгінде бастауыш сыныптардың барлық пәндері бойынша Республикалық ақпараттану орталығы дайындаған электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны басқа да электронды ресурстарды пайдалану арқылы ұйымдастырылуы көзделген. Ол үшін мұғалімдердің ақпараттық-кәсіби құзыреттіліктері қалыптасқан болуы керек. Сонда ғана оқушылардың оқуға қызығушылығын арттырып, оқыту үдерісінде жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындатуда ақпараттарды тауып, оны сақтап, жүйелеуге, электрондық оқулықтардағы модульдік тапсырмаларды өздігінен шешетін, шығармашыл тұлға қалыптастыра алады.

На сегодняшний день по всем предметам начальных классов нацелено преподавание с использованием электронных учебников, интерактивной карты и других электронных ресурсов. Для этого должно быть сформирована информационно-профессиональная компетенция учителей. Только тогда они могут повысить интерес учеников в образовательном процессе и сформировать творческие личности, которые смогут самостоятельно найти, сохранить, систематизировать информацию для исполнения заданий, на высоком уровне.

Nowadays e-books prepared by the republican center of informatics for all subjects of primary classes such as interactive boards and other electronic resources provided in the organization are planned. It is necessary for teachers to be informational and professional skilled. In this case the interest of students to study will rise and they will be able to find the information for solving the tasks of high difficulty, to save and organize it as well as to be confident and creative while solving e-books modular tasks.

**Кілт сөздер:** мұғалім, ақпарат, құзырет, ақпараттық құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік.

Қазіргі мұғалімдердің ақпараттық мәдениеті білімдік және қызметтік болып екі түрге бөлініп, қарастырылады. Білімдікке кәсіби білімділік пен кәсіби бағдар жатады, ал қызметтікке кәсіби ізденіс пен кәсіби тәжірибе жатады. Кәсіби лайықтылық – оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың тиімді әдістерін табуға және дамытуға бағытталған ойлау стилінің қалыптасуы [1].

Кәсіби шеберлік – кәсіби сауатты шешім қабылдай білу тәжірибесінің болуы.

Ақпараттық мәдениет – тек компьютермен дұрыс жұмыс істей білу емес, кез келген ақпарат көзін – анықтамаларды, сөздіктерді, энциклопедияларды, теледидар бағдарламаларын, т.с.с. дұрыс пайдалана білу, ақпараттық мәдениет – әңгімелесе білу, теледидар, хабарды (интернетті) талғамды түрде қарау, алынған мәліметті ой елегінен өткізіп, талдай білу және өзгелердің еркіндігіне әсер ететін жағдайларда өз еркіндігінді шектей білу деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Ақпараттық мәдениет дегеніміз – ақпараттар мен жұмыс істеу технологияларын және тәсілдерін, іздеу, беру, ақпараттарды өңдеу мен талдау дағдыларын меңгеру болып табылады [2].

Сонымен, бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық мәдениетінің мазмұны екі бөліктен: білім жүйесі және қызмет жасаудан тұрады (сурет 1).

Адамның ақпараттық мәдениеті – педагогтың да, білім алушының да білім алу әрекеттеріне қажетті жалпы адамзат мәдениетінің бір бөлігі, ғылыми білім алу әрекеттері құрамындағы олардың ақпараттық әрекеттерінің сапалы сипаты болып табылады. Ақпараттық мәдениет ақпараттық ортамен өзара әрекет етуде білім, дағдылар, шеберліктер мен шартты нұсқаулар кешенінің болуымен сипатталады, ол арнайы ақпараттық үдерістерді жүзеге асыруда байқалады [3].

Сауатты педагог өзінің ақпаратқа зәру екенін түсінуі керек, оны нақты шешім қабылдау үшін ұқсастыра білуге, таратуға, бағалауға және тиімді қолдана білуге қабілетті болуы керек. Ақпараттық мәдениет ақпараттық әрекеттерге деген қызығушылықта, оның білім алу үдерістеріндегі маңызды рөлін түсінуде, ақпараттар көздерін саналы түрде таңдай білуде және оларды өңдеудің алгоритмдерін меңгеруде, дәстүрлі, электрондық, желілік және басқа да ақпараттық қорларды кешенді қолдануда, өзін ақпараттарды тасушы және таратушы ретінде сезіне білуде, белсенді ақпараттық мінез-құлық та байқалады [4].

Болашақ педагогтардың ақпараттық құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесіне байланысты зерттеулердегі түйінді ойлардың біздің жұмысымыз үшін маңызы зор. Осыған орай, еліміздің бірқатар ғалымдарының зерттеу жұмыстарын қарастыра отырып, төменде берілген ақпараттарды негіздеу жүйесін ұсындық:

- ақпараттық ізденісті жоспарлау: өзіндік жұмыстың тақырыбына сәйкес ақпаратты іздестірудің жоспарын құрып, оны орындауда қажетті шешім қабылдайды.

- алғашқы ақпаратты алу: өзіндік жұмыстың тақырыбына сәйкес ақпарат құралдарына өздігінен мониторинг жүргізіп, статистикалық, тарихи көздерден, ақпараттарды алуды жоспарлайды.

- екінші қайтара ақпаратты алу: орындалатын өзіндік жұмыстың мақсатын түсініп, өздігінен анықтаған ақпараттар бойынша мәліметті ала алады.

- ақпаратты алғашқы өңдеу: қажетті ақпараттарды өзі таңдаған күрделі жұмыстарға сәйкесжүйелейді.

- ақпараттарды өңдеу: тексеруге қажетті ақпаратты өздігінен шығарады және ақпараттың нақтылығын тексеру тәсілдерін қолдананып, түрлі көзқарастарды сыни талдау немесе алғашқы ақпарат пен соңғы ақпаратты салыстыру негізінде

қорытынды жасайды, өзінің алған дәйектерін немесе өздігінен алған құзыреттілігін қалыптастырады.



Сурет 1 – Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық мәдениеті  
Ескурту: автормен құрастырылған

Бүгінгі білім алушы ертеңгі маман екенін ескерсек, ақпараттық-кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан мұғалім болуы үшін автордың ұсынып отырған құзыреттілігін толық меңгеруі тиіс деп есептейміз.

Мұғалімнің ақпараттық құзыреттілігі оның кәсіби құзыреттілігінің бір бөлігі болғандықтан, бүгінгі күні білім беру үдерісінің сапасын арттыратын құралдардың негізгісі ретінде танылады. Ақпараттық құзыреттілік педагогтың ақпараттық ортамен әрекеттесуін қамтамасыз ететін білімдер, біліктер, дағдылар және рефлексивтік бағыттардан түзіледі. Бұл мәселені қарастырған авторлар зерттеген ғылыми салаларына байланысты әртүрлі құрылымда қарастырады [5].

Атап айтсақ, С.В.Тришинаның еңбегінде ақпараттық құзыреттіліктің төмендегідей компоненттерін айқындаған:

1) когнитивтік – ақпаратты талдау, өңдеу, алу, жіберу, болжау, сақтау. Басқаша айтқанда, кәсіби әрекетте ақпаратты пайдалана алу жайлы білімдердің болуы;

2) құндылық-мотивациялық – тұлғаныңөзін өзі жетілдіруіне әсер ететін ақпаратқа деген қызығушылықтар мен оны меңгеруге деген құндылықтары

3) техникалық - технологиялық – негізгі құрал компьютер арқылы ақпараттық оқу мақсаттарына сай материалдармен жұмыс жасай алу;

4) коммуникативтік – қарым қатынас орнату, хабарды жеткізу үшін тілдерді (вербальді, вербальді емес) пайдалана алу;

5) рефлексивтік – тұлғаның ақпараттық ортада өз орынын айқындайтын өзіндік санасы мен өзіндік бағасы, басқалар жайлы пікірі. Сонымен қатар, төмендегідей компоненттерді де қарастырады:

1) құндылық-мотивациялық компонент – компьютерлік технологилар арқылы білім алуға қызығушылықтың болуы;

2) когнитивтік компонент – ақпаратпен жұмыс жасау білімдері мен біліктері;

3) іс-әрекеттік компонент – ақпарат алу үшін ақпараттық технологияларды пайдалана алу;

4) педагогикалық рефлексия – кәсіби әрекет барысындағы өзіндік сын мен өзін өзі жетілдіру [6].

Е.Ы.Бидайбеков студенттерді ақпараттық технология құралдарын қолдануға әдістемелік тұрғыдан дайындау мәселесін зерттеген. Білімдендіруді ақпараттандырудың жалпы мәселелері, оның бағыттары, оны жоғары оқу орындарында мамандар дайындау мен бағыты ретінде қарастырған [7]. Сонымен қатар, автор мұғалім еңбегінің тиімділігін арттыруға бағытталған қазіргі кезде жасалынған, жалпы орта білім беру жүйесінде пайдаланылатын бағдарламалық құралдарды атап көрсеткен. Олар:

- өзінің кәсіби қызметін іске асыру үшін қажет;
- ақпараттық ресурстар мен электрондық ақпараттарға қол жеткізу құралдары;
- оқытудың мазмұны мен әдістерін жоспарлау құралдары;
- мұғалімнің қолында бар, оқу және әдістемелік ресурстың әрқайсысын пайдалануды жоспарлаудың ішкі жүйесімен қоса, оқу және әдістемелік материалдарды қысқа және кеңейтілген сипаттау құралдары;
- оқу сабақтарын, сабақтан тыс шараларды, мектеп оқушыларының өзіндік қызметтерін жоспарлау мен ретке келтіру құралдары;
- әр оқушы мен әр сабақ бойынша жекеленген мәліметтерді ескеруге мүмкіндік беретін жүйелер мен мәліметтер қоры;
- оқушылар мен оның ата-аналарымен тез қарым-қатынас жасауды жолға қоюға мүмкіндік беретін телеқатынастық құралдар, әр оқушы оқуының нәтижелері мен барысы туралы ата-аналарына ақпарат беру құралдары жататындығын атап өтуге болады. Біз автордың пікіріне қосыла отырып, ақпараттық құралдарды пайдалану мұғалімдер үшін де тиімді екенін ескере отырып, тәжірибеге енгізу қажет, - деп санаймыз.

Мұғалім келесі іс-әрекеттерді АКТ көмегімен орындауды іске асыра алса, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар аймағында құзыретті болады:

- оқыту үшін қосымша ақпараттарды Интернет-қорларды пайдаланып іздеу және сұрыптау жүргізе алады;
- білім беру ақпаратын түрлі компьютерлік орталарды пайдаланып оқушыға ұсынады;
- өзінің кәсіби деңгейін көтеру мақсатында Интернет-конференцияларға, оқытушылардың желілік бірлестіктерінің жұмыстарына қатысады;
- стандартты қосымшалар мен бағдарламалық қабықшалардың негізінде оқушылардың білімін рейтингтік бағалау жүйесі мен компьютерлік тесттер жасай алады;
- Интернет-қорлардан оқуға арналған өзінің мәліметтер қорын қалыптастырады;
- стандартты қосымшаларды пайдаланып электронды тасымалдаушылар-да оқу материалдары мен оқулықтар жасайды;
- оқушыларды оқыту және тәрбиелеу мақсатында дайын мультимедиялық жасалымдарды қолданады;
- стандартты қосымшалар мен арнайы компьютерлік бағдарламалардың көмегімен оқу-тәрбиелеу үдерісін басқарады.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды толық меңгеруі тиіс екенін ескерсек, жоғарыда аталған құзыреттіліктерді жетік білгеннен кейін ғана оларды оқыту үдерісінде әр пәнде еркін қолдана алатын болады. Бұл өз кезегінде мұғалімнің компьютерлік танымдық-ойындарды, тапсырмаларды дайындауы мен оларды орындауда оқушылардың білім алуға деген қызығушылығы мен белсенділігін арттыратыны сөзсіз.

Ақпараттық технологияларды пайдаланудың білім берудегі әлеуеті көп жоспарлы және мынадай жаңа мүмкіндіктерді береді:

- білім беру мазмұнын таңдаудың әдістемесі мен стратегиясын жетілдіру; жаңа оқу пәндерін енгізу мен дамыту; сондай-ақ әдеттегі пәндерді оқытуға өзгерістер енгізу;
- оқытудың тиімділігін, жекеленуі мен дифференциациялануын көтеру, кәсіби дайындық үрдісінде өзара әрекеттесудің жаңа формаларын ұйымдастыру, білім алушы мен білім алатынның іс-әрекеттерінің мазмұндары мен сипатын өзгерту;

- оқу үдерісін басқаруды, оны жоспарлауды, ұйымдастыруды, бақылауды жетілдіру, білім беру жүйесін басқаруды жаңарту.

Мына жағдайлардағы:

- үлгілеу арқылы танымдық әрекеттерді ұйымдастырудағы;
- мультимедиа құралдарының көмегімен кәсіби араласудың типтік жағдайларын боямалаудағы;
- алған білімдерді жаңа жағдайларда қолданудағы;
- меңгерілетін шеберліктер мен білімдерді тиімді жаттықтырудағы;
- оқыту нәтижелерін автоматты түрде бақылаудағы;
- кері байланысты орната білу қабілеттілігіндегі;
- шығармашылық ойлауды дамытудағы;
- көзбен шолу және дыбыстық формаларды оқу бағдарламаларында біріктіру мүмкіндіктеріндегі – ақпараттық технологиялардың басымдығы қарқынды көтеру арқылы практиканы өткізу үдерісін тездету, оқытуды жекелеу, жағдайларды үлгілеу, әр үйренушінің белсенді уақыты мен көрнекілікті көбейтумен байланысқан көптеген мәселелерді шеше алады.

Ақпараттық технологиялардың көмегімен оқытуды ұйымдастыру ұстанымдарын дайындай отырып, бір жағынан, оқытудың негізі ретіндегі ақпараттық технологиялар тәсілдерінің дидактикалық ерекшеліктері мен оқыту функцияларын, ал екінші жағынан, қазіргі деңгейде білім берудің жалпы жүйесінің элементі ретіндегі осындай оқытудағы дидактикалық ұйымдастыру бағыттарын назардан шығармаған жөн. Ең алдымен компьютерлік әдісті технологиялық көзқарас тұрғысынан елестету керек. Компьютерлік оқытудың мотивациялық әлеуеті өте зор. Мұнда дұрыс құрастырылған электрондық оқулық немесе компьютер оқытушыға оқу үдерісінде жекелеуге немесе дифференциациялауға көмектеседі, сонымен қатар компьютер-құпиялықты сақтаудың кепілі бар.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы 11.10.2004ж. №1459 бұйрығы // <http://www.e.gov.kz> сайты.
2. Шишов С.Е. Macromedia Flash ортасында анимация жасау мүмкіндіктері // <http://infust.kz/>. 2013ж.
3. Ховов О.Б. Технология организации самостоятельной работы // В сб. научных докладов международной конференции «Проблемы непрерывного профессионального образования в странах, переходящих к устойчивому развитию». - М.: Изд. АМИ, 1998. - Ч.1. - С. 142-145.
4. Зимняя И.А. Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентностного подхода в образовании. - М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004. - 42 с.
5. Кудайкулов М.А., Нурпеисова С.А., Кудайкулов С.М. Дидактическая технология инновационного обучения: учебно-методическое пособие. - Алматы: 2011. – 162 с.
6. Жадрина М.Ж. Развитие компетенций в условиях профильного обучения // Открытая школа. - 2006. - №1 (50). - С. 3-7.
7. Гершунский Б.С. Компьютеризация в сфере образования. Проблемы и перспективы. - М.: Педагогика, 1987.

## **ЕСТЕСТВОЗНАНИЯ**

ӘОЖ 551.79:572.1/4 (091)

## ЖЕТИСУ АЛАТАУЫНЫҢ ҚАР МЕН МҰЗ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ТҮЗІЛУІНЕ ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

Дюсембинова Сауле Мырзабековна аға оқытушы, магистр

Смагулова Дина 4 курс студенті

*І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қаласы,  
saule\_dyusembinova@mail.ru*

Мақалада Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігіндегі Қытай халық республикасымен шектесетін табиғи шек болып табылатын Жетісу Алатауының табиғатының алуан түрлілігімен ерекшелігі, мұздықтарындағы су қоры, және оны пайдалану мүмкіндіктері, көлемі мен қазіргі мұзбасулар және олардың шегінуіне байланысты туындаған түйінді мәселелер қарастырылған.

В статье рассмотрены разнообразие и особенности природы Жетысуского Алатау, расположенного на границе юго-восточной части Казахстана и Китайской Народной Республики, водный запас ледников и возможности их использования, территории, занятые ледниками и современные проблемы, связанные с отступанием ледников.

The article describes the variety and the features of nature of Zhetysu Alatau, located on the border of the south-eastern part of Kazakhstan and China, the water reserve of the glaciers and their possible use, the territory occupied by glaciers and modern problems related to the retreat of glaciers.

**Кілт сөздер:** Жетісу Алатауы, мұзбасылулар, табиғаты, геологиялық құрылысы, биік, аласа, таулар, жоталар, қыраттар, ойпаттар, шоқылар, белдеулер.

Жетісу Алатауының жалпы ауданы 32 мың шаршы шақырым, ұзындығы 450, ені 100 шақырым. Тау жүйесі субендік және ендік бағытқа созылған солтүстік-орталық және оңтүстік-орталық жоталар тізбегінен тұрады. Олардың аралықтарын Қоңырөлең, Қапал, Сарыбөктер, Сапақ-Айпара сияқты үш деңгейлі ірі тектоникалық ойыстар бөліп жатыр.

Оңтүстік орталық жотаның бір бөлігі Қытай Халық республикасының аумағына ұласады. Көксу мен Боратола өзендерінің суайрығы болып табылатын Қоңыроба таулы алқабында солтүстік және оңтүстік орталық жоталар тізбегі бір-бірімен түйілісіп бір-тұтас тау жүйесін түзеді. Солтүстігінде 44°-46°30' с.е., 76°24'- 82°30' ш.б., аралығында орналасқан Жетісу Алатауының аумағы Миланның, Лион мен Женеваның ендіктеріне сай келеді [1].

Тау жүйесінің солтүстік-шығыс шекарасы 500 шақырымға созылып жатқан Алакөл-Ебінұр ойыстары арқылы өтеді. Шолақ үстіртін Барлық-Майлы тауларынан ені 10-15 км Жоңғар (Қаптағай) қақпасы бөліп тұр. Батысында абсолют биіктігі 1200-1500 метрден орталық бөлігінде біртіндеп биіктейді.

Ең биік нүктесі Бесбақан шыңы (4622 м). Басты жоталардың біліктік бөлігінің ірге тасы каледон мен герцинді гранитоидтарынан тұратын ірі антиклинорилі құрылымдар болып табылады. Герцин қатпарлығында түзілген Жетісу Алатауының жер бедерінің қазіргі пішіндерінің қалыптасуына неотектоникалық қозғалыстар мен ежелгі төрттік мұзбасулары әсер етті.

Негізгі жоталар тізбектерінің аралықтарын үш деңгейлі опырылмалы ойыстар бөліп жатыр. Сондықтан сыртынан қарағанда алып баспалдақ тәрізді болып келетін Жетісу Алатауын абсолют биіктігіне қарай төмендегі топқа бөледі:

- 700-1600 метрге жететін аласа таулы;
- 1600-3000 метрге дейінгі биіктікті қамтитын орташа биік;
- 3000-4500 метрге дейінгі биіктік аралығын қамтитын биік таулы.

Бірінші төменгі деңгейдеге аласа тауларға сыртқы күштердің әсерінен бұзылған Кеттібай-Борлы, Арғанаты, Малайсары, Лабасы, Қатутау сияқты аридті климат жағдайында күшті денудацияланған көлбеулігі 15-20<sup>0</sup>, салыстырмалы биіктік айырмасы 400-500 метр аралығында ауытқитын қалдық таулар жатады.

Жетісу Алатауының етегіндегі кең көлемді аумақта шашырай орналасқан аласа таулы алқаптарды негізгі жоталардан Күреңбел, Қоғалы сияқты тау аралық ойыстар бөліп тұрғандықтан орташа биік тауларға ұласатын бір тұтас белдеу түзбейді. Оларды тауалды жазықтары мен орташа биік таулы белдеулерден тік беткейлі кемерлер бөліп тұрады.

Аласа таулы жер бедері оңтүстік-батысында ұсақ шоқылы қалдық таулы, солтүстігінде адырлы, белесті-төбелі болып келуімен ерекшеленеді. Жылу мен ылғалдың таралу ерекшеліктеріне сәйкес аласа таулардың теңіз деңгейінен 600-800 метр аралығындағы биіктікте таудың сұр топырағында өсетін жусанды-астық тұқымдас шөлейт, 800-1300 метр биіктік аралығында ашық қызғылт-қоңыр топырақты бетегелі-бозды құрғақ дала, 1300-1600 метр аралығындағы биіктікте күнгірт қызғылт-қоңыр топырақты астық тұқымдас әртүрлі шөптесін өсімдікті дала, орташа биік таулы белдеумен шектесетін сай-салар мен шатқалдарда таудың қоңыр топырағында аршалы-көктеректі тоғайлар мен бұталы шалғындар қалыптасқан [2].

Екінші деңгейдегі биіктік белдеуіне ежелгі төрттік мұзбасуларының абляция аймағында түзілген ысырылу конустары айқын байқалатын денудациялық-тектоникалық және эрозиялық-скульптуралық жер бедері тән пенепленденген Маркатау, Қайрақкөл, Желдіқарағай, Суық, Такыр, Жабық, Алтынемел, Жаманқотыртас таулары жатады. Орташа биіктіктегі таулардың беткейлері шамамен 480 мың жыл бұрын басталған Миндаль, Рисс, Вюрм мұзбасуларының аңғарларымен тілімделген.

Қоректену аймағында кең қолатты беткейі тегіс текшелер, қозғалу аймағында тар шатқалды тік беткейлі терең өзен аңғарлары мен сай-салалар, мұздықтардың тілі тоқтап қарқынды еритін абляция аймағында «Мыңшұңқыр» сияқты циркті ойыстар мен ысырынды моренналы төбелер мен жалдар түзілген. Ірі кристалды гранитті жыныстар жер бетіне шығып жатқан, ежелгі жабын мұздықтардың тасмалдау аймағы болып табылатын Жаманқотыртас, Киікбай сияқты орталық массивтерде маңызды туристік нысан болып табылатын бұйраланған жартасты бағаналар мен жұмырланған қойтастар пайда болған. 1600-3100 метр биіктік аралығын қамтитын орташа биік таулы белдеудің ландшафтысы Жетісу Алатауының барлық ірі жоталар тізбегін толығымен қамтиды [3].

Тау жүйесінің батысқа қарай еніс болып келетін Аманбөктер, Теректі, Айдаусай, Ойжайлау-Сарбөктер, Сапақ-Айпара сияқты тауаралық иіндерінде беткі үгілулер дамыған. Бұл биіктік белдеуінен денудациялық беткейлермен қатар әртүрлі геологиялық құрылымдарды кесіп өтетін биік құз жартастар мен қорымдар, қар аңғарлары сияқты жер бедерінің ерекше пішіндері кездеседі.

Теңіз деңгейінен 1600-2200 метр биіктік аралығында ежелгі төрттік мұзбасуларының табан эрозиясы қарқынды жүріп жатқан тар шатқалды өзен аңғарларынан жайылма үсті текшелері мен ежелгі трогтардың іздері анық байқалады.

Өсек, Бұрқан, Көксу, Сарқан, Тентек, Жаманты өзендерінің бастауларындағы тар шатқалды, тік беткейлі аңғарларында орта антропогендік

флювиальды-гляциальды ысырынды моренналы жыныстардан тұратын ежелгі мұзбасулардың іздерін анықтап, жүздеген мың жылдар бұрын өзен арнасы болған жайылма үсті текшелерін көзбен көруге мүмкіндік беретін стратиграфиялық қималары бар маңызды геологиялық соқпақтар мен бағыттар құруға болады.

Жетісу Алатауының орташа биіктіктегі таулы белдеуі орналасқан орнына байланысты төменде көрсетілген екі ландшафтылық типке бөлінеді:

- терең тілімделген шыршалы орманды және мезофидті шалғынды орташа биік таулы белдеу;

- астық тұқымдас әртүрлі шөптесін өсімдікті шалғынды таулы қыратты биік таулы белесті жазықтар.

Орташа биіктіктегі таулы белдеудің солтүстік беткейінде 1600-1800 ден 2200-2400 метр биіктік аралығында таулы орманның күңгірт түсті және таулы шалғынды топырағында балқарағайлы-шыршалы, шыршалы ормандар мен биік шөптесін өсімдікті мезофильді шалғындар, оңтүстік беткейінде таудың күңгірт қызылтқоңыр және қара топырақты ұсақ жапырақты ормандары мен бұталары, орманды шалғындар мен аршалы-шалғынды далалар қалыптасса, батыс беткейлерінің төменгі бөлігінде алмалы-доланалы жеміс ағаштары, орта бөлігінде қылқан жапырақты ормандар тараған [4].

Орта биіктіктегі таулы белдеулердің төменгі шекарасының шегіндегі тау аралық ойыстарда тау беткейіндегі алып құз жартасқа қарама-қарсы көрініс беретін кең қолаттар мен бөлінген төбелі жер бедері басым Сапақ-Айпара тектоникалық иініндегі ежелгі Миндаль мұзбасуларының әсерінен түзілген моренналы төбелердің аралығындағы ойыстарда шағын циркті көлдер жүйесі түзілген

Үшінші биік таулы белдеуде тектоникалық-денудациялық және күмбез тәрізді альпілік жер бедері басым. Оларға қазіргі мұзбасулар жүріп жатқан Тастау, Ақшұнақ, Басқантау, Қоңыроба, Тоқсанбай, Тышқантау сияқты ең биік жоталар тізбегі жатады. Жетісу Алатауының орташа және биік таулы бөліктеріндегі қазіргі кезеңдегі жер бедерінің морфомүсіндік пішіндерін қалыптастыруда сулы-мұздықты үрдістер жетекші орын алады.

Тау жүйесінің биік таулы-мұздықты бөлігіне альпілік жер бедерінің күмбез тәрізді үшкір шыңдары мен құз жартастары, 3000-3100 метр биіктіктегі күрделілігі әртүрлі асулар жатады.

Қазақстанның тау жүйелерінде орталық жағдайға ие болуына, готектоникалық құрылысының ерекшелігіне орай Жетісу Алатауы қазіргі мұздықтар сақтаған ірі аудан болып табылады. А.П.Черкасовтың деректеріне сәйкес Жетісу Алатауының Қазақстандық бөлігінде жалпы ауданы 813,9 шаршы шақырым болатын 1369 бар. Олардың басым көпшілігі Ырғайты, Тентек, Басқан, Ақсу, Көксу өзендері бастау алатын солтүстік-орталық жотада шоғырланған. Біліктік жоталардың жалдары барлық ұзындығында іс жүзінде 4000 метрден аспайды [5].

Асулары шыңдарынан орта есеппен 200-400 метр ғана аласа болып келеді. Жетісу Алатауының ең биік бөлігі болып табылатын Басқан өзенінің бастауында Бесбақан (4622м.) Абай (4990м.) және Шумский (4442м.) шыңдары орналасқан. Олар әртүрлі спорттық біліктілігі бар альпенистер үшін маңызы зор.

Таудың бұл ауданындағы ең аласа асу Талды болып табылады (3504м.). Жер бедері салыстырмалы түрде тегіс (жұмыр) болып келетіндіктен біліктік жоталардың шыңдары мен жалдарын қазіргі мұздықтардың фирин аландары жауып жатыр. Төбесі текшелі жатық болып келетін күмбез тәрізді үшкір шыңдар бұл өңірде сирек кездеседі.

Обручев, Абай, Жамбыл, Сәтбаев көптеген шындардың төбесі трапеция тәрізді тегіс болғандықтан олардың кейбірінің ұзындығы 1000-2000 метрге дейін жететінді. Осыған орай бір шыңнан екінші шыңға баратын бағыттың күрделілігі 3-4 дәрежеден аспайды

Жетісу Алатауындағы 22 біліктілік бағыттың бесеуі-1, жетеуі-2, жетеуі-3, тек төртеуі ғана күрделіліктің 4 дәрежесіне жатады. Ендік бағыттағы негізгі жоталар тізбегіне перпендикуляр бағытта созылып жатқан ежелгі мұзбасулардың экзотациялық әрекетінен түзілген бүйір жоталарыда сондай дәрежеде тілімделген. Олардың орташа биіктігі 3600-3800 метрден аспайды.

Бүйір жоталарының тармақтарын мұздықтар жауып жатпағанымен температураның тәуліктік ауытқуының, басқа да экзогендік күштердің әсерінен түзілген қорымтастар жауып жатыр. Жоталардың тік беткейлеріндегі терең қарлы ойыстарды негізінен мұздықтар жауып жатыр. Бүйір жоталарының аралықтарын өзен аңғарлары алып жатыр. Аңғардың бастауларында мұздықтардың әрекетінен түзілген циркті ойыстар кең тараған.

Қазіргі және ежелгі мұздықтардың абляция аймағындағы биік таулардан бастау алатын өзендердің арнасын мореналардың бөгеп қалуынан қар сызығының шегінде Жасылкөл сияқты (Ағыны қатты өзені) циркті көлдер түзілген.

Солтүстік-Орталық жотаның Қаратал, Қорғас, Өсек, Ақсу, Бүйен, Лепсі, Тентек, Бірғайты сияқты мұздықтардан қоректенетін басты өзендердің аңғарларының кей бөлігіне судың бұзушы әрекетінен түзілген тік беткейлі каньондарға ұласатын эрозиялық шатқалдар тән. Қалыптасу жағдайларына қарай биік таулы белдеулердің өсімдіктер жамылғысы бес топқа бөлінеді:

- таулы-шалғынды топырақты нашар тілімделген теңге жапырақты-әртүрлі шөптесін өсімдікті альпілік шалғындар;

- күшті тілімделген таулы-шалғынды топырақты әртүрлі шөптесін өсімдікті альпілік шалғындар;

- тік беткейлі жартасты жерлердегі сирек өскен әртүрлі шөптесін өсімдіктер;

- үшінші деңгейдегі биік тау аралық жазықтардың теңгежапырақты-әртүрлі шөптесін өсімдікті шалғындары;

- нивальді-гляциальді белдеудегі сирек өскен альпілік шалғынды, мүкті-қыналы қорымды жартастар.

Өсімдік жамылғыларында мезофитті, криомезофитті, криофитті аласа шалғындық өсімдіктер бірлестігі басым. Өсімдіктердің негізгі бөлігін теңге жапырақ, қоңырбас пен альпілік шалғынның әртүрлі шөптесін өсімдіктермен қатар жатаған аршадан тұратын бұталы формациялар құрайды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бірмағамбетов А.А. Қазақстанның физикалық географиясы.-Алматы: Рауан, 2004. 16-25 б.

2. Л.К.Диденко-Кислицина. Кайназой Юго-Восточного Казахстана.- Алматы: 2001.-С.7-8.

3. Физическая география Республики Казахстан /под. ред. К.М.Джаналиевой – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – С.11 -18.

4. Пальгов Н.Н. Сток ледников Казахстана.- в кн.:Гляциологические исследования. Заилийский и Джунгарский Алатау. Алма-Ата, Изд-во АН КазССР. 1965. С.26-44.Чупахин В.М. Физическая география Казахстана. Алматы: Мектеп, 2008. 83-90 бет.

5. В.М.Чупахин.Высотные геосистемы гор Южного Казахстана и Средней Азии. Алма-Ата: Наука, 2004.-С. 165-186.

**ӘОК 628.517**

**ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ АВТОБЕКЕТ, ӘУЕЖАЙ, ОРТАЛЫҚ  
ЖЕРЛЕРІНДЕ ШУ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ**

**Канагатова А.У.**

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,  
Kanagatova1975@mail.ru*

В статье рассмотрены уровни шума и их допустимые нормы наблюдаемые в центральных улицах, в районе автостанции и аэропорта города Талдықорған.

Мақалада Талдықорған қаласында орталық жерлерде, автобекет және әуежай аймақтарында байқалатын шу деңгейі мен мөлшері қарастырылған.

The following article deals with the noise levels and its permissible limits observed in the central streets, near the bus station and the airport of Taldykorgan city

Тірек сөздер: шу, шу өлшегіш, автокөлік, әуежай, шу мөлшері.

Ауаны ластаудың ерекше бір түрі – шу. Адамның айналасындағы шу көздері толып жатыр және олар алуан түрлі. Транспорт құралдары, өнеркәсіп және тұрмыс кәсіпорындарының техникалық жабдықтары, желдету, газ турбина және компрессор қондырғылары, самолет двигательдері мен іштен жанатын двигательдерді сынау станциялары аэрогаз динамикалық қондырғылар. Ол зор әлеуметтік мәні бар факторға айналып отыр. Тұрғын үйлерде, мектептерде, ауруханаларда, халық тұратын және тынығатын орындарда едәуір шу байқалады. Бұл халықтың нерв жүйесін қоздырып, тынығуға кедергі жасайды.

Организмнің ерекшелігіне және шудың дағдылы көріністеріне қарай шу адамға түрліше әсер етеді. 40 децибелден төменгі шу психикаға әсер етеді деп есептеледі. 30 децибелге дейінгі әлсіз шу (жапырақтың сыбдыры, баяу естілетін музыка) адамға жайлы естіледі, ал 90-120 децибелдің күрсіл (жүк машинасының, реактивтік самолеттің, пневматикалық балғаның, дискотекадағы музыканың дыбысы) нерв жүйесін тітіркендіріп, адамның денсаулығына да айтарлықтай зиян етеді. 60-70 децибелден басталатын даңғаза шу адамның есту қабілетін әлсіретеді, мұндай жағдай балаларда 45 децибелден кейін-ақ басталады. 80 децибелдік шу адамның ойлау қабілетін нашарлатады, артерия қысымының тербеліс өрісін арттырады, айналадағы өрістерді қабылдау қабілетін әлсіретеді. Шудың ұзақ уақыт әсер етуі вегетативтік нерв жүйесін шайқалтып, қан айналымын бұзады, гипертонияға әкеп соғады. 90 децибелдік шу адамды мүлде саңырау етеді[1]. Жалпы алғанда, шу адамның дене және рухани денсаулығына қатер төндіреді.

Қазақстан үкметінің территориясында қабылданған регламент бойынша аурухана мен санаторийларда 35 децибел, тұрғын үй кварталдары сынып бөлмелері және оқу аудиториялары үшін – 40, стадиондар мен вокзалдар үшін – 60 децибел, транспорт құралдары үшін сыртқы шудың шекті мөлшері -82-85 децибел [2].

Шу, ультрадыбыс және дірілдің табиғаты бір. Тек айырмашылықтары таралатын газды, сұйық және қатты денелер ортасындағы тербелістің берілуі. Дыбыс энергия көзі болып табылады.

Дүниежүзілік денсаулық қорғау ұйымының стандартына сәйкес, түнгі уақыттағы шудың мөлшері 40 децибелден аспауы керек[3]. Шудың осындай деңгейі

тыныш аудандарда байқалады. Егер де белгіленген мөлшерден шу асып кетсе, онда тұрғындардың денсаулығына кері әсерін тигізе бастайды. Мысалы, ұйқысыздыққа алып келуі мүмкін. Қалалардағы шудың деңгейі 55 децибелден жоғары болады.

Жүргізілген зерттеу жұмыстары Талдықорған қаласының автобекет, әуежай, орталық жерлерінде шу мөлшерін шу өлшегіштары құрал Testo 815 арқылы анықтау арқылы өткізіледі. Автобекет, әуежай аймақтарында шудың мөлшері келесі 1,2,3 кестелерде келтірілген. Бірінші кезеңде жолдың жиегінде тұрып шудың мөлшері анықталды.

Екінші кезеңде жолдың жиегінен 1 метр қашықтықта тұрып шу мөлшері анықталды. Автобекет аймағында шу мөлшері 50 минут уақыт мерзімінде жүргізілді (1 кесте) [4].

Кесте 1. Талдықорған қаласының автобекет аймағында шудың мөлшері

Автокөліктердің түрлері	шудың мөлшері, дБ
Жеңіл автокөліктер Toyota Camry, Audi A4; Lexus GS, Mercedes-Benz G 55 AMG	85
Газель Мазда 121; Мерседес, 124	88
Автобус Икарус 280	92
Камаз 44108; 65115	96
Трактор МТЗ 1221,2; МТЗ МУ 320	98

1 кесте бойынша шудың ең көп мөлшері трактор, оған жақын көрсеткіште камазда екені айқындалды, жеңіл автокөліктердің шу мөлшері нормативті көрсеткішке сай /82-85 дБ/

Шу мөлшері нормадан тыс уақыты сағат 11.00-15.00 сағатқа дейін байқалынады.

Әуежай аймағында өлшеу жұмыстары жүргізілді, жүргізген кезде келесі нәтиже алынды (2 кесте).

Кесте 2. Талдықорған қаласының әуежай аймағында шудың мөлшері

Автокөліктердің түрлері	шудың мөлшері, дБ
Жеңіл автокөліктер Audi 80, Toyota Camry, Audi A4; Lexus GS, Mercedes-Benz G 55 AMG	78
Газель Мазда 121; Мерседес, 124	84
Автобус Икарус 280	69
Камаз 44108; 65115	86
Трактор МТЗ 1221,2; МТЗ МУ 320	65
Ұшақтар ТУ-154, ТУ-134	106

2 кесте бойынша аталған автокөліктердің шу мөлшері әуежай аймағында автобекет аймағынан азырақ, себебі автобекетте автокөліктің саны көп.

3 кестеде әуежайға келетін жолдағы автокөліктердің шу мөлшері анықталды.

Кесте 3. Талдықорған қаласындағы әуежайға жүретін автокөлік жолының шудың мөлшері.

Автокөліктердің түрлері	шудың мөлшері, дБ
Жеңіл автокөліктер Toyota Camry, Honda Odyssey, Audi A4; Lexus GS, Mercedes-Benz G 55 AMG	63
Газель Мазда 121; Мерседес, 124	75
Автобус Икарус 280	58
Камаз 44108; 65115	77
Трактор МТЗ 1221,2; МТЗ МУ 320	65

3 кесте бойынша барлық алынған зерттеу нысандары бойынша ең аз шу мөлшері әуежайға жүретін автокөліктің жолында байқалады. Бұл шу мөлшері зерттеулердің бірінші кезеңі, ауаны ластайтын шу мөлшері автокөлік санына яғни, жолда өту жиілігіне байланысты. Автобекет автокөліктердің шоғырлану тығыздығы жоғары көліктер саны көп, осы тұрғыда ауадағы шу мөлшерін автокөлік санына, уақытқа байланысты анықтып зерттеу жұмыстарын жалғастыруды талап етеді.

Зерттеу жұмысы барысында шу өлшегіш құрал арқылы Жансүгіров көшесі мен Тәуелсіздік көшелерінің қиылысындағы шудың мөлшерін (4-5 кестелер), Қабанбай батыр көшесі мен Шевченко көшесінің қиылысындағы шудың мөлшері анықталды (6-7 кестелер) .

Кесте 4. Жансүгір көшесі мен Тәуелсіздік көшелерінің қиылысындағы (жолдың жиегіндегі) шудың мөлшері

Автокөліктердің түрлері	шудың мөлшері, дБ
Жеңіл автокөліктер Toyota Camry, , SUBARU BRZ, Audi A4; Lexus GS, Mercedes-Benz G 55 AMG	77
Газель Мазда 121; Мерседес, 124	86
Автобус Паз 32053, Kia Granbird	92
Камаз 44108; 65115	96
Трактор МТЗ 1221,2; МТЗ МУ 320	95

Кесте 5. Жансүгір көшесі мен Тәуелсіздік көшелерінің қиылысындағы (жолдың жиегінен 1 метр алшақ) шудың мөлшері

Автокөліктердің түрлері	шудың мөлшері, дБ
Жеңіл автокөліктер Toyota Camry, Audi A4; Lexus GS, Mercedes-Benz G 55 AMG	70
Газель Мазда 121; Мерседес, 124	81
Автобус Паз 32053, Kia Granbird	88
Камаз 44108; 65115	89
Трактор МТЗ 1221,2; МТЗ МУ 320	87

Зерттеулер нәтижесінде қазіргі заманғы автобустардағы және газельдердегі шу деңгейі 92 ДБ.

Кесте 6. Қабанбай батыр көшесі мен Шевченко көшесінің қиылысындағы (жолдың жиегіндегі) шудың мөлшері

Автокөліктердің түрлері	шудың мөлшері, дБ
Жеңіл автокөліктер Toyota Camry, Audi A4; Lexus GS, Mercedes-Benz G 55 AMG	70
Газель Мазда 121; Мерседес, 124	84
Автобус Паз 32053	88

Кесте 7. Қабанбай батыр көшесі мен Шевченко көшесінің қиылысындағы (жолдың жиегінен 1 метр алшақ) шудың мөлшері

Автокөліктердің түрлері	шудың мөлшері, дБ
Жеңіл автокөліктер Toyota Camry, Audi A4; Lexus GS, Mercedes-Benz G 55 AMG	78
Газель Мазда 121; Мерседес, 124	85
Автобус Паз 32053, ИВЕКО IVECO 2015	90

Қорыта айтқанда Талдықорған қаласында шу мен ластану негізгі мәселе болып келеді. Қала көшелерінде көліктер өте тығыз, шудың деңгейі жоғары, сондай-ақ атмосфераның шумен ластануы да байқалып отыр. Қаланың зерттеу нысандарында: автобекет, көше қиылыстары, әуежай шу мөлшері орташа есеппен бір деңгейде. Шуды азайту шараларыда бір типті болуы мүмкін. Тез арада ауыр жүк көліктері қаланың сыртынан жүретіндей жағдай жасау керек және жеке шуды көп шығаратын автокөліктің қозғалысына шектеу қою туралы шешімдер қабылдау қажет. Бұл жердегі эквивалент деңгейі 72-88 дБ аралығында ауытқып отырады [5].

Қала көшелерінде көліктер тығыздалып келеді, шудың деңгейі жоғары, сондай-ақ атмосфераның шумен ластануы байқалып отыр.

- 1) Барлық алынған зерттеу объектілері бойынша ең аз шу мөлшері әуежайға жүретін автокөліктің жолында байқалады;
- 2) Зерттеулер нәтижесінде қазіргі заманғы автобустардағы және газельдердегі шу деңгейі 92 ДБ;
- 3) Күндізгі түскі уақытында барлық ірі көшелерде шу мөлшері нормадан тыс байқалады;
- 4) Автобекет аймағында түскі уақытында шу мөлшері нормадан тыс байқалады, себебі автобустармен қатар газельдер және жекеменшік автокөлікпен такси ретінде жүрген көлік өте көп.

Қалаларда шудың негізгі шығу көзі транспорт, соның ішінде автокөліктер болып табылады. Елді мекендерді транспорттық шудан қорғау үшін келесі құрылыстық-акустикалық шараларды жүргізу керек:

- 1) жылдам жолдар және жүк транспорты жүретін жолдар селитебті территорияны кесіп өтпеуі керек;
- 2) тұрғын құрылыс зонасындағы жылдам жолдар темір жолдармен қатар салынуы керек, өндірістік және тұрғын аудандардың арасына, сондай-ақ тоннелдер мен жердің рельефі төмен жерлерге салынуы қажет;
- 3) эстакадалы және асфальттанбаған жерлердегі магистралды көшелер тұрғын емес мақсаттағы үйлермен экрандалуы қажет;
- 4) трассалар мен тұрғын үйлер арасына шу деңгейі қауіпті емес ғимараттарды орналастыру керек;
- 5) транспорт қозғалысы дұрыс ұйымдастырылуы (бір жақты қозғалыс, “жасыл толқын”, қозғалыс қарқындылығын төмендету, жүк транспортының қозғалысын төмендету) қажет.

Өндірісте шуды төмендету мәселесі өзара байланысты екі міндеттерді шешуді қарастырады:

- 1) кәсіпорындардың дайындайтын машиналарының және жабдықтарының, оларға техникалық шартта және стандартта берілген шуларын төмендету;
- 2) жұмыс орнында, кәсіпорын аумағында және оған жақын орналасқан аумақта шуды төмендету.

Шудың мөлшерін азайту үшін ұсыныстар

Емдік-профилактикалық мекемелер орналасқан жерлерде түнгі уақытта транспорттардың жүруін тоқтату немесе оның кейбір түрлеріне (мотоцикл, жүк таситын машиналар т.б.) шектеу қою керек. Қала жолдарының құрылыс, реконструкциясы бойынша қаладан тыс жолдар айналмалы болуы керек. Қөгаліндандыру шаралары, ағаш егу саясаты ойластырылуы керек. Шу мөлшері көп автокөліктерін қалада жүргізу тәртібін реттеу керек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бейсенова Ә.С. Экология: Оқулық / Ә.С. Бейсенова, Ж.Б. Шілдебаев, Г.З. Сауытбаева.- Алматы: Ғылым, 2001.- 123- 238бет.
2. Жатқанбаев Ж.Ж. Экология негіздері: Оқулық / Ж.Ж. Жатқанбаев.- Алматы: Зият, 2004. -179- 212бет.
3. Бейсенова Ә., Самақова А., Есполов Т., Шілдебаев Ж. Экология және табиғатты тиімді пайдалану. – Алматы: «Ғылыми» баспа орталығы, 2004. .- 73- 78бет
4. ГОСТ 20444-85. «Шум. Транспортные потоки. Методы измерения шумовой характеристики». Принят в РК в 2000г.
5. Новиков Ю.В. Экология окружающая среда и человек. Уч.пособие для вузов М.,Гранд-ФАИР, 2001. – С. 58-86

ӘОЖ 911:504.4 (574-25)

#### ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ РАНГ ҮЛГІСІ ӘДІСІН ПАЙДАЛАНУ

**Исабаев Ануар Токтамысович**, география магистрі

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы, [Anuar\\_1089@mail.ru](mailto:Anuar_1089@mail.ru)*

**Ержанова Айжан Бауржановна**, экология магистрі

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы, [Aizhan.bauyrzhanovna@mail.ru](mailto:Aizhan.bauyrzhanovna@mail.ru)*

Бұл мақалада ранг үлгісінің әдісін пайдалану жолдары. Рангтерге жіктеу әдістемесі ең алдымен география экономика және әлеуметтану, ғылымдарында қолдану және шешу мәселелері қарастырылған.

В этой статье рассматривается использование метода ранжирования. Метод ранжирования используется для решения задач в экономической и социальной географии.

This article considered the use of the method of ranking. Ranking method is used to solution problems in economic and social geography.

**Кілт сөздер:** Ранг, матрица, экзоген, Географиялық жүйе, геожүйе.

Географиялық зерттеулерде статистикалық мәліметтер матрицасы әртүрлі деңгейде өңделіп, қолданылады. Солардың ішінде ранг үлгісінің әдісін пайдалану [1]. Рангтерге жіктеу әдістемесі ең алдымен экономикалық және әлеуметтану ғылымдарында қолданылды. XX ғасырдың 70-шы жылдары барлық ғылым салаларына математикалық әдістердің кеңінен енуімен түсіндірілетін «Сандық революция» басталып, осы кезеңде география ғылымдарында рангтерге жіктеу үлгілеумен қатар енді. Географиядағы жүйелік ұғымдар мол сандық көрсеткіштерді жүйелеу, топтастыруда рангтерге жіктеуді қажет етеді. Дәл осы кезеңде америкалық ғалымдар Р.Чорли, Б. Кеннеди өз еңбектерінде рангтерге жіктеуді алғаш рет географиялық жүйелерді зерттеуге пайдалану әдістерін жариялады [2]. Жоғары оқу орындары мен мектеп географиясына экономикалық, әлеуметтік көрсеткіштерді рангтерге жіктеу әдісі арқылы топтастыруды алғаш рет ресейлік географ В.Н. Холина енгізген [3].

Қазіргі кезде бұл әдісті көптеген географиялық құбылыстар мен объектілердің сандық көрсеткіштерін өңдеуге пайдаланады. Қазақстанда рангтерге жіктеу география саласында өте сирек қолданылады. Көбінесе бұл әдіс экономикалық зерттеулерде және қоғамдағы белгілі бір құбылыстар мен объектілердің орнын көрсету үшін, мысалы, Қазақстандағы жоғары оқу орындарының рангтерін анықтау және т.б.

**Рангтерге жіктеу әдістемесі.** Кейде бұл көрсеткіштер әртүрлі топқа жатады: халыққа қатысты немесе экономикалық деректер, тіпті жердің ауданына байланысты мәліметтерді салыстыруға тура келеді. Бұл салыстыруды күрделендіріп, нәтиже алуымызды қиындатып жібереді. Сол үшін әртүрлі саладағы көрсеткіштерді салыстыру Рангтерге жіктеу әдістемесінің көмегімен жеңілдетіп жүзеге асырылады. Бұл әдістеме әртүрлі көрсеткіш бойынша нақты рангтерін анықтау арқылы оларды салыстыра аламыз. Алдымен көрсеткіштер берілген жинақталған кесте құрастырылып, жинақталған мәліметтер негізінде қанша рангке бөлетінімізді анықтаймыз. Мысалы, 3 рангке жіктейміз десек, әр көрсеткіш бойынша 3 ранг бойынша анықталады, яғни интервалды анықтаймыз:  $X = \frac{\max - \min}{3}$

Мұндағы  $\max$  – көрсеткіштің максимум шамасы,  $\min$  – көрсеткіштің минимум шамасы,  $x$  – интервал. Осылайша, алынған статистикалық мәліметтер бойынша қай уақытта болғанына байланысты рангтері анықталады.

- 1)  $\min$  көрсеткіштен  $y$  ( $\min - x$ ) көрсеткішке дейін;
- 2)  $y$  көрсеткіштен  $z$  ( $y - x$ ) көрсеткішке дейін;
- 3)  $z$  көрсеткіштен  $\max$  көрсеткішке дейін.

Нәтижесінде, рангтер кестесі жасалады.

Матрицаны өңдеудің келесі сатысы рангтер жиынтығын анықтау және айырмаларын салыстыру болып табылады.

**Жіктеу үлгілері.** Қазіргі кезде географиялық зерттеулерде жіктеу үлгілері кеңінен қолданыла бастады, олар ақпаратты жинақтап, ретке келтіру арқылы оны талдауға мүмкіндік береді. Мұндай үлгілер құрастыру географиялық деректер матрицасын жасауды қажет етеді. Матрица бағана-вектор ( $a_1, a_2, a_3$ ) қызметін зерттелетін аумақтық бірліктер (аудан, облыс, ел және т.б.) атқарады, ал көлденең-вектор ( $a_{12}, a_{13}$  және т.б.) – әрбір аумақтық бірлікті сипаттайтын көрсеткіштер.

Кесте 1 - Географиялық деректер матрицасының макеті [4]

Аумақтық бірліктер	Көрсеткіштер
$a_1$	$a_{11} a_{12} a_{13} a_{14} a_{15}$
$a_2$	$a_{21} a_{22} a_{23} a_{24} a_{25}$
$a_3$	$a_{31} a_{32} a_{33} a_{34} a_{35}$

Осы аталған көрсеткіш бойынша Алматы қаласындағы қауіпті табиғи құбылыстардың бірі жерсілкінісінің бір күнде бірнеше рет қайталануы арқылы рангтерге жіктеліп статистикалық-математикалық үлгілеу бойынша авторлық тарапынан бағалау жасалынды.

Жерсілкіну әрекеттері қозғалмалы белдеулерде жиі байқалады. Қазіргі уақытта қала аумағында күшті жерсілкінулер пайда болу ықтималдылығы өте жоғары болып келеді. Алматыда болған жерсілкінісін осы ранг әдісімен көрсететін болсақ, яғни 1-3 баллдық көрсеткіштің арасы 1-ші ранг, 3-5 балл аралығы 2-ші ранг, ал 5 баллдан жоғары болса бұл 3-ші рангке жатады. Математикалық ақпараттық үлгілер бойынша ранг көрсеткішінің әдісімен қауіпті табиғи құбылысының (ҚТҚ) пайда болуы табиғи және табиғи-техногендік факторлары эндогендік және экзогендік үдерістер кешенімен және антропогендік фактормен, жерасты және жерүсті суларымен шарттасқан табиғи ортаның аймақтық қайта өзгеруімен сипаттауға болады. ҚТҚ заңдылықтарын анықтау үшін бір немесе бірнеше жылда қайталануы бойынша статистикалық мәліметтерге сүйене отырып жіктеу арқылы бағалау жасалды [5].

Кесте 2 - Алматы қаласындағы жер сілкінісінің қайталануы (авторлық құрастыру)

№	Жылы, айы-күні	Уақыты	Қайталануы	Балл
1.	01.05.2011	08:31-17:37	6	5,4-4,9
1.1	-	08:31	1	5,4
1.2	-	09:05	1	4
1.3	-	10:07	1	3,2
1.4	-	13:41	1	4,8
1.5	-	15,13	1	4,8
1.6	-	17:37	1	4,9
2	31.05.2012	03:56-20:30	2	3,9
3	29.01.2013	10:29-12:50	4	3,9-4,2
3.1	-	10:29	1	3,9
3.2	-	11:29	1	3,9
3.3	-	12:32	1	4,2
3.4	-	12:50	1	4,2
4	14.08.2014	03:15-21:15	2	4,5
5	05.02.2015	04:58-05:05	2	3,8-3,4

Кесте 3 - Ранг бойынша көрсеткіш (авторлық құрастыру)

№	Жылы, айы-күні	Рангтер			Қорытынды ранг
		1-ші көрсеткіш бойынша	2-ші көрсеткіш бойынша	3-ші көрсеткіш бойынша	
1	01.05.2011	3	2	2	2,0
2	31.05.2012	2	2	2	2,0
3	29.01.2013	1	1	2	1,0
4	14.08.2014	2	2	2	2,0
5	05.02.2015	1	1	1	1,0

5,4-3,4:3=2  
2+3,4=5,4 1 р  
5,4+2=7,4 2 р

Осылайша, Алматы қаласында жиі болып тұратын жерсілкінісі 3 ранг кестесі бойынша жасалынды. Осы ранг әдісін пайдалана отырып, басқа уақыт кезеңінде сипаттайтын деректер болса, онда табиғи апатты құбылыстың біртіндеп дамуына талдау мүмкіндігі пайда болады. Мәселен 2015 жылдың 9 маусымда Алматыда 10 сағат бойы жауған жаңбыр селге ұласа жаздады.

Алматыда 9 маусымда түнімен толассыз шелектеп жауған жаңбыр түске таяу басылды. Бір күн алдын ғана ауаның температурасы +40 градусқа дейін көтеріліп, аптап ыстыққа шыдай алмаған қала тұрғындары сая таппай, әбігерге түскен. Жауған жаңбырдан шаһардағы үлкен айналма жолдардың астында су жиналып, көлік қозғалысы қиындады. Таулы аймақта лай ағынынан Шымбұлақ шатқалына баратын жолда да қозғалыс бірнеше сағатқа тоқтады. «Қазселденқорғау» ММ қызметкерлері жолды лай ағынынан құлаған ағаштар мен тастардан тазартуда. Секундына 11 метр жылдамдықпен соққан желдің салдарынан қалада ағаштар опырылып, бірнеше жарықтандыру желісі үзілген. Көшелердегі суды сору үшін арнайы техника, адам күші жұмылдырылды. Алматы қаласының Төтенеше жағдайлар жөніндегі комитеті ұялы телефондар арқылы алдын-ала sms жолдап, таулы аумақтарда сел қаупі болатынын ескертіп, тұрғындарды сабырлыққа шақырды. Алайда, тынбай жауған ақ жауын таңғы мезетте қаланың барлық аумағын шалшық суға толтырды. Техникалық ақаумен тоқтап қалған көліктер көше кептелісін туғызды, бірақ, жол апаты болған жоқ. Бір автокөлікті тіпті, су ағызып әкетті. Автобустардың өздері күшті ағынға шыдамай жарты жолда тұрып қалған.

Алматынының біраз бөлігі бір түнде су астында қалды. Бірнеше сағат толассыз жауған нөсердің суы ағып үлгермей, көшелерді басқан. Салдарынан көлік қозғалысы қиындап, жұрт ұзын-сонар кептелісте тұруға мәжбүр болды. Кей жерлерде тіпті ағын суға шыдамай жолдар қақ айырылған. Нөсер жауынға көп қабатты тұрғын үйлердің шатырлары да төтеп бере алмай, пәтерлердің төбесінен су сорғалады. *Ñó ñðàðíí □ □ ðíë □ úíí □ ē □ íã □ íáí ñóáí ñíðíí òàçàðòòëäð àãñàëëíí.* Түндегі нөсер жабындыны жұлып әкетіп, жұртты әбігерге салды. Төбеден сорғалаған су жоғары қабаттағы пәтерлерді түгел жайлаған.



1-сурет. Алматы қала көшесіндегі жауын суы (9 маусым 2015ж.)

Шелектеп жауған жауыннан кәдімгідей су басып қалды. Электр сымдарына да ақаулар болып, су алған бірнеше үйлер жарықсыз қалды. Ал «Қазгидрометтің» мамандары алда күн тағы бұзылып, тіпті бұршақ жауады деп болжауда. Дегенмен

көкте күннің көзі көрініп, селдің қауіпі сейіліп, ауаның температурасы қайта көтеріле бастады. «Қазгидрмет» орталығының берген мәліметі бойынша түс қайта ауаның температурасы +20 градустан асты [3].

Қауіпті апаттар аса динамикалық үдерістермен байланысты болып табылады. Бұл құбылыстардың ерекшелігі олардың пайда болу мерзімінің белгісіздігі мен тигізетін салдардың біртекті еместігінде. Сондай-ақ бұл құбылыстардың қалыптасуы мен дамуы ерекшелігі қарастырылып отырған аумақтың географиялық жағдайымен тығыз байланысты. Қауіпті табиғи құбылыстардың даму заңдылықтарын айқындау және табиғи-техногендік жүйелердің тұрақтылығын бағалау өзекті мәнге ие болып отыр. Сол себепті қауіпті апаттар мәселесін қазіргі таңда ғылыми-техникалық жетістіктерді және табиғи ортаға адам әрекеттері әсерінің артуын ескере отыра зерттеледі.

Кез-келген аумақта қауіпті табиғи құбылыстар мен апаттардың көрініс беруі өзіндік ерекшелікке ие болып келеді. Қауіпті табиғи құбылыстар аймақтық геожүйе жағдайын анықтайды және әртүрлі физикалық-географиялық ортада дамиды. Сондықтан да қауіпті табиғи құбылыстарды зерттеудің әдістемелік аспектісін айқындау және физикалық-географиялық жағдайы апатты табиғи құбылыстардың көрініс беруінің алғышарты ретінде қарастырып, зерттелу аумағы бойынша қауіпті табиғи құбылыстардың көрініс беру құрылымы мен динамикасына талдау жасалып, географиядағы үлгілеу әдістері арқылы бағалауға болады. Сондықтан географиялық зерттеулердегі дәстүрлі міндеттерді шешу матрицамен жұмыс, картография және алынған нәтижелерді қорытындылауды қамтиды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абдиманапов Б.Ш. География природных опасностей и рисков: учебник – Алматы / КазНПУ имени Абая, 2012. – 240 с.
2. Боранқұлова Д.М., Дуйсенова А.Ж. Физикалық-географиялық жағдайы апатты табиғи құбылыстардың көрініс беруінің алғышарты ретінде. Изденіс. -2015. - №2. 254-258 б.
3. <http://egemen.kz/2015/06/09/65729>.
4. Бейсенова Ә.С., Каймулдинова К.Д., Абдиманапов Б.Ш. т.б. Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық даму мүмкіншіліктері / Монография – Алматы. Абай атындағы Қаз ҰПУ. «Ұлағат» баспасы, 2013. – 136 б.
5. Холина В.Н. География человеческой деятельности: экономика, культура, политика. 10-11 классы – М.:2001.-352 с.

## ЮРИСПРУДЕНЦИЯ

ӘОК 347.78

## АЗАМАТТЫҚ ДАУЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ЖАҢА ЖОЛЫ РЕТІНДЕ МЕДИАЦИЯНЫҢ ДАМУ ЖОЛЫ

Амирова Бота Кыдырханқызы, з.ғ.м., аға оқытушы

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы,  
[botaa\\_1981@mail.ru](mailto:botaa_1981@mail.ru)

Мақалада Қазақстан Республикасында кейінгі кезде қолданыста жүрген медиация институтының қалыптасуы және тараптар арасындағы даудың соттан тыс өзара келісімге келу арқылы шешу жолдары туралы айтылды.

В статье рассматривается, вопросы относительно расширение сферы примирительных процедур, включая медиацию в Республике Казахстан, даются мнения авторов по этому поводу. Это процедура урегулирования разногласий с помощью незаинтересованного лица, который помогает сторонам в ведений переговоров и способствует достижению между ними соглашения.

*The article discusses questions about expanding conciliation procedures, including mediation in the Republic of Kazakhstan, given the authors' views on this. This is a procedure for settling differences through a neutral person who assists the parties in negotiating and contributes to the reference between them.*

**Кілт сөздер:** Медиация, Бітімгершілік, Елбасы, Би, Заң, Қоғам, Конвергенция

Азаматтық қоғам институттарының жан-жақты дамуы, мемлекет пен қоғам қатынастарының үйлесімділігі бағдарының нәтижесінде мемлекеттік және қоғамдық институттардың неғұрлым белсенді өзара іс-қимылына конституциялық тыйымдар мен шектеулер алып тасталды, бүгінде біздің елдің ішкі жағдайы мен қажеттіліктеріне толықтай сай келетін жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі жаңартылды.

Сот төрелігін іске асыру кезінде соттардың тәуелсіздігін нығайтуға бағытталған сот-құқықтық реформаның жаңа кезеңіне конституциялық деңгейде қарқын берілді. Жүргізілген реформа осылайша мемлекет пен қоғам институттарын одан әрі демократияландыруға бағытталған. Конституцияда танылған осы жүйелі шешімдердің барлығы Қазақстан Республикасының ағымдағы заңнамасында одан әрі іске асуға тиіс.

Сонымен қатар, әлемдік экономика мен саясатта болып жатқан іргелі өзгерістер, жаһандану процестері, сондай-ақ елдің ішкі даму серпіні қол жеткізгенге тоқмейілсуге мүмкіндік бермейді. Ұлттық құқықтың уақыттың жаңа талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында ХХІ ғасырдың перспективаларына сай келмейтін құқықтық догмалардан түпкілікті арылып, мемлекеттің норма түзушілік және құқық қолдану қызметін одан әрі жетілдіру қажет.

Қазақстан үшін батыл мақсатты айқындау – 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына ену – адам, қоғам өмірінің сапасын арттыру және мемлекеттілікті нығайту үшін елдің жүргізіп отырған бағытын тиімді қамтамасыз етуге тиіс ұлттық құқықтық жүйеге жоғары талаптар қояды [1].

Сондықтан қазақстандық құқықтық жүйе құқықтарды қорғауды қолданудың қолайлы әрі сенімді болуы мәселелерінде әлемнің дамыған елдерінің заңнамасымен тең бәсекеге түсе алуы тиіс. Жалпы жаһандану және әлемдік бәсекелестіктің өсуі жағдайында көптеген елдер құқықтық жүйелерін жаңғырту және оларды адамның

мұқтаждары мен қажеттіліктеріне және инвесторлардың мүдделеріне барынша жақындату қажеттігімен бетпе-бет келді. Бәсекеге қабілетті құқықтық жүйе өз құзырына бизнес пен инвестицияларды көбірек тартатыны, оның жемісі осы идеялар іске асқан елге дивидендтер әкеліп, кейіннен бүкіл әлем пайдаланылатын, батыл да озық идеяларды іске асыруға ықпал ететіні белгілі.

Сондықтан қазіргі кезеңде басым ұлттық жобаларды табысты іске асыру, қоғамдық маңызы бар өзекті міндеттерді шешу теңгерімді құқықтық саясат жүргізуден тікелей туындайды, бұл үшін тек өз тәжірибесі мен практикасын ғана ескеріп қана қоймай, қажет кезде біздің құқықтық жүйемізге дәстүрлі түрде тән болмаса да, іс жүзінде өзінің тиімділігін дәлелдеген, біздің ұлттық мүдделерімізге сай келетін басқа да институттарды пайдаланатын барынша прагматизм талап етіледі. Мұндай пайдалану түрлі құқықтық жүйелердің әлемде болып жатқан конвергенциясы процестерінде ұлттық құқықты жаңғырту үшін пайдалы болуы мүмкін.

Құқық шығармашылығы қызметін құқық салаларының және құқықтық жүйенің даму үрдістеріне ұдайы мониторингке, нормативтік құқықтық актілерді қолдану практикасын талдауға негізделетін болжамды-талдаулы қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлу керек.

Бұл реттеу мазмұны мен әдістері бойынша норма түзушілік және құқық қолдану қызметінің әрбір актінің - оны әзірлеу, қабылдау, қолдану, өзгерістер мен толықтырулар енгізу, күші жойылды деп тану не жаңа акт әзірлеу жөніндегі барлық кезеңін айқын көрсететін қазіргі заманғы жүйе жасауға мүмкіндік береді.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты тұжырымдамалық бағдарламасындағы 8-тапсырмада медиация институтын дамытуға бағытталған заң аясындағы құқықтық базаның қабылдануын қамтамасыз етілуін және даулар мен жанжалдарды соттан тыс реттеудің осы тетіктерін дамыту мақсатында медиаторлардың ұлттық конференциясын өткізуге бастамашылық жасауды басты талап ретінде көрсетіп медиация құрылымы мен үдерісін, соның ішінде, оларды еңбек қатынастары саласында құру және пайдалану жөніндегі жұмыстарды күшейту қажет екенін баса айтты [2].

«Соттасудан аулақ болыңыздар. Қарсыласыңызға мәмілеге келуді ұсыныңыз» Оған соттағы жеңіс қаржылай шығын мен уақытты жоғалту екендігін ескертіңіз» деп Авраам Линкльн айтпақшы, шынымен медиация шарты уақытты үнемдейтіні белгілі.

2011 жылғы 5 тамызда заңды күшіне енген «Медиация туралы» Заң біздің мемлекетіміздің сот жүйесіндегі басты жаңалықтардың бірі болды. Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі. Медиатор – заң талаптарына сәйкес кәсіби және кәсіби емес негізде медиация жүргізу үшін тараптар тартатын тәуелсіз жеке тұлға [3]. Медиацияны, қарапайым тілмен айтқанда, бітімгершілік деп түсінуге болады. Яғни, қандай да бір мәселе бойынша тараптар арасында келіспеушілік туған жеке азаматтар немесе заңды тұлғалар оны соттан тыс, өзара келісім жағдайында шеше алады.

Қазақстан үшін батыс елдерімен салыстырғанда, медиация – мүлдем жаңа процедура. Бұл заң Қазақстан Республикасында медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін, сондай-ақ медиатордың мәртебесін айқындайды. Жаңа қабылданған Заң жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа

қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын дауларды шешуге қолданылады. Медиация рәсімі оған қатыспайтын үшінші тұлғаның және әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдардың мүдделеріне қатысты болған жағдайда қолданылмайды. Сонымен қоса медиация тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын дауларға, сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы істер бойынша қолданылмайды.

Негізінен, медиацияның басты мақсаты – өзара тиімді әрі өзара қолайлы келісімге келу. Ең алдымен, медиация процедурасы уақытты өте үнемді пайдалануға бағытталған.

Медиацияның артықшылықтары:

- үйреншікті емес және солқылдақ процедура;
- медиация тараптардың арасындағы қатынасты сақтайды;
- тараптардың (уақыт, ақша) қорларын сығымдап ұстайды;
- екі жақтардың мүдделерінің қанағаттандыруына көмектеседі;
- шешім ерікті түрде орындалады.

Сот өндірісінен оның айырмашылығы – медиацияның нәтижесінде «кінәлілер» мен «кінәсіз» деген тараптар болмайды. Медиация сонымен қатар тараптарға қажетті құпияны жария етпеуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы бойынша дауларды жеке қарсылық аясынан шығарып, мүдделі пікірталас аясына беру көзделген. Мүдделі азаматтар мен ұйымдарға дауларды сотқа жүгінбестен, сотқа дейінгі сатыда қарау барысында шешу іс-әрекеттерін бір жүйеге келтіру қамтылады. Медиацияның арқасында соттарда қаралатын істердің саны да айтарлықтай азаймақ. Бұған қоса, Заңның әлеуметтік бағыты да баршылық. Себебі жергілікті қауымдастық деңгейінде пайда болған кейбір жанжалдарды медиация арқылы шешу мүмкіндігі Заңмен көзделіп отыр. Дауларды сотқа жеткізбестен, өзара бітімгершілікпен аяқтау судьяларға жүктемені азайтып қана қоймайды, қоғамда орын алып отырған даулардың шешімін табуға септігін тигізіп, мемлекеттік мекеме атына айтылатын сынды да азайтпақ. Медиатор қызметіне нақтырақ тоқталатын болсақ, қырық жасқа толған және кәсіпқой емес медиаторлар тізілімінде тұрған тұлғалар медиатор қызметін кәсіби емес негізде жүзеге асыра алады.

Медиатор болу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындайтын тәртіппен даярлау бағдарламасын өткендігі жөнінде сертификат алуы, жоғары білімі болуы шарт.

Ол адамның жиырма бес жасқа толуы және кәсіпқой медиаторлар тізілімінде тұруы қажет. Медиаторлар тәуелсіз және бейтарап болуы тиіс. Медиация тараптары тең құқылы болады, медиация рәсіміне араласуға болмайды, медиатор өзіне белгілі болған құпиялықты сақтауға тиіс. Медиация туралы заңда медиаторға қарсылық білдіру, медиациядан бас тарту сияқты талаптар қарастырылған.

Медиация туралы заңның 9-бабына сәйкес тәуелсіз, бейтарап, істің нәтижесіне мүдделі емес, медиация тараптарының өзара келісімі бойынша таңдалған, медиаторлар тізіліміне қосылған және медиатордың функцияларын орындауға келісім берген жеке тұлға медиатор бола алады. Медиатордың қызметі кәсіби негізде (кәсіпқой медиатор) және кәсіби емес негізде (қоғамдық медиатор) жүзеге асырылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңының 13-бабына сәйкес медиаторлар ұйымдары медиаторлардың бастамасы бойынша «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ұйымдық-құқықтық нысандарда құрылған коммерциялық емес, мемлекеттік емес, өзін-өзі қаржыландыратын және өзін-өзі басқаратын ұйым болып табылады.

Бүгінде Қазақстанда «Медиация» атты медиацияның және келісімге келтірудің біртұтас орталығы құрылып, медиацияға оқыту жүзеге асырыла бастады. Аталған орталық азаматтық, еңбек, жанұя және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын медиация процедураларын жүргізеді және сонымен байланысты келесідей міндеттер атқарады: төрелік үшін жаңа мүмкіндіктер жасау, даулы тараптардың арасындағы қайшылықтарды шешу, бір тараптың басқаны басуы арқылы емес, өзара тиімді нәтижеге, табысқа бағытталған істестікті негіз ету.

Медиация тәсілі сот ісіндегі тазалықты, әділ төрелікті қамтамасыз етудің негізгі тәсілдерінің бірі. Біздің ата-бабаларымыз бұрын бұл тәсілді тиімді қолданып, түрлі дауды билер соты арқылы бітімгершілікпен шешіп келгендіктен, бұл Заң қазаққа жат емес. Жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларды реттеу кезіндегі медиация сотқа жүгінгенге дейін де, сот талқылауы басталғаннан кейін де қолданылуы мүмкін. Қылмыстық сот ісін жүргізу барысындағы медиация қылмыстық процессуалдық заңында белгіленген сотқа дейінгі және сотта іс жүргізу мерзімдерінде жүзеге асырылуға тиіс.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың 14 желтоқсан 2012 жылғы «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» аты Қазақстан халқына Жолдауында: «Құқықтық саясаттың маңызды мәселесі азаматтардың Конституция кепілдік беретін сот арқылы қорғалу құқын жүзеге асыруы болып табылады [4,1]. Бұл үшін сот төрелігін жүзеге асыру процесін оңайлату, оны басы артық бюрократиялық рәсімдерден арылту керек. Жаңа ақпараттық технологияларды белсенді енгізген жағдайда мұны істеу қиын емес. Сонымен бір мезгілде соттардың жұмысын жеңілдету мақсатында дауларды соттардан тыс реттеу институттарын дамытуды жалғастырған жөн. Болмашы мәселелер бойынша дауларды шешу соттардан тыс тәртіппен жүргізілетіндей тетіктер қарастыру қажет. Сот билігінің беделі орындалмаған сот шешімдерінен төмендейді. Осыған байланысты, бұл жағдайды түбегейлі өзгерту жөніндегі шаралар қабылдануға тиіс» деп тікелей көрсетілген. Елбасымыздың Жолдауын алға ұстана отырып, Қазақстан Республикасындағы сот реформасын жоғары деңгейге жеткізуді алға мақсат тұтқан жөн.

Сондай-ақ, бітімгершілік қазаққа жат емес. Медиация мәселесінде түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы бидің, көріпкел-абыздар Аяз би, Мөңке би, Едіге би, Асанқайғы, Өз Жәнібек би мен Жиренше шешен, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би және ұлы ойшыл Абайдың орындары ерекше. Абай өзінің үшінші қара сөзінде: «Би екеу болса, дау төртеу болады. Оның мәнісі – тақ болмаса, жұп билер таласып, дау көбейте береді деген сөз. Өйтіп би көбейткенше, әрбір болыс елден толымды-білімді үш-ақ кісі билікке сайланса. Ол билерге даугер адамдар қалмай, екеуі екі кісіні билікке тандап алып, үстіне біреуді посредникке сайлап алып, біте берсе; егер оған да ынтымақтаса алмаса, бағанағы үш бидің біреуін алып, яки жеребемен сайлап алып жүгінсе, сонда дау ұзамай бітім болар еді», – депті [5,45].

Қазақ елінің дәстүрлі құқығының негізінде мындаған жылдар бойы ұстанып келе жатқан жолы татулықты көксеген. Қазақ халқы үшін бітімге келу – билік айтудың ең озық өнегесі. Яғни, Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы қазақстандықтар үшін жат дүние емес. Бұл «алдына келсе атаңның да құнын кеш» деген қағиданы басшылыққа алған дарабоз билердің дәстүрлі билік жүргізу тәсілінің заңды жалғасы деп есептеймін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығы // <http://adilet.zan.kz/>
2. Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты 10 шілде 2012 жылғы тұжырымдамалық бағдарламасы // <http://online.zakon.kz/>
3. «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Заңы (2014.03.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // <http://online.zakon.kz/>
4. Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты 14 желтоқсан 2012 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – № 285 (27985). - 13 желтоқсан. - 2012. – Б 1- 5
5. С.З.Зиманов Қазақ даласында әділ соттың «Алтын ғасыры» болды ма?» // Қазақтың Ата Зандары: 10 Т. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – Т. 3. – 616 б.

УДК 343.983

**ОРУЖИЕ — ОБЪЕКТ КРИМИНАЛИСТИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ**

Ашимова Д.И., м.ю.н., старший преподаватель

Жұмағали Е., магистрант 2 курса специальности «Юриспруденция»

Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова, г. Талдықорған

[Dinastie\\_galiktdk@mail.ru](mailto:Dinastie_galiktdk@mail.ru), [Egemen92@mail.ru](mailto:Egemen92@mail.ru)

Мақалада сот қылмыстық істер және сот талқылауынды қарау кезінде фактілік мәні мен негіздерін орнықтыру мақсатында қарулар мен қару жарақтарды қолдану мен олардың іздерін зерттеуде баллистикалық сараптаманы жүргізу мәселесі қарастырылған.

В статье рассматриваются процессы баллистической экспертизы проводимой для исследования огнестрельного оружия, боеприпасов к нему и следов их применения, с целью установления фактических данных, имеющих значение для расследования уголовного дела и судебного разбирательства.

*In article processes of ballistic examination carried out for research of firearms, ammunition to it and traces of their application, for the purpose of establishment of the actual data important for investigation of criminal case and judicial proceedings are considered.*

**Ключевые слова:** баллистическая экспертиза, судебная баллистика, криминалистическая техника.

Оружие — это продукт развития цивилизации, материальное выражение передовой мысли человека, часть его культуры. Ему принадлежит значительная роль в эволюционном развитии человека. В истории человечества оно всегда занимало свое особое место, развивалось и совершенствовалось вместе с человеком, постоянно оставалось его неизменным спутником. Наличие и степень совершенства оружия во многом определяли саму возможность выживания людей. Для человечества оно изначально было основным средством в его суровой борьбе против сил природы, жестокой схватке с животными и себе подобными, помогало ему выживать и самоутверждаться.

Первейшим оружием, созданным человеком, несомненно, было

индивидуальное, которое (за редким исключением) и является, как мы уже отметили, основным объектом криминалистического исследования. Процесс его эволюции занимает большой временной промежуток, своими истоками уходящий в каменный век. Говоря об эволюции оружия, “невозможно рассматривать его в отрыве от анализа исторической обстановки, в которой оно родилось и существовало большую часть своей истории, без учета развития военного дела в означенное время“. Проблема эволюции оружия, безусловно, многоплановая, и мы не ставим здесь цель рассмотреть все ее аспекты.

Как известно, исходным материалом для первейших образцов индивидуального оружия послужили камень, кость и дерево. Прежде чем превратить их в результате сознательной и целенаправленной деятельности в простейшие орудия, а из них — в оружие, человек длительное время пользовался камнем и палкой в качестве примитивных средств борьбы. Уже на этой стадии “первобытный человек понимал, что камень можно применить для нанесения телесных повреждений, а для того, чтобы его приспособить для этой цели, необходимо подвергнуть определенной обработке“. В процессе такой обработки, обусловленной прежде всего хозяйственно-бытовыми и охотничьими целями, появились простейшие орудия, выполнявшие одновременно и функцию оружия.

Первый период существования человеческого ремесла — период тесанного камня. Орудия обычно изготавливались из кремня. Исходя из их конструкции, можно выделить такие характерные для названного периода времени древние орудия, как скребки, ручные рубила, топоры, каменные ножевидные отщепы, гарпуны. По известным на сегодня древнейшим находкам выделяют несколько типов орудий, значительно отличающихся друг от друга и указывающих на историческую культуру, относящуюся к определенной первобытной эпохе: ашельский, мустьерский, солюстрейский и маделенский. Два первых типа принадлежат переходной эпохе, когда древние люди начали обживать пещеры. В эту эпоху еще трудно определить различие между орудием и оружием. Характерные для этого периода грубые каменные топоры и клинообразные обломки камня одинаково удовлетворяли несложные потребности первобытного человека. Лишь в конце периода тесанного камня (маделенский тип) очевидно отличие орудия от оружия. В это же время древний человек активно осваивал изготовление орудий (оружия) из слоновой и другой кости.

Таким образом, к концу периода тесанного камня (палеолит) и началу эпохи шлифованного камня (неолит) начинается «самостоятельная жизнь» оружия. В частности, появились первые его образцы, а именно, холодного охотничьего. По мнению многих исследователей, прототипом древнейшего боевого оружия послужило оружие охотников, а основой последнего — орудия труда. Именно первоначальный охотничий набор нашего предка, включавший копье, топор и каменный нож, явился родоначальником оружия.

На данной стадии развития у отдельных образцов уже «просматривались» зачатки привычных для нас классических форм индивидуального оружия. Безусловно, в немалой степени этому способствовали опыт, накопленный человеком в процессе хозяйственно-бытовой и охотничьей сферах деятельности, и более высокий уровень развития ремесла. Однако в совершенствовании оружия существенную роль сыграл и все чаще приобретаемый опыт вооруженной борьбы человека с себе подобными. Специфика этой борьбы, явившись побудительным мотивом функциональной целесообразности оружия, конечно, активно вела к поиску новых конструктивных решений, наиболее полно соответствующих тем или иным формам вооруженной борьбы.

На современном этапе развития криминалистики наблюдается устойчивая

тенденция объединения различных направлений криминалистического исследования всех видов индивидуального оружия (холодного, метательного, огнестрельного, пневматического, газового и др.) в единую отрасль криминалистической техники. Естественно, эта тенденция не могла не привлечь к себе внимания ученых-криминалистов. В научных исследованиях последних лет наметился поворот от разработки частных вопросов криминалистического исследования отдельных видов оружия к работам обобщающего, интегративного характера с целью выработки единых методических подходов к изучению оружия в криминалистике. На повестку дня стал вопрос разработки концепции целостного учения об оружии и следах его применения как частной криминалистической теории.

Современный арсенал вооружений, накопленный человеком в течение длительного времени, включает в себя большой ассортимент различных видов оружия, начиная от исторически первых — холодного, метательного и заканчивая современными средствами массового поражения — ядерным, химическим, биологическим и др. Исторический опыт показывает, что создаваемое человеком оружие не всегда использовалось и используется в соответствии с теми целями, с которыми оно изначально задумывалось (например, в военных, охотничьих, спортивных и др.). Определенные виды оружия стали активно применяться и для совершения преступлений.

Современное оружие по основным отличительным признакам может подразделяться на различные группы. В частности, по количеству обслуживающего персонала принято различать индивидуальное и групповое оружие. Многолетняя практика борьбы с преступностью показывает, что из всего существующего на сегодня многообразия оружия в преступных целях, за редким исключением, используется лишь индивидуальное оружие. Прежде всего, это обусловлено его портативностью, маневренностью, простотой конструкции и, как правило, большей доступностью. Иногда это оружие называют оружием индивидуального применения, что, в принципе, одно и то же.

В настоящее время систему индивидуального оружия составляют, прежде всего, такие исторически сложившиеся виды оружия, как холодное, метательное, огнестрельное, пневматическое, минновзрывное, зажигательное, а также появившиеся сравнительно недавно — газовое, электрическое и др. Причем список разновидностей индивидуального оружия имеет тенденцию к расширению. Он может пополниться, например, лазерным оружием, портативными вариантами оружия массового поражения и т.д. Вообще, современная мировая криминальная практика характеризуется стремительным расширением круга оружия (включая оружие массового поражения), используемого в преступных целях. Наглядным подтверждением этого служат события, последовавшие за известными терактами, совершенными в США 15 апреля 2013 года [1].

Объектом криминалистического исследования является не только заводское, но и самодельное оружие. Практика показывает, что последнее обычно выполняется с подражанием тем или иным образцам заводского.

Наряду с индивидуальным оружием в практике криминалистического исследования иногда встречаются разного рода объекты, конструктивно и(или) функционально подобные оружию, например, холодному, метательному, огнестрельному и др.

Однако основную часть объектов криминалистического исследования все же составляют заводские образцы исторически сложившихся видов оружия и, прежде всего, огнестрельного. При этом следует отметить, что в последние годы наметилась тенденция увеличения доли новых (нетрадиционных) видов оружия, например газового, электрического, в общей массе “оружейных” объектов

криминалистического исследования.

Очевидно, что холодное и метательное оружие по сравнению с огнестрельным гораздо раньше стало использоваться в преступных целях. Однако исторически сложилось так, что огнестрельное оружие стало объектом более пристального внимания криминалистов и правоведов. Видимо, это объясняется его большей общественной опасностью, а также более сложным и специфичным характером оставляемых им следов. Причем первоначальными объектами криминалистического исследования явилось не само огнестрельное оружие, а следы его применения, в частности, огнестрельные повреждения. Их первыми исследователями стали судебные медики. В основном решались вопросы, связанные с установлением дальности, направления выстрела, места расположения стрелявшего и жертвы, другие обстоятельства применения огнестрельного оружия.

Холодное и метательное оружие, а также следы его применения стали рассматривать в качестве вещественных доказательств по уголовным делам еще раньше, чем огнестрельное оружие и следы его действия. Однако при этом исследование самого оружия, как правило, ограничивалось лишь его осмотром и обычно не требовало помощи специалистов. Следы же его применения традиционно рассматривались врачами (судебными медиками). Такое положение сохранялось до тех пор, пока в законодательном порядке не ограничили оборот холодного оружия. У нас в стране впервые уголовная ответственность за изготовление, хранение, сбыт и ношение холодного оружия без надлежащего разрешения была введена 29 марта 1935 года Постановлением ЦИК и СНК СССР “О мерах борьбы с хулиганством”. По сути с данного момента холодное оружие становится объектом пристального внимания криминалистов, ввиду возникновения настоятельной потребности в установлении групповой принадлежности объектов при решении вопроса о том, являются ли они предметом или орудием совершения преступления. Для ответа на этот вопрос потребовались специальные познания и, как следствие, привлечение соответствующих специалистов. В качестве таковых стали выступать специалисты-криминалисты. Однако на начальном этапе (1930 — 40 г.г.) специалисты-криминалисты такими познаниями практически не обладали из-за отсутствия научной базы — соответствующей отрасли криминалистической техники и понадобилось несколько десятилетий, огромные усилия научных и практических работников для ее создания. В итоге, в теории и практике криминалистики был накоплен большой теоретический материал, солидный экспертный опыт, подготовлены необходимые методические, практические и учебные пособия для следователей, судей, экспертов и оперативных работников, введены соответствующие учебные дисциплины для подготовки названных специалистов в системе средних и высших юридических образовательных учреждений [2].

С распадом СССР наметилась устойчивая тенденция роста преступлений, связанных с использованием минновзрывного оружия. Пик этого роста пришелся на вторую половину 1990-х годов. За последние пять лет число таких преступлений увеличилось вдвое. Определилась опасная тенденция увеличения преступлений откровенно террористической направленности, ведущая к социальной напряженности в обществе, страху и неуверенности.

Стремительное увеличение доли минновзрывного оружия в общем количестве “оружейных” объектов криминалистического исследования породило на практике и другую проблему. В сложившейся ситуации подразделения органов внутренних дел оказались неподготовленными к ведению активных и эффективных действий по раскрытию и расследованию все увеличивающегося числа преступлений, связанных с использованием минновзрывного оружия. Одна из основных причин подобного — нерешенность проблемы надежного технико-

криминалистического обеспечения раскрытия и расследования данной категории преступлений. В немалой степени это вызвано специфичностью и сложностью исследуемых объектов, а также опасностью для жизни при работе с ними. Тем не менее, в последние годы были предприняты значительные усилия в методическом, научно-техническом и организационном плане по повышению эффективности криминалистического исследования этой категории объектов [3].

Зажигательное оружие в качестве объекта криминалистического исследования в судебно-следственной и экспертной практике встречается гораздо реже. Одной из причин этого, является отсутствие в действующем УК РК статьи, предусматривающей уголовную ответственность за незаконный оборот зажигательного оружия. Позиция законодателя в этом плане вызывает удивление. Трудно объяснить, почему самостоятельный, исторически сложившийся вид — зажигательное оружие, являющееся не меньшим источником повышенной общественной опасности, чем огнестрельное оружие, оказалось вне рамок действия «Закон об оружии РК» и Уголовного кодекса РК. Ликвидация этого правового пробела в действующем законодательстве, безусловно, благотворно сказалась бы на практике борьбы с «вооруженной» преступностью [4].

Отсутствие правовой урегулированности оборота зажигательного оружия негативно сказывается и на разработку научных и методических основ его криминалистического исследования. В настоящее время в криминалистической литературе серьезных разработок в этом плане нет, хотя практика испытывает потребность в них. Так, в последние годы участились случаи использования в криминальных целях реактивных огнеметов и, особенно, самодельного зажигательного оружия (обычно бутылок с разного рода зажигательной смесью). Все увеличивающееся число таких объектов в судебно-следственной и экспертной практике еще острее делает проблему разработки понятия, классификации зажигательного оружия и методики его криминалистического и судебно-экспертного исследования.

Пневматическое оружие в качестве объекта криминалистического исследования встречается гораздо реже. В основном оно служит основой для изготовления самодельного огнестрельного оружия. Однако с появлением современных образцов газобаллонного оружия возможность использования их в качестве орудий преступления значительно возросла. Так, поражающие свойства некоторых образцов современного газобаллонного оружия приближаются к соответствующим характеристикам огнестрельного оружия самообороны и вполне отвечают минимально принятым в судебной баллистике критериям убойной силы.

Имеющиеся на сегодня методические рекомендации по криминалистическому исследованию пневматического оружия не охватывают всего спектра решаемых вопросов и явно отстают от современного уровня развития названного вида оружия [5].

В заключение следует отметить, что все перечисленные выше объекты криминалистического исследования, несмотря на их конструктивную несхожесть, объединяет одно обстоятельство — все они относятся к одной группе предметов — оружию, которому присущи общие тенденции и закономерности развития, подтверждением чего является процесс его эволюции.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Балашев Д.Н. Криминалистика. М.: ИНФРА – М, 2005.-503 с.
2. Винберг А.И. Основные принципы советской криминалистической экспертизы. М., 1949. 176с.
3. Белкин Р.С. Курс криминалистики. Т.2. М.: Юнонь, 1997. -.408с.

4. Инструкция по производству судебных экспертиз и специализированных исследований в Центре судебной экспертизы МЮ Республики Казахстан. Алматы. 2002. 372с.

5. Тихонов Е.Н. Судебно-баллистическая экспертиза. М.: ИНФРА, 1991. – 420 с.

**ӘОК 347.78**

## **ҒҰМАР ҚАРАШЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

**Белғожанов Р.М., Каташев У.**

*Ө.А.Жолдасбеков атындағы Экономика және құқық академиясы*

Бұл мақалада Ғұмар Қарашевтың өмірі мен қоғамдық қызметі қарастырылған. Оның құқықтанушы ретіндегі қоғамдық қызметіне баға берілген.

В данной статье рассматривается жизнь и общественная деятельность Гумара Карашева. Дана оценка его юридической деятельности.

This article discusses the life and public activity Gumarov Karash. The evaluation of its legal capacity.

Қазақ жерінде патшалық империя мен орыстың зорлыққа қарсы шын мәніндегі мақсатты, ұлттық әлеуметтік күштерін қамтыған саяси қозғалыс 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңде партиясының, ал соңына қарай Түркістан автономиясының (Қоқанда), ал оның артын ала Алашорда өкіметінің (Орынборда) құрылуы бұл қозғалыстың нақты нәтижелері болатын. Бұл сияқты құрылымдар 1918-1919 жылдарда большевиктер тарапынан күшпен таратылғанмен, ұлт-азаттық қозғалыс күштері саяси күрес сахнасының бірден кете қойған жоқ. Алаш қайраткерлері ұлт мүддесі үшін күресін мүлдем жаңа саяси жағдайда, яғни өздері тұтқынға алынып сотталған 20-шы жылдардың соңына дейінгі кезеңде де жалғастырды. Солай болды да толық негізді еді. Оған қандай айғақ бар.

Бұл күрес әсіресе жер мәселесінде анық көрінді. Қазақ шаруалары түгелдей жерге орналасып болмайынша қазақстанда қоныс аударушылықты тоқтату үшін Алаш қайраткерлері бастап берген кеңес үкіметі тұсына да өз жалғасын тапты, сондай-ақ жаңа саяси жағдай да бұл күреске бағыт, пәрменділік беруші ескі алаштық интеллигенция болды. Алаштың интеллигенция мен отыршыл күштер арасындағы бітіспес күрестің шырқау шегі қазақ бұқарасына берілмек жер нормасы төңірегінде өрбіді. 20-шы жылдардың екінші жартысында жүрген бұл күреске атсалысқандардың қатарында Алаш қозғалысының белсенді мүшелері, сол тұстағы Жер Комиссияларының басшы қызметкерлері Мырзағазы Есболов, Жаманмұратов, Сәлімгерей Қаратулов сияқты қайраткерлер болды. Әлихан Бөкейханов Қазақстандағы отырықшылыққа көшпелі қазақ шаруаларына тиесілі жер көлемін анықтау мақсатында КСРО Ғылым Академиясы жанынан құрылған экспедициясы (төрағасы профессор С.П. Швецов) ұйымдастыру идеясының авторы болумен бірге, өзі де соның құрамына еніп, зерттеу жұмысына ат салысты. ОГПУ тыңшылары Мәскеуден шығуға тиым салынған қайраткерді Ақтөбе қаласында тұтқынға алып жедел түрде кейін қайтады [1].

Сонымен, ғасыр басында басталған жаңа ұлт-азаттық өрлеу 20-шы жылдардың соңы 30-шы жылдардың басына дейінгі тарихи кезеңді қамтыды. Ол "алаштық" атанған ескі буын интеллигенциясының ең белсенді бөлігін репрессиялаумен, сондай-ақ олардың кеңестік-партиялық қызметтегі ізбасарларын

қызметтен аластаумен және оларды қудалаумен аяқталады. Күштеп коллективтендіруге қарсы бағытталған Қазақстандағы 372 шаруалар көтерілісі бассыз, панасыз қалған халықтың зорлықшыл саяси жүйеге көрсеткен ең соңғы наразылығы еді.

Ғылымда болып жатқан өзгерістерге байланысты қайта қарауға мұқтаж келесі, екінші мәселе - Ұлт-Азаттық қозғалыстың кеңістік шеңбері. Негізгі мақсаты - ұлттық бостандық үшін күресте азаттық ізденіс жолында болған қазақ ұлт-азаттық қозғалысы бізге қарап отырған. Мезгілде өзімен тағдырлас көрші түркі халықтарымен (татар, қырғыз, башқұрт, өзбек т.б.) күш біріктіруге тырысты, өз мүмкіндігінше оларға көмек көрсетуге даяр екендігін танытты. Егер 30-шы жылдары бұл сияқты сауалдарда жауап іздеу қауіпсіз емес болса, қазіргі тарихи әділдікке бет бұрған жағдайда оларды сол жабулы күйінде қалдыру орны толмас өкінішпен тең болар еді.

Өкімет өкілдері капиталистермен күресеміз деген жаяу мен момын халықтың жиған-тергенін сыпырып ала берді. Қызыл әскерлер жергілікті халықты қорғаудың орнына тонап, өлтіріп жатты. Дәлірек айтқанда большевик ВЦИК-тің Түркістан істері жөніндегі арнаулы комиссиясының мүшесі, Сафаров былай деп жазды. "Бұл жерде социалистік деректер" қабылданғанымен олар сөз жүзінде қалған, ал іс жүзінде "национализациялау", "конфискелеу" деген сылтаумен жер-жерде малды халықтан зорлықпен тартып алу орын алған "Перовскіде (Сырдария облысы)" патша жеңдеті Гершан деген билік етуде. Ол тұтас бір халықты қазақтарды қырғынға ұшыратты. Соның кесірінен бір миллиондай қазақ аштан өлді" - дейді Сафаров [2].

Большевиктік идеология және олардың елде жүргізген, саясаттары халықтың жағдайын жақсартпа қоймады. Өкімет өкілдері, өздерінің орыстарын қорғаштап, жақсылап киіндіріп, тамақтандырды. Ал аш-жалаңаш мұсылман мыңдап, он мыңдап қырылып жатты. Осы кездегі Түркістан Компартиясы басшыларының бірі болған Шыған Тоболин сынды большевиктің өзінің аузынан маркстік тұрғыдан экономикалық жағынан әлсіз қазақтар бәрібір құрып бітіп жоғалуға тиіс" [3]. Патшалық тұсында басталған құру саясаты одан әрі жалғасып, кәдімгідей жоспарлы түрде мыңдап, миллиондап халықтың көзін жойып жатты. Ал 1917 жылғы Қазын тау керісін жасап билікке келгеннен соң бірнеше жыл өткеннен кейін, большевиктер басқаша сайрай бастады. Міне осындай аласапыран кезінде қазақ зиялылары Алаш партияларын құрып автономия мәселелеріне кірісе бастады. Жалпы Алаш интеллигенциясы арасында большевиктер бағдарламасы әуелі бастан-ақ қолдау тапқан жоқ. Олардың түсінігі бойынша, большевиктер ұстаған бағыт Қазақстан емес, тіптен Ресейдің өзіне де, азапты болашақ әкелетін бағыт болатын.

Осыған орай Әлихан Бөкейханов: "Қазақ арасындағы ұлттық қозғалыстың бәріне де орыс әкімшілігі қарсы деп жазды. 1917 жылы 10 сәуірде Ташкентке келіп, Түркістан өлкесін жұмысшы солдат депутаттары кеңесінің құрылтай жиналысында сөйлеген халықшыл социалист, Никола дегеннің: "революцияны орыс революционерлері орыс жұмысшы солдат депутаттары жасады. Сондықтан Түркістанда барлық мекеме билік орыстардың қолында болуы тиіс, жергілікті халық біздің бергенімізге қанағаттануы керек", - деп айтқанын ашына жазады [4]. Демократтарының мақтап жүрген ақпан төңкерісінің қазақ даласында әрі саяси, әрі әлеуметтік теңсіздікті күшейте түскенін көрсетеді.

XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезеңіндегі Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік-саяси дамуының өзіне тән ерешеліктері болған еді. Бұл кезеңінде Қазақстанның барлық аумағы Ресей империясының құрамына еніп, оның аймақтағы ажырамас бөлігі ретінде танылғандықтан «ішкі отары» [34, 23 б] мәртебесіне ие болды. Осыған байланысты көшпелі қазақ қоғамының ғасырлар бойы қалыптасқан экономикалық, саяси-құқықтық құрылымы өз ерекшеліктерінен

ажырап, капиталистік қатынастардың ықпалын біртіндеп сезе бастағаны анық байқалды. Орыс көпестері мен буржуазиясы Қазақстанды және оның жергілікті халықтарын ашық тонаудың жемтігіне айналдырды. Мысалы көпестер 5 тиын тұратын құмыраны 80 тиын, сапасыз теріден жасалған киімдерді жарты қойға сатуда күнделікті өмірдің экономикалық талабына айналдырған.

Патша өкіметі қазақ жерін отарлау саясатын жүзеге асырып, әкімшілік басқару жүйесін енгізіп, қазақ жерінің байлығын өз мақсаттарына пайдалану үшін жанталасып жатты. Мұжықтарын лек-легімен әкеп төгіп, қазақтың ең шұрайлы жерлерін тартып алып, өздерін шөлге, құмға, тау-тасқа қарай тықсырды. Шекараны нығайта түсу үшін бекіністер салды. Патша өкіметі осы әрекеттерімен ғана шектеліп қалған жоқ, іле-шала жергілікті халықтың тіліне, діліне, дініне шабуылын күшейтті. Халықты бірден үркітіп жібермеу үшін бұл саясатын аса сақтықпен жүргізді. Патша өкіметі ең бастысы халықтың ауқатты тобын өз жағына шығарып алуға тырысты. "Болыстарға тілмаштар даярлау мектебін" ашып, болыстардың, атқамінерлердің балаларын оқытып, билік сүйгіштерді өзіне жақындатып алды. «Ислам дініне бой ұрады» деген ниетпен татарларды қазақтарға жолатпауға тырысады. Патша өкіметінің «жымысқы» саясатының нәтижесінде ашылған «орыс-қазақ» мектептерінде оқыған қазақ балалары орыстың білімі мен ғылымының арқасында көкірек көзін ашып, XX ғасырдың басында саяси аренаға шыға бастады. Орыс мектептерінде оқып, орыс қалаларында жоғарғы білім алғанымен олар өз елінің мүддесін көздеді, ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыруға және ұлттық тәлім-тәрбиенің негізін қалап, ғылымға айналуына көп еңбек сіңірді.

Қазақстанның экономикалық жағдайының дағдарысқа ұшырауының негізгі себептерінің бірі – жердің тарылуы болды. Кейбір деректерге жүгінетін болсақ, Ресей империясының жаулап алу саясатының нәтижесінде, 1917 жылға дейін қазақ халқының 45 миллион десятина шұрайлы жері оның тікелей пайдалануына тартып алынып қазақтар мен орыс офицерлеріне, орыс мұжықтарына тегін үлестіріп берілді. Патша өкіметінің қазақ жерін тартып алу саясаты, қазақ халқының экономикалық мүддесін ескермей, іс жүзіне асырылып отырды. Ата-баба жерлерінен күштеп қуылып көшірілген жергілікті халық, шел және шөлейт, тақыр жерлерге ығыстырылуының нәтижесінде, олардың тұрмыстық жағдайлары нашарлап, жаппай қырылу қаупіне әкеп соқтырды. Ал, жер аударудың құқықтары болса, қазақ халқының мүдделерінен ашық түрде жоғары қойылды. мысалы, «уақытша ереженің 230-шы параграфы мынандай норманы бекітті: "Орыс қоныстанушыларына жеңілдіктер беріледі» [5].

Жетпіс жыл бойы тарих, саяси-құқықтық ілімдер тарихи ғылымы, большевиктердің идеологиялық паранозимінің қыспағында болып, таптық бағалау қағидасы негізінде жалған мағынада жазылды, келер ұрпақтың санасын, рухани өмірін коммунистік режимге қажетті идеялармен уландырды. Соның нәтижесінде тарихи-құқықтық ғылым, өтірік мағынамен жазылды. Егемендіктің туын ұстап, дербес мемлекет құру сәті ғана, есімдері тарих беттерінен өшіп қалған саяси-құқықтық ой-пікірдің қайраткерлерін толыққанды мағынада зерттеуге мүмкіндік беріп отыр.

Тіпті, Кеңес дәуірі кезеңінде жарық көрген шығармаларда қазақ халқының батырлық пен ақындық дәстүрге бай тарихы, саяси және қайраткеріміз жағымсыз кейіпке суреттелінеді. Қоғамдық-саяси және құқықтық ой-пікірдің ойшылдары мен қайраткерлері "тек қана бай-феодалдарды мадақтап, хандардың қанішерлік, басқыншыл және заңсыздық әрекеттерін уағыздаумен шұғылданды" деген пікірді халық санасында қалыптастыруға барлық күшін, бүкіл таптық идеологиясын жұмсап бақты. Ал, олардың шын мәнінде халықтың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін және ағартушылық саласында өлшеусіз қызметтері саналы түрде бұрмаланып қана

қоймай, оларға "үлтшыл", "пантюркист", "панисламист", "буржуазияны жақтаушы", "үстем тап өкілі", "бай-феодалдардың құйыршықтары" сияқты айдарлар тағылды. Осының салдарынан, ұлы даланың бүкіл бай рухани қазынасы "керексіз", "ескі" деп жарияланды. қазақ халқы жетпіс жыл бойы большевиктердің сандырақ идеологиясымен уландырылды. Соның нәтижесінде, Қазан төңкерісіне дейінгі мерзімде ғұмыр кешкен ұлы ойшылдардың еңбектерін оқуға, зерттеуге тыйым салынады, тіпті есімдерін атаудың өзі қылмыс санатына жатқызылды. Еңбектері еш, өмірлері сор, өшіп барып, қайта халыққа оралған қайраткерлерді зерттеу, насихаттау — тәуелсіздіктің басты міндеттерінің бірі.

Адамзат өркениетінің тарихында әйел құқы және бостандығы туралы ғұлама ойшыл даналар мәселе көтеріп құнды пікірлер айтқаны, саяси-құқықтық ой-пікірдің жалпы тарихында жақсы белгілі. Жаңа заман тарихында да бұл мәселе дау-дамайдың объектісі болуымен ерекшеленеді, пікірталас тудырды. Негізінде айтыс-тартыс, еркек пен әйелдің саяси, элеуметтік және экономикалық қатынастарда тең құқылық болу идеясы салтанат құру төңірегінде болды. 1787 жылы қабылданған Америка Құрама Штаттарының Конституциясы, 1789 жылы бекітілген Ұлы француз революциясының "Адам және азамат құқық Декларациясы" сияқты құжаттарында барлық адамдардың заң алдында теңдігі жарияланды.

Дегенімен, Еуропаның прогресшілдік саяси-құқықтық ой-пікірлерінде де әйел құқы туралы регресшілдік көзқарастар болғаны тарихтан мәлім. Мысалы, немістің ірі философы Артур Шопенгауэр әйел құқы туралы былай деп жазды: "Әйел мінез-құлқының түбегейлі кемшілігі, ол әділетсіздік. Бұл жоғарыда көрсетілген жете түсіну мен зеректілігінің кемшілігінен. Бірақ олар әлсіз болғандықтан, табиғатынан күш емес, қулық дарыған: сондықтан олар қулық пен өтірікке бейімді... Осы анықталған түбегейлі кемшіліктен және оның қосымшаларынан өтірік айту, опасыздық, жақсылықты білмеушілік және т.б. шығады. Сот алдында жалған ант беру бойынша, ерлерге қарағанда әйелдер көбірек айыпты болады. Оларды ант беруге жіберу туралы әлі де дауласуға болады... Өйткені әйелдер тек қана адамзат тұқымын тарату үшін өмір сүруде және осыменен олардың міндеті шектеледі және де олар жекеден гөрі топ ішінде тұрғандықтан, топтың істеріне жекеге қарағанда, көбірек көңіл бөледі. Бұл оларға барлық болмысы мен эрекеттеріне ерлерге қарағанда, жеңілдікпен қарайтын өзгеше бағыт береді, сондықтан некелер жиі және үйреншікті араздасушылыққа негізделген... Әйелдер ешқашан да жеке мүлікпен, яғни қаржы, үлес жерлермен еркін менгеріп пайдаланбауы керек. Оларға эрқашан да қандай болса да бір қамқоршы қажет." [6].

Ғұмар Қарашев Қазақстанның ХХ ғасыр басындағы қазақтың демократ зиялыларының қоғамдық - саяси және құқықтық ой-пікірінің көрнекті өкілі, қазақ халқының ұлттық прогресс пен демократиялық дамуды және тәуелсіздікті ұран етіп көтерген ірі қайраткер, ағартушы демократ, патриотизмнің символы.

Оның саяси - көзқарастарының қалыптасуы, сол заманның ұлттық езгіге қазақ халқының жан айқайынан туып, жаңа кезеңде пайда болған қарма-қайшылықтардың тікелей жемісі ретінде анық байқалады. Қазақ халқының Алаш Орда және социал-демократтармен тығыз байланыста, Ғұмар Қарашев батыл түрде отарлық саясатқа, ұлттық езгіге және патша өкіметінің "боліп ал билей бер" саясатына қарсы батыл пікірлер білдірді, өз елінің қамқоршысы ретінде танылды. Патша өкіметінің экспансиясын, қазақ жерін жаулап алу саясатын қатаң сынға алды, өз халқының бостандық пен тәуелсіздікте дамуына барлық ғұмырын сарп етті. Өксік пен өкінішке толы өткен кезеңдер - ел тарихы мен халық тағдырының ащы сабақтарын алға тартады. Өз жерінде, өз елінде күн кешіп отырса да отаршылықтың озбырлығын, теперішін көрген халқымыздың өткен өмірін дос түгілі дұшпанның басына бермесін деп. Тарихтың сарғайған парақтарынан патшалы Ресей қазақ жерін империяның

ажырамас аумағы ретінде езіп, жаншып, орыс әкімшілігінің барлық сатыларындағы шенеуніктері өз тарапынан ойына келген тәртіпсіздіктерді орнатқанын, сол арқылы тұрғылықты қазақ халқын адам деп санамағанын оқығанда төбе шашыңыз тік тұрып, тәніңіз тітіркенеді, жаныңыз түршігеді. Мәселен, 1905 жылдарға дейін Верный қаласының мейрамханаларының маңдайшаларына: "Иттер мен қазақтарға кіруге тыйым салынады" деген жазулар ілінген екен. Бұдан артық қорлау, кемсіту, басыну бола ма?!

Ол ол ма, христиан дініне қарсылық білдіру, мемлекеттік басқаруға қарсылық білдіру, мемлекеттік және жергілікті міндеттер туралы қаулыға қарсылық білдіру, қазынаның мүлкі мен пайдасына, қоғамдық аманатқа, тыныштық пен тәртіпке, меншікке қарсылық..., қойшы әйтеуір кез-келген нәрсеге қарсылық білдіру соңы - тұрғылықты халықтың ауыр жазаға тартылуына әкеп соғатын. Міне, осының бәрі де қасақана қазаққа жасалған қысастық еді. Елдің бірлігі, жерінің тұтастығы үшін осындай езгіге, әділетсіздікке, заңсыздыққа жол беріп отырған озбыр империяға қарсы тұрған оқығаны мен тоқығаны мол қазақтан шыққан зиялы адамдар аз болған жоқ. Солардың бірі де бірегейі Ғұмар Қарашев еді. Кеңестік заманда Ғұмар Қарашевтің ісі бүрмаланып көрсетіліп, сон

ында қалған бай мұраларына талдау жасалынбады. Сөйтіп, елім деп еңіреген ердің халқына сіңірген еңбегі, жазған мақалалары мен көсемсөздері, өлеңдері ескерусіз қалды. Тұңғыш рет 1911-1913 жылдары Орал қаласында "Қазақстан" газетін шығарушылардың бірі, озық ойлы, қаламы жүйрік Ғұмар ел өміріндегі айтулы оқиғаларға жаңаша көзқараспен мән бере отырып, ойлы да салмақты

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шоқаев М., Элихан Бокейханов. Алаш ұлына үндеуі // Халық кеңесі. 1992. - 30 қазан. - 3-5 бб.
2. Сәрсенбаев Р. Советтер билеген Түркістан. 1935. Париж // Лениншіл жас. - 1991. - 16-қаңтар. -6-8 бб.
3. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. - Алматы: Санат, 1995. - 366 б.
4. Шілдебай С.Қ. Қазақстандағы қоғамдық-саяси күштер және Алашорда: 1917 ж. Ақпан революциясынан соң Қазақстанда қалыптасқан әр түрлі бағыттағы қоғамдық-саяси күштер туралы // Алматы ақшамы. - 1997. - 12-желтоқсан. - 3-5 бб.
5. Мұқанов С. Ғұмар Қарашев. Оқшау сөз. Сүйінші! // Қазақ. - 1913. -№14.-5-9 бб
6. Өзбекұлы С. Арыстары алаштың. Алматы: Жеті-Жарғы, - 1998. - 187б.

**УДК 343.983**

#### **АКТУАЛЬНОСТЬ И ВОЗМОЖНОСТИ ИЗУЧЕНИЯ ОГНЕСТРЕЛЬНЫХ ПОВРЕЖДЕНИЙ, ОБРАЗОВАВШИХСЯ В РЕЗУЛЬТАТЕ РИКОШЕТА**

**Жұмағали Е.**, магистрант,  
**Ашимова Д.И.**, м.ю.н., старший преподаватель  
Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова, г.  
Талдықорган  
[Egemen92@mail.ru](mailto:Egemen92@mail.ru), [Dinastie\\_galiktdk@mail.ru](mailto:Dinastie_galiktdk@mail.ru)

Мақалада сот қылмыстық істер және сот талқылауынды қарау кезінде фактілік мәні мен негіздерін орнықтыру мақсатында қарулар мен қару жарактарды қолдану мен олардың іздерін зерттеуде баллистикалық сараптаманы жүргізу

мәселесі қарастырылған.

В статье рассматриваются процессы баллистической экспертизы проводимой для исследования огнестрельного оружия, боеприпасов к нему и следов их применения, с целью установления фактических данных, имеющих значение для расследования уголовного дела и судебного разбирательства.

In article processes of ballistic examination carried out for research of firearms, ammunition to it and traces of their application, for the purpose of establishment of the actual data important for investigation of criminal case and judicial proceedings are considered.

**Ключевые слова:** огнестрельное повреждение, огнестрельный снаряд, рикошет.

Судебно-медицинское изучение повреждений, причиненных в результате применения огнестрельного оружия, ведется на протяжении более чем трех столетий. Наиболее фундаментальные исследования в данной области были проведены после окончания Великой отечественной войны. Основная направленность этих исследований сводилась к выявлению признаков, позволяющих объективно дифференцировать входные и выходные огнестрельные раны, устанавливать направление раневого канала, дистанцию выстрела, определять вид огнестрельного снаряда и образец использованного оружия. За последние десятилетия судебно-медицинская наука и практика сделали значительный шаг вперед в изучении огнестрельных повреждений. Установлены закономерности образования и отложения на поверхностях окружающей обстановки продуктов взаимодействия пули с частями тела человека [1], проведен сравнительный анализ повреждений при различных видах террористических актов и разработан способ решения вопроса об обстоятельствах причинения огнестрельных повреждений, изучены судебно-медицинские характеристики повреждений, возникающих в результате применения оружия специального назначения, разработана методика диагностического исследования огнестрельных повреждений, причиненных выстрелами из нарезного оружия. При исследовании огнестрельных повреждений, причиненных выстрелами через преграду, выявлена зависимость площади отложения металлов выстрела от предпреградного и запреградного расстояний, предложены оригинальные способы установления в огнестрельной ране материала поражаемой преграды. Вместе с тем, во многих разделах судебно-медицинской экспертизы остаются нерешенные задачи. На протяжении всего времени изучения огнестрельной травмы вопросу образования повреждений при рикошете огнестрельного снаряда уделялось крайне мало внимания [2].

Рикошетирование огнестрельного снаряда может происходить от различных по характеру преград. При рикошете соотношение угла встречи и отражения пули может быть различным: угол встречи может быть больше, меньше или равным углу отражения. Это соотношение зависит от формы пули, ее прочности, способности к деформации, скорости, величины угла встречи с преградой, прочности материала преграды и др. Различные сочетания указанных факторов могут приводить к приобретению пуль «кувыркательного» характера движения и, как следствие, образованию разрывов краев в области входного отверстия, начальных отделов раневого канала, обширных повреждений костей. При образовании повреждений в результате рикошета огнестрельного снаряда может наблюдаться его деформация и фрагментация, частичное рикошетирование дополнительных факторов выстрела, однако закономерности образования данных процессов и влияние их на характер повреждений изучены недостаточно [3].

Закон Республики Казахстан «Об органах внутренних дел Республики

Казахстан» разрешает применение огнестрельного оружия сотрудником органов внутренних дел для задержания лиц, совершивших особо тяжкие преступления (убийство, террористический акт и др.). Статья 59 Законом Республики Казахстан «О правоохранительной службе» применение огнестрельного оружия в данных случаях не признает преступлением и относит их к обстоятельствам, исключающим преступность деяния. В некоторых ситуациях, при отсутствии оснований для применения огнестрельного оружия на поражение (например, совершено преступление, не представляющее большой общественной опасности - кража в незначительном размере и др.), оружие может быть использовано как средство психологического воздействия на правонарушителя без использования его поражающих свойств, для чего сотрудник органов внутренних дел может произвести предупредительный выстрел в воздух. В данном случае сотрудник органов внутренних дел не преследует цели физического поражения преследуемого, однако вред его жизни и здоровью может наступить вследствие рикошета огнестрельного снаряда от какого-либо предмета окружающей обстановки (здание, сооружение, транспортное средство и др.) и правовая оценка содеянного будет зависеть от субъективного восприятия сотрудником органов внутренних дел окружающей обстановки. Нет оснований свидетельствовать о прямом умысле на причинение вреда, т.к. сотрудник органов внутренних дел исключал подобную возможность, производя выстрел в воздух, а не на поражение преследуемого. В развитии причинноследственной связи, в данном случае, вмешался рикошет огнестрельного снаряда, что не предвиделось самим сотрудником. И именно обнаружение признаков рикошета в огнестрельном повреждении позволяет вести речь о неосторожном преступлении и отграничить его от умышленного, что существенно повлияет на правовые последствия для сотрудника органов внутренних дел.

Несмотря на то, что развитие судебно-медицинской науки и практики достигло значительных высот, к настоящему времени отсутствуют четкие дифференциальнодиагностические морфологические признаки повреждений в результате рикошета огнестрельного снаряда, что не позволяет с полной уверенностью утверждать о наличии рикошета в каждом конкретном случае, а также устанавливать угол и дистанцию выстрела, и тем более - природу преграды, от которой произведен рикошет. Таким образом, весомым подтверждением актуальности изучаемой темы являются отсутствие научно-обоснованных дифференциально-диагностических критериев повреждений в результате рикошета огнестрельного снаряда и кардинальные различия в правовой оценке действий стрелявшего при установлении признаков рикошета, в отличие от ситуации, в которой таковых признаков не обнаружено. Все вышеизложенное, несомненно, говорит в пользу необходимости проведения исследований по установлению судебно-медицинских диагностических признаков пулевых огнестрельных повреждений, образовавшихся в результате рикошета; определению угла, дистанции выстрела при рикошете.

Результаты и обсуждение Изучение повреждений, возникающих в результате рикошета огнестрельного снаряда, требует экспериментального характера работы. На протяжении всего периода изучения огнестрельных повреждений в экспериментальных условиях традиционно использовался следующий принцип: оружие, из которого производится выстрел, фиксируется в специальных тисках, а на пулеулавливатель крепится объект (тканевая мишень, одежда и др.), повреждения которого, в дальнейшем, и подвергается изучению [4].

Для создания условий рикошета в экспериментальных условиях фиксатора огнестрельного оружия и пулеулавливателя недостаточно: необходимо каким-то образом расположить и прочно фиксировать преграду, от которой предполагается

рикошет, на определенной дистанции от дульного среза ствола оружия, и под определенным углом; в то же время, указанные параметры расположения преграды, как и сама преграда должны быть легко изменяемы в соответствии с задачами, стоящими перед исследователем. При изучении литературы выявлен лишь один способ экспериментального изучения повреждений, возникающих в результате рикошета огнестрельного снаряда: Л.М. Бедрин с этой целью производил выстрелы по поверхности массивных камней, имеющих гладкую поверхность, от которых и происходил рикошет огнестрельного снаряда. Подобным способом не представляется возможным изучить повреждения, возникающие в результате рикошета огнестрельного снаряда от других, менее массивных объектов (стекло, кафельная плитка и т.п.). Принимая во внимание вышеизложенное, для дальнейшего изучения огнестрельных повреждений, образовавшихся в результате рикошет, очевидным является необходимость разработки и создания установки для моделирования рикошета огнестрельного снаряда в экспериментальных условиях, с помощью которой возможно осуществление прочной фиксации различного рода объемных преград (кирпич, железобетонный блок и т.п.), так и преград малой толщины (кафельная плитка, стекло и т.п.) на необходимом расстоянии от дульного среза ствола оружия до преграды (предпреградное расстояние) и от преграды до поражаемого объекта (запреградное расстояние), а также под определенным углом к дульному срезу ствола оружия [5]. Для расположения установки на необходимых исследователю расстояниях она должна обладать определенной степенью мобильности. Использование подобной установки позволит моделировать образование рикошета огнестрельного снаряда в экспериментальных условиях в зависимости от поставленных целей и задач, предоставит исследователю возможность прочной фиксации на необходимых предпреградном и запреградном расстояниях, под определенным углом к дульному срезу ствола оружия различного рода объектов, используемых в качестве преград, а также позволит заменять преграды по ходу проведения лабораторного эксперимента.

Таким образом, принципиальные различия в правовой оценке действий стрелявшего при установлении признаков рикошета, в совокупности с отсутствием четких дифференциально-диагностических критериев огнестрельных повреждений, образовавшихся в результате рикошета огнестрельного снаряда подтверждают актуальность проведения исследований по данной тематике. Получение достоверных, научно обоснованных данных по изучению огнестрельных «рикошет-повреждений» на современном этапе развития судебно-медицинской науки и практики может быть достигнуто в ходе экспериментальных исследований, для проведения которых необходимы разработка и создание установки для моделирования рикошета огнестрельного снаряда в экспериментальных условиях. Подобная установка должна позволить исследователю, в соответствии с поставленными перед ним задачами, осуществлять размещение и прочную фиксацию различного рода преград на необходимых предпреградном и запреградном расстояниях, а также под определенным углом к дульному срезу ствола оружия, давая возможность изменения условий эксперимента по ходу его проведения.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Инструкция по производству судебных экспертиз и специализированных исследований в Центре судебной экспертизы МЮ Республики Казахстан. Алматы. 2002. 372с.
2. Погребной, А. А. Пособие криминалиста. Установление обстоятельств происшествия по следам рикошета на преградах и пулях: учеб. пособие для вузов.

М., «Приор-издат», 2004. 112 с.

3. Попов, В. Л., Шигеев, В. Б., Кузнецов, Л. Е. Судебно-медицинская баллистика. СПб.: «Гиппократ», 2002. 656 с.

4. Тюрин, М. В., Шигеев, В. Б., Попов, В. Л., Панов, В. П. Принципы проведения баллистических экспериментов с использованием био и небιο имитаторов // Актуальные вопросы СМ и экспертной практики. Новосибирск, 2002. В.7. С. 125-127.

5. Бедрин, Л. М. Об особенностях повреждений при обычных и некоторых своеобразных поражениях пуль винтовки: автореф. дис. на соиск. учен. степ. канд. мед. наук / Л. М. Бедрин; науч. рук. Л. М. Эйдлин; Воронежский государственный медицинский институт. Кафедра судебной медицины. Воронеж, 1951. 21 с.

## **ӘОЖ 342.2.**

### **ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУДАҒЫ ДІНИ НОРМАЛАРДЫҢ МӘНІ**

**Досымбеков Е.А.**

*І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ-сы, [Dosymbek-ab@mail.ru](mailto:Dosymbek-ab@mail.ru)*

Ғылыми мақалада қазіргі Қазақстандағы құқықбұзушылықтың алдын алудағы діни нормаларды, діндер және діни ахуалды жан-жақты қарауға талпыныс жасалды. Мақалада қазіргі заманда халықтың діни нанымның деңгейі өсіп, діни бірлестіктердің санының көбейгендігіне, әрбір адамның наным бостандығы құқығын құрметтейтін демократиялық, зайырлы мемлекет болып табылатындығын, елімізде діни бірлестікпен татулықты нығайту үшін қабылданған діни заңдарға, дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын органдарды қарастырғын.

**Негізгі сөздер:** құқықбұзушылық, діндер, діни ахуал, діни сенім бостандығы, діни бірлестіктер, діни ұйымдар православтық, католиктік, протестандық ұйым ислам, христиан, иудейлер, буддистер. Қазақстан халқы Ассамблеясы, Дін істері жөніндегі комитет.

В статье обращается более детальное внимание на тенденцию роста уровня доверия к религии, рост количества религиозных объединений, уровень роста числа религиозных объединений, рассмотрение демократического, светского государства уважающее веру каждого, рассмотрение законов направленные на единство и согласие, детальное изучение органов занимающихся религиозной политикой и роль религиозных норм в сфере правонарушения.

Ключевые слова: правонарушение, религия, религиозные течения, свобода вероисповедания, религиозные объединения, православные, католические, протестантские, исламийские, христианские, иудейские а также буддистские объединения. Ассамблея народа Казахстана, комитет по религиозным делам.

#### **Annotation**

In this article points is more detailed to the tendency of growth of confidence in religion, growth in the number of religious associations, the level of growth in the number of religious associations, democratic consideration, secular state respecting the faith of everyone, look at the laws aimed at unity and concord, detailed study of bodies engaged in religious politics.

**Keywords:** religions, religious movements, religious freedom, religious unities, Orthodox, Catholic, Protestant, Islamist, Christian, Jewish and Buddhist association. Kazakhstan People's Assembly, Committee on Religious Affairs.

Қазіргі заманғы Қазақстан - бұл көпұлтты және жартылай конфессионалдық ел. Республикамыз егемендік алғаннан бері мемлекетіміздің конфессиялық кеңістігі едәуір кеңейіп, түрленді. Осыған орай, халықтың діни нанымның деңгейі өсіп, діни бірлестіктердің саны төрт еседен астам көбейді.

Қазақстан Республикасы әрбір адамның наным бостандығы құқығын құрметтейтін демократиялық, зайырлы мемлекет болып табылады, азаматтар діни сеніміне қарамастан тең құқылы, Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін діндердің мәдени және тарихи құндылығын және конфессия аралық келісімнің маңыздылығын, діни төзімділікті және азаматтардың діни нанымдарын құрметтейді.

Елімізде 1992 жылдың 15 қаңтарында қабылданған Қазақстан Республикасының «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заң адам құқықтары туралы халықаралық актілер мен келісімдерде баянды етілген азаматтардың діни сенім бостандығы жөніндегі құқықтарын іске асыруға кепілдік береді. Аталған Заңның талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасының, сонымен қатар басқа мемлекеттердің азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар кез келген дінді еркін ұстануға немесе ешқайсысын ұстанбауға құқылы, құдайға құлшылық жасауға, діни жоралар мен рәсімдерге, дінді оқып-үйренуге қатысуға немесе қатыспауға оларды күштеп мәжбүр етуге жол берілмейді.

Ата дініміз – Исламға да еркіндік берілді. Әрине халқымыздың жастары тәуелсіздікке қол жеткізген жылдардан бастап дін ілімдерін үйренуге ден қоя бастады. Қазақтың жастары бабаларымыздың жолын қуып ислам елдеріне ілім іздеу үшін сапар шегіп те үлгерді. Сол жастарымыздың исламның қазақ қоғамының дәстүрлі ұстанымы мен ерекшеліктеріне ешбір тұрғыдан бөтендігі жоқ тәлімін үйреніп келіп жатқаны баршылық. Десек те, солардың арасында қазақтың ұлттық құндылықтары мен ерекшеліктерін мүлдем жоққа шығаратын кейбір араб, парсы, пұштун елдерінде тәлім алып келген жастарымыз бар екенін айтпай кетуге болмайды. Қазақты мүшрікке теңейтін араб елдерінен келген ұстаздар да егемендік алғаннан кейінгі жылдары еліміздің Алматы, Шымкент және еліміздің басқа да қалаларында белсенді жұмыстар жасады. Қазақ атамыз: «іштен шыққан жау жаман» дейді ғой. Жоғарыда айтып өткен басқа дінді немесе секталарды уағыздайтын миссионерлерге қарағанда, Исламның атын жамылып келіп жатқан уағызшылардың қаупі күштірек сияқты. Себебі, жалпы қазақтың қарақөздері басқа діннің және діни топтардың уағзына үрке қарайды. Көп жағдайда психологиялық, әлеуметтік, қоғамдық немесе рухани сияқты түрлі проблемаларға душар болып жүрген кісілер басқа дінді уағыздайтын миссионердің құрған тұзағына тұтылуы мүмкін. Сондықтанда бүгінгі таңда діни сауатсыздық діни ахуалға әкеліп отыр. Ислам дінін ұстанамыз деген көп жастарымыз өзге діннің етегіне еріп өз жанұяларынан қоғамнан тыс өмір сүруге бейімделіп отыруы өоғамды аландатып діни ахуалдың күрделуіне алып келіп отыр. Дін туралы заңдар қабылданғанмен жат ағымдар қолына түскен бауырларымыз қаракөз қарындастаымыздың саны азаймай отыр.

Қазақстан Республикасының азаматтары дінге деген көзқарасына қарамастан экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени өмірдің барлық салаларында заң алдында бірдей жауапты. Азаматтардың дінге көзқарасына қарай олардың құқықтарын тікелей немесе жанамалап шектеу, қандай да бір артықшылықтар белгілеу, өшпенділік пен жеккөрушілік туғызу, азаматтардың сезімдерін жәбірлеу, сондай-ақ, қайсы бір дінді ұстанушылар қадір тұтатын заттарды, құрылыстар мен орындарды қорлау т.б. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке тартылады. Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, ешкімнің де өз діни сенімдерін себеп етіп азаматтық міндеттерін атқарудан бас тартуға қақысы жоқ.

Діни наным себебімен атқарылуға тиіс бір міндетті екіншісімен алмастыруға тек қана Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жол беріледі.

Өз кезегінде, діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы заңдардың сақталуын бақылауды және қадағалауды Қазақстан Республикасының атқарушы өкімет органдары, прокуратура және басқа да құқық қорғау органдары заңдарда белгіленген өз құзыретіне сәйкес жүзеге асырады.

Сонымен қатар, діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктер туралы заңдардың бұзылуына кінәлі лауазымды адамдар мен азаматтар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке тартылады. Мысалы, Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 375-бабының 1-бөлігінде діни бірлестіктер басшыларының бірлестікті мемлекеттік басқару органдарында тіркеуден жалтаруы, діни бірлестіктің оның жарғысымен (ережесімен) белгіленген өз мақсаттары мен міндеттеріне қайшы келетін қызметті жүзеге асыруы, саяси партиялардың қызметіне қатысуы және оларға қаржылай қолдау көрсетуі, қайырымдылық қызметті жүзеге асыруды, науқас адамдарды күтіп-бағуды, бас бостандығынан айыру орындарына баруды қоспағанда, діни бірлестік орналасқан жерден басқа орында діни іс-шаралар өткізу ережелерін бұзуы, дінге табынушылар мен діни бірлестіктер мүшелерінің дінге табынуға қатысы жоқ арнаулы балалар мен жасөспірімдер топтарын ұйымдастырып, жиындарын өткізуі, жеке тұлғаларды діни жоралғыларды орындауға немесе өзге де діни қызметтерге қатысуға мәжбүр етуі ескерту жасауға немесе діни бірлестік басшыларына айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға қызметін алты айға дейін тоқтата тұрып немесе қызметіне тыйым сала отырып не жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Аталған заң талаптарын орындау еліміздің әрбір азаматының парызы болып саналады.

Ел боламын десең бесігінді түзе деп дана бабамыз айтқандай, еліміздің ертенгі тыныштығы, бірлестігі болашағының басты қағидасы болғандықтан. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі алғашқы жылдарда жас мемлекет – Қазақстан алдында экономика мен әлеуметтік-саяси жағдайды тұрақты дамыту басты мәселе болды. Тұрақты даму үшін ең бірінші тыныштық ұлтаралық бейбітшілік қажет болды. Елімізде діни бірлестікпен татулықты нығайту үшін діни заңдар қажеттілігі байқалды.

Заң енгізілген бері діни ұйымдардың саны 6 есеге өскен. Бүгінгі таңда Қазақстан жерінде 4 мыңнан астам діни ұйымдар тіркелген, солардың ішінде 2337 исламдық, 281 православтық, 82 католиктік және 1189 протестандық ұйым бар. Әр ұйымның өзіндік қағидалары мен ұстанымдары бар. Елімізде ислам және христиан діни кеңінен таралған. Алайда өзге өкілдері көп болғандықтан, басқа ағымдарда етек алған. Мемлекетімізде қандай дінді ұстанамын деседе әр азаматтың құқы бар.

2011 жылдың 11 қазанында қабылданған ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының преамбуласында тәуелсіздік алған жылдардан бері тұңғыш рет Қазақстан үшін дәстүрлі болып саналатын діндердің басымдылығы көрсетілді. Аталған құжатқа сәйкес, мемлекет халықтың рухани өмірі мен мәдениетінің дамуында исламның ханафилік бағыты мен православие дінінің тарихи рөлін мойындайды, сондай-ақ Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін барша өзге діндерді құрметтейді көрсетіледі.

Қазақстан халқының басым көпшілігі өздерін мұсылман санағанымен, бұл басқа діни сенім иелерінің толық-қанды іс-әрекет жасауына кедергі келтірмейді. Бұған мұсылмандық емес діни ұйымдар санының өсуі дәлел бола алады. Тәуелсіздік алғаннан бері православиелік, католиктік және протестанттық қауым саны біршамаға артты. Сондай-ақ иудейлер мен буддистердің ұйымдары да қызмет жасайды.

Мемлекет саясатының маңызды бағыты ретінде дінаралық диалогты атауға болады. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Қазақстан халқы Ассамблеясы секілді ұлтаралық және дінаралық диалогтың теңдессіз институты құрылды. Дін саласындағы мемлекеттік саясатты өз уәкілеттігіне қарай органдардың бір қатары жүзеге асырады. 2006 жылы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі құрамындағы өкілетті орган – Дін істері жөніндегі комитет құрылды. 2010 жылы Дін істері жөніндегі комитет Мәдениет министрлігі қарауына берілді. 2011 жылдың мамырында Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен Дін істері жөніндегі комитет Қазақстан Республикасының Дін істері агенттігіне ауыстырылып, Мәдениет министрлігі қарамағынан шығарылды. Осыған орай, Агенттікке конфессияаралық келісім, азаматтардың сенім бостандығына және діни бірлестіктермен өзара әрекеттесуге құқықтарын қамтамасыз ету қызметтері мен уәкілеті берілді.

Бұл шешім еліміздің басшылығы дін саласындағы мәселелерге көп көңіл бөлетіндігінің куәсі. Үкіметтің құрамына енді тікелей енетін уәкілетті органның статусын көтеру пайда болатын жағдайларды шұғыл әрі тез шешуге мүмкін береді.

Қазақстан Республикасының Дін істері агенттігі азаматтардың сенім бостандығына құқығын қамтамасыз ету, әр түрлі сенімді ұстанушылардың діни бірлестіктері арасындағы өзара түсінушілік пен төзімділікті нығайту, олардың мемлекетпен өзара әрекеттесуі саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру бойынша одан сайын үдетіле жұмысын атқарады.

Дін саласындағы жүйелі ғылыми зерттеулерді жүргізу, мониторинг пен талдау жасау мақсатында 2007 жылы дін мәселелері жөніндегі Ғылыми-зерттеу және талдау орталығы ашылды. Осылайша, Қазақстанда уақыт тезінен өткен этносаралық және дінаралық келісім моделі қалыптасты. Біздің еліміздегі түрлі конфессиялардың өзара әрекеттестігі тәжірибесін халықаралық аренадағы БҰҰ, ЮНЕСКО, ЕҚЫҰ секілді халықаралық ұйымдар үлгі тұтады.

Сондықтанда Қазақстандағы дін мәселесі мемлекеттегі тұрақтылық бейбітшілік ол өз отанын сүюден басталатыны айқын. Әр Қазақстандық жасөспірім азамат отанына адал қызмет етсе елде бірлік пен татулықта болады. Сонымен қатар біздің дініміз тек қана әділдікке, туралыққа, тазалыққа, ынтымақпен, бірлікке бөлінбеуге, басшыға бағынуға, білімге ұмтылуға, жақсылыққа, ата-ананы сыйлауға, т.б жақсылыққа жетелейтін, тәрбиеге имандылыққа шақыратын дін.

Дініне берік болмаса, ол ертең отбасына да, Отанына да берік болатын азамат болып өседі деп айта алмаймыз. Иманы бар адам, отанына, дініне, тіліне, қызмет жасап қорғайды, қорғай алады. Біздердің ортақ Отанымыз Қазақстан. Отанды ешкім сатып ала алмайды. Сол себептен де Қазақстан біз үшін өте қымбат

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ибраева С. «Қазақстандағы діни ахуал». // Егемен Қазақстан. - №139.
2. Қайрат Лама Шариф: «Мемлекет және дін: қоғам мүддесі жолындағы өзара іс-қимыл» // Егемен Қазақстан // - №18. –2012ж.
3. Айдос Сарым: «Дәстүрлі емес діни ағымдар – қауіпсіздікке төнген қатер» Парасат № 5.-23б
4. Кішібеков Д., Сыдықов Ұ. Философия, Алматы «Қарасай» 2008ж
5. Тұрғынбаев Ә.Х. Философия.- Алматы «Білім» 2005 -85б.
6. Дулатбеков Н. Мемлекет және құқық негіздері. – Астана: «Фолиант», 2011. – 356 б.

ӘОЖ 342.2.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ-ҚОҒАМ ДЕРТІ

Досымбек А.Б.

*І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ-сы,  
[Dosymbek-ab@mail.ru](mailto:Dosymbek-ab@mail.ru)*

Ғылыми мақалада Қазақстанда сыбайлас жемқорлықтың белең алуының себептері, оның «тамырын» шабуға бағытталған нәтижелі жұмыстар жәйлі және соған сәйкес қабылданған заңдар, Мемлекеттік бағдарламалар қарастырылған.

**Негізгі сөздер:** сыбайлас жемқорлық, Мемлекеттік бағдарлама, нарықтық экономика, әлеуметтік-құқықтық бақылау, Қазақстан Республикасының Заңдары, Қаржы полиция агенттігі, Қаржы министрлігі, Мемлекеттік салық комитеті, Қазақстан ұлттық банкі.

В статье обращается более детальное внимание на причины распространение коррупционных действий, а также рассмотрены результативные действия в соответствии принятых законов и государственных программ.

**Ключевые слова:** коррупция, Государственная программа, социально-правовой надзор, законы Республики Казахстан, агентство Финансовой полиции, министерство финансов, Государственный налоговый комитет, Национальный банк Казахстана.

The paper addresses a more detailed attention to the causes of the spread of corrupt practices, and will review the action in accordance with adopted laws and government programs.

Keywords: corruption, the State program of social and legal supervision, the laws of the Republic of Kazakhstan, the Financial Police Agency, Ministry of Finance, State Tax Committee, the National Bank of Kazakhstan.

Соңғы уақытта Қазақстанда сыбайлас жемқорлықтың «тамырын» шабуға бағытталған көптеген нәтижелі жұмыстар атқарылып жатыр. Соған сәйкес Мемлекеттік бағдарлама қабылданып, соттық жүйені реформалау да жүргізілуде. Мемлекеттік қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін орындаудағы жауапкершіліктерін арттыру шаралары қолданылуда.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – бұл үздіксіз процесс. Сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін жауаптылық нормаларының қолданылмауы, абсолютті көрсеткіш болып табылмайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің болмауы сыбайлас жемқорлықтың өзінің болмауымен бірдей. Сыбайлас жемқорлықтың тамырына үнілгенде бұл мәселеден шығудың жолы жоқ деген сезім тұмауы керек.

Сыбайлас жемқорлықтың белең алуының бірден-бір себебі – мемлекеттік қызметкерлердің жұмысын және олармен қолданылатын шешімдерді әлеуметтік-құқықтық бақылаудың жеткіліксіздігі. Нарықтық экономика әлеуметтік-құқықтық бақылаудың бұзылуын қолдамайды. Керісінше, ол нақты құқықтық белгілеулер арасында дамып отырады. Әлеуметтік-құқықтық бақылау дегеніміз – бұл криминологиялық, алдын-ала ескертулік бақылау, бірақ алдын-ала ескерту болмаған жағдайда оған қылмыстық-құқықтық құрам кіреді.

Ол қызметкерлердің міндеттерінің нақты дайындалған заңдардың негізінде ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік қызметкердің қабылдаған шешіміне қатаң әлеуметтік-құқықтық бақылаудың бекітілуі сыбайлас жемқорлық қылмысының алдын-ала ескертілуіне маңызды бағыт болып табылады.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Заңдары, Елбасы жарлықтары, министрліктер мен мекемелердің нормативтік актілері сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте қолданылатын әр түрлі бақылау шараларын қарастырады. Бұл шаралардың елеулі мөлшері мен әр түрлілігін есепке ала отырып, оларды белгілі бір топтау шеңберінде орынды қарастыру ұсынылады. Құқықтың табиғаты мен сипатына қарай

қолданыстағы бақылау шараларын екі негізгі топқа бөлуге болады. Қаржылық бақылау шаралары көп жағдайда осы бақылаудың жүзеге асырылуы үшін арнайы уәкілеттік берілген мемлекеттік органдармен Қаржы полиция агенттігімен, Қаржы министрлігімен, Мемлекеттік салық комитетімен, Қазақстан ұлттық банкімен, министрліктер мен мекемелердің аудиторлық, тексеруші, бухгалтерлік бөлімшелерімен және т.б.), құқық қорғау органдарымен қабылданатын жедел-ізвестіру, қылмыстық-процессуалдық, әкімшілік-құқықтық сипаттағы шаралар қолданылады.

ҚР «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» 1994 жылғы 15-қыркүйектегі Заңы (кейінгі өзгертулер және толықтырулармен) осы органдардың құқықтарын белгілі бір жағдайларда азаматтардың сұрауларын жүзеге асыруды, анықтамаларды енгізуді, пошталық жөнелтілімдерді қадағалау және бақылау, телефондық келіссөздерді тындауды және т.б. қарастырады.

Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес шаралары күшейтіліп келе жатқандығын айта кету керек. Соның ішінде ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы» арнайы Заңдар қабылданды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес арнайы дайындалған Мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылады. Жоғарыда айтылған екі заңда әлеуметтік-құқықтық бақылауға көп назар аударылған. Мысалы, ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік қызметке қабылдану кезінде азамат салық қызметі органдарына кірістері және өзінің жеке меншік құқығына жататын, салық салу объектісі болып табылатын мүлігі туралы мәлімет ұсынуы тиіс. Осы баптың 4-бөлімінде әкімшілік мемлекеттік қызметті тек арнайы тексеруден өткеннен кейін ғана атқаруға болатындығы туралы айтылған. Көрсетілген заңда мемлекеттік қызметке келуге байланысты шектеулер қарастырылған. Оның негізгі мақсаты – мемлекеттік қызметкерлер тарапынан болатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайларына жол бермеу.

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік міндеттерді орындауға уәкілетті және оларға тең барлық тұлғалар тұрғылықты жері бойынша салық қызметкерлеріне өзінің мүліктік және кіріс жағдайы туралы мәліметтерді ұсынуға тиісті. Осындай ереже жоғарыда айтылған ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңында да бар.

Билік болған жерде адамдардың қызмет бабын жеке мүддесі үшін пайдалануы түбегейлі жойылған емес. Бірақ, бұл көрініс бір елдерде әбден тамырланып жүйелі сипат алса, ендігі бір елдерде ол жеке дара сирек кездесетін келенсіз оқиға ретінде қабылданады.

Осыған қарап, ол елдің даму деңгейін, азаматтардың заңды сақтауға деген көзқарасы мен құқықтарының сақталу жағдайын байқауға болады. Бұлай дейтін себебіміз, сыбайлас жемқорлық етек алған елде заңнан бұрын «парақорлар мен тамыр-таныстық» үстем етеді. Сол себепті, сыбайлас жемқорлық тамырын теренге жайып, жүйеге айналса, мемлекетке қауіп төніп, ақырында оның іріп-шіріп, тоқырауына әкеп соқтырады.

Сыбайлас жемқорлық дегеніміз – қоғам мен мемлекеттің қылмыстық сипат алуы сияқты қауіпті ұғым. Оның жоғары деңгейдегі қоғамдық қауіптілігі ол мемлекеттіліктің негізін құлдыратып, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіреді. Сыбайлас жемқорлық – бүкіл әлемдік проблема. Сондықтан оның кез-келген түрлерімен аяусыз күресіп, түп-тамырымен жойған дұрыс.

Соңғы жылдары мемлекеттік қызметшілерге қойылған талаптардың күшейтіліп, сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күрес нәтижесінде сыбайластық қылмыстар әлдеқайда азайды деп айтуға болады. Мұны кез-келген мемлекеттік органдардағы қызметкерлердің қазіргі қарым-қатынасынан да байқаймыз.

Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі қабылданып, мемлекеттік қызметке жаңа қабылданған қызметкерлер ант қабылдап, оған жауаптылықпен қарауда.

Бүгінгі таңда құқық қорғау органдары әшкерелеп жатқан мемлекеттік қызметшілер тарапынан жасалатын сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтың сипатын, жасалу себептері мен осыған итермелеген жағдайларға талдау жасайтын болсақ, олардың басым көпшілігі заңды білмеуден немесе оған немқұрайды қараудан орын алуда. Мысалы, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының талабына сәйкес мемлекеттік міндеттер атқаруға уәкілетті адамдар мен оған теңестірілген адамдар жыл сайын тұрғылықты жері бойынша салық органдарына табыстары туралы мәлімдеме тапсыруға міндетті.

Алғашқы жылдары осы декларацияны уақытылы тапсырмау сияқты әкімшілік құқық бұзушылықтар жиі кездесетін болса, қазіргі кезде ондағы мүліктері жөніндегі мәліметтердің толық болмайтыны орын алуда. Бұл құқық бұзушылықты мемлекеттік қызметшілер мен оған теңестірілген адамдар әдейі жасайды деуге болмайды. Бұл негізінен қызметкерлердің жауапсыздығынан, осы мәселеге немқұрайды қарауынан немесе заңды білмеуінен болады.

Дейтұрғанмен қызмет бабын өзінің жеке мүддесі үшін пайдаланып жүрген мемлекеттік қызметшілер заңды біледі және пайда табу мен игіліктер көруде оны айналып кетудің жолын іздейді.

Өкінішке орай, кейбір жағдайда жемқорлар заңның әлсіз, жетілмеген тұстарын немесе құқық қорғау органдарындағы мамандардың кәсіби біліктілігінің жетіспеуін пайдаланып, жауаптылықтан тыс қалуда.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің соңғы кеңейтілген кеңесінде: «Партияның өңірлік филиалдары жергілікті жерлердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мақсатты ұйымдастырылған күресті өрістетуі керек. Партияның облыстық және аудандық филиалдарындағы арнаулы кеңестер парақорлар мен қазынаға қол салушылар үстінен түскен арыз-шағымдарды қарауға тиіс. Партия лас қолды шенеуніктерді қызметтен алуды және жазалауды жария түрде талап етуі керек. Сыбайлас жемқорлықпен және парақорлықпен бірлесе отырып, бүкіл халық болып қана күресуге болады. Біздің партия осы күрестің алдыңғы шебінде екенін көрсетуі тиіс», - деп қадап тұрып айтқан еді.

Жалпы қоғамдағы қауіпті құбылыс – сыбайлас жемқорлықпен күресті науқаншылдыққа айналдырмасақ қана жеңіске жететініміз сөзсіз. Облыстағы барлық құқық қорғау, бақылау, қадағалау органдары, «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы осы принципті берік ұстанып отыр. Олардың қолға алып, атқарып жатқан батыл шараларына халық қолдау көрсетіп, сенім білдіруде.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев қызметінің маңызды қадамы болып қалуда. Өзінің халыққа жыл сайынғы Жолдауында Елбасы құқық қорғау органдарының қызметін батыл әрі түбегейлі жақсартуды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте нақты әрі маңызды табыстарды тағыда да талап етеді.

Жолдаудағы қадап айтылған үлкен әңгіменің бірі деп жемқорлыққа қарсы күрес шараларын жетілдіру жөніндегі стратегиялық бағыттардың нақтыланғандығын айтар едім. Оның үстіне бұл күреске «Нұр Отан» партиясының тартылуы келешекте істің нәтижелі жүргізілуіне пайдалы әсерін тигізеді деп ойлаймын. Жемқорлықты тежемесе болмайды. Ол қазірдің өзінде әл бермейтін ауруға айналып барады. Жең ұшынан жалғасқан сыбайластық пен парақорлық жайлаған қоғамда демократияның салтанат құруы мүмкін емес. Сондықтан да қауіпті кеселдің алдын алуға жұртшылық болып жұмылуымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 ж. 30 тамыз //Алматы: Жеті жарғы, - 100 бет.
- 2 Қазақстан – 2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Алматы: Білім, 2001. – 96 бет.
- 3 Мемлекет басшысының «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты 2008 ж. 6 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауы.
- 4 Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 1998 ж. 2 шілдедегі №267 - 1 Заңы.
- 5 Сарсембаев М.А. Коррупцию можно и нужно победить. //Антикоррупционный вестник. - №1. 2012. – С. 1, 12.
- 6 Турсынбаев Д. Причины и условия, порождающие коррупцию в Республике Казахстан. //Фемида. - №2. 2011. – С. 13-15.

**ӘОК 343.**

### **СОТ ЭТИКАСЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛУЫ**

**Уразымбетов Т.Е.**

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы.*  
[120868@inbox.ru](mailto:120868@inbox.ru)

В данной статье рассматриваются вопросы о становлении и развитии судебной этики в Республике Казахстан. Также затронуты понятия профессиональной этики юристов, в частности судей и адвокатов. Общие понятия о нравственности в сфере юридической деятельности. А также специфические нравственные нормы профессиональной деятельности и внеслужебного поведения юристов.

Ключевые слова: профессиональная этика, нравственность, справедливость.

The article shows the questions about the implementation and development of judicial ethical in the Republic of Kazakhstan. Also touches the concepts of professional ethic of lawyers partially courts and lawyers. Common concept of moral in the sphere of judicial activity. Also specific moral norms of professional activity and out of duty behavior of lawyers.

*Key words: professional ethics, morality, justice.*

Осы мақалада Қазақстан Республикасындағы сот этикасының пайда болуы мен даму жолдары қарастырылады. Сондай-ақ заңгерлердің кәсіби этикасының ұғымы, жекелеп айтқанда судьялар мен адвокаттардың. Заң қызметі саласындағы әдептілік туралы жалпы ұғымдар берілген. Және де кәсіби қызметтің спецификалық әдептілік нормалары және заңгерлердің қызметтен тыс мінез-құлықтары.

Негізгі ұғымдар: кәсіби этика, әдептілік, әділеттілік.

Сөз шешені (оратор) сөзі XVIII ғ. латын тілінен (лат. orator - orare сөзінен - сөйлеу, әңгіме қату) алынған. Оның бірінші мағынасы – «сөз сөйлеуші», «сөз қатушы адам». Бұл мағынада сөз термин ретінде пайдаланылады: адвокаттар, азаматтық іс жүргізуде талапкер және жауапкер құқықтарын қорғау үстінде және қылмыстық іс жүргізу кезінде айыпталушының құқықтарын қорғай отырып, сотта істі талқылауда процессуалдық ережелерге сәйкес өз функциясын орындайды.

Сөз шешенінің рөлі, бұл сөздің ұғымында процессуалдық заңмен қарастырылған іс әрекеттерді орындауға әкеп соқтырады: саралау, құқықтық баға беру. Соттағы алқа билердің сөз сөйлеу мәдениеті

**Сот этикасы** – бұл қылмыстық, азаматтық, және арбитраждық сотөндірісіндегі судьялардың және де өзге де мамани қатысушылардың мамандық қызметінде әдептілік сипатын қамтамасыз ететін және қызметтен тыс мінез-құлықтарын, сондай-ақ осы саладағы мораль талаптарының спецификалық құбылыстарын зерттейтін ғылыми пән.

Осы анықтамамен ғылым ретінде сот этикасының үш құрамдық бөліктері қамтылады:

- Нормативтік бөлігі – қағидаттар және нормалар;
- Олармен реттелетін қарым-қатынастар;
- Сотөндірісіне қатысушылардың әдептілік саналары.

*In order to achieve the ideals of a planned destination of interest, one of the most effective ways to improve the quality expected. If you use the image of the social status of journalists and the establishment of confidence in the future of relations between the circle. To act according to the situation, it was only able to find a way to communicate to achieve your goals. If you want to evaluate the possibility to consider the situation in the creation of solutions can be difficult to resolve the issues.*

**Кілт сөздер:** БАҚ, психология, манипуляция, позиция, реплика.

Белгілі бір көпшілік қатысқан процестерде журналист әр жақтың психологиялық ерекшеліктерін нақ әрі толықтай ескеріп, санасып отыруы керек. Ең бір талап етілетін жәйт - өзіңнің мүмкіншіліктеріңді біліп, кәсібилік қасиеттерің

бағалай алуы қажет. Ол өзінің аудиторияға, билікке, қалыптасқан кәсібилік парызына деген қатынасын белгілеп алуы шарт. Осыған байланысты БАҚ өкілдерінің мақсаттары мен тапсырмалары анықталып, қоғаммен қарым-қатынас қалыптастырады. Сондай – ақ, журналисте басқару, үйіріп әкету қабілеті болуы керек. Ал бүгінде әлеуметтік – психологиялық басқару әдістері журналистер қауымы үшін нағыз керекті сала. Басқарудың әлеуметтік – психологиялық әдістері ұжымды қалыптастыру әрі дамыту процесіне, олардың өз араларындағы әлеуметтік процестерге ықпал етудің нақты амалдары мен тәсілдерін білдіреді. Бұл әдістердің мақсаты – адамдардың өсе түскен, яғни өскелең әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру, олардың жан – жақты үйлесімді дамуын қамтамасыз ету және осылардың негізінде жеке тұлғаның еңбекке деген құлшынысын, ұжымдардың тиімді еңбек етуін арттыру. Басқару әдістері ең алдымен ықпал етудің бағытын анықтайтын өзінің уәждемелік (мотивационной – себеп тудыратын) сипаттамасымен ерекшеленеді. Бұл сипаттама адамдардың мінез – құлқын анықтайтын және тиісті әдіс топтарына бағдарланған уәждемелерді (мотивы – себепкерлер) көрсетіп береді.

Әлеуметтік-психологиялық әдістері рухани мүддеге (қажеттілікке) ықпал етудің мүмкіндіктерін пайдаланады. Әлеуметтік уәждеме (мотивация) саяси, моральдық, ұлттық, отбасылық және басқа да әлеуметтік мүдделердің бағдарын қарастырады. Ұжымның әлеуметтік сипаттамасы мен өндірістің экономикалық және ұйымдастырушылық көрсеткіштері арасында тығыз байланыс болады. Әлеуметтік мәселелерді шешіп алмайынша еңбекке деген дұрыс қатынасқа (көзқарасқа) өндірісті тиімді дамытуға қол жеткізу мүмкін емес. Әлеуметтік-психологиялық аспектіде өндірістік ұжымның рөлін қалай ұғуға болады? Өндіріс ұжымы – бұл қоғамның пайдасы үшін бірігіп қызметтететін, ортақ мақсат, ортақ мүдде бастарын біріктірген, бәрі біреу үшін, біреу бәрі үшін жауап беретін, бір ұйымға жұмыс істейтін адамдардың жиынтығы. Өндіріс ұжымы – бұл бірігіп еңбек ететін адамдардың тек жай ғана бас қосуын білдірмейді. Ол жекелеген жұмыскерлер мен олардың топтары арасындағы тұрақты әрекет ететін экономикалық, өндірістік-техникалық, өнегелік (нравственных), мәдени тұрғыда қалыптасады.

Басқарудың әлеуметтік әдістері әлеуметтік әр қилы әдістердің кең спектрінің қамты алады:

- әлеуметтік – саяси;
- әлеуметтік реттеу;
- әлеуметтік бастама;
- моральдік ынталандыру.

Әлеуметтік нормалау әдістері әр түрлі әлеуметтік нормаларды енгізу жолымен ұжым және жекелеген жұмыскерлер арасындағы әлеуметтік қатынасты оңайлатуға мүмкіндік тудырады. Бұл нормаға ішкі тәртіп ережесі, ұйым жарғысы, әр түрлі кодекстер, өндірістік әдеп ережелері, тәртіпке шақыру формалары жатады. Әлеуметтік – саяси әдіс – бұған қоғамдық ұйымдардың ықпал ету әдістері кіреді. Әлеуметтік реттеудің әдістері әр түрлі ұжымдардың топтардың, тұлғалардың мүдделері мен мақсаттарын анықтау және реттеу жолымен әлеуметтік қатынастарды ретке келтіріп, үйлестіруде пайдаланылады. Моральдік ынталандыру әдістерін өз қызметтерінде жоғары нәтижелерге қол жеткізген жеке жұмыскерлерді, ұжымдарды көтермелеу үшін қолданады.

Басқарудың психологиялық тәсілдері адамдар арасындағы қарым-қатынастарды ұжымда үйлесімді ахуал жасау арқылы реттеуге бағытталған. Басқаруды ұйымдастыру адам психикасының жұмыс істеуі, яғни дүние таным, қиял, ықылас-ілітипат және басқа элементтер негізінде жүзеге асады. Соныдктан, адамның уақыт сәтіндегі психикалық ахуалы оның жеке іс-қызмет нәтижелеріне тікелей және

тура әсер етіп қана қоймайды, барлық ұжымның іс-қызмеі қорытындыларына да әсер етеді. Басқаруды ұйымдастыру мен жүзеге асыру кезінде адамдардың іс-қызметтегі мінез-құлқының заңдарын ескеру қажет. Бұлар:

- адам әрқашан өзі аз шығарып, көп нәтижелерге жетуге ұмтылады;
- әрбір адам нәтижесінде жарамды формада өзіне ең көп шамадағы көтермелеу мен ең аз шамада жаза болатындай әрекет етуге ұмтылады;
- әрбір адам өзін іс жүзінде көтермелейтін немесе жазалайтын инстанция не айтса, соны істейді;

Басқарудың психологиялық әдістеріне мыналар кіреді:

- шағын топтар мен ұжымдарды іріктеп жинақтау;
- еңбекті ізгілендіру;

Әлеуметтік-психологиялық әдістері рухани мүддеге (қажеттілікке) ықпал етудің мүмкіндіктерін пайдаланады. Әлеуметтік уәждеме (мотивация) саяси, моральдық, ұлттық, отбасылық және басқа да әлеуметтік мүдделердің бағдарын қарастырады [3]. Қарым-қатынас барысында журналистің басты мақсаты - ол объектпен жоғары дәрежедегі түсіністік орнатып, көздегеніне жету. Егер ол қажет мәліметтердің көзі болса, көп нәрсе журналистің бет-әлпетіне, өзін қалай ұстағанына, сөйлеу мәнеріне, басқалармен араласуына, сөйлесіп отырған адамның санасы мен көңіл-күйін ажырата алуына байланысты пайдаға асады. Межелеген мұратқа жету үшін адресаттың қызығушылығын оятып, күткен сапасын алдына арту ең тиімді жолдардың бірі. Журналист өзінің әлеуметтік статусы мен имиджін орынды пайдалана алса ғана ресми қарым-қатынасты арада сенім орнаған қатынасқа айналдыра алады. Орын алған жағдайға қарай әрекет етіп, соған сай болатын қарым-қатынас жолын таба білсе ғана алға қойған мақсатына жете алады. Қажетінше орнаған жағдайға қарап өз мүмкіндіктерін де бағалай алса шешімі қиын мәселелерді шеше алады.

Тек жалқаулар ғана бүгінгі таңдағы БАҚ-тың кемшіліктерін атағысы келмейді. Ал өз жұмыстары жайында журналистердің ойы қандай екен? Өздеріне қаратылған түрлі сындарға қандай көзқарас ұстанады? Бұл айыптаулар нақты дәлелдермен көрсетілген бе ол ешкімді қызықтырмайды. Осы мәселелерге қарап тарих беттерін парактасақ та мардымды ештеңе жолыға қоймады. Терең зерттелген сала тіл мәселесі екенін көреміз. Мысалы, "парламенттік сөздердің мәдениеті" атты жинақта Б.В. Колодкин сынды депутаттың - жастар санасына тіл арқылы әсер ету - деген сияқты, сонымен қатар А.П. Сковородникованың сөз саптаулары келтірілген. Аса қызық та жан-жақты басылымдар болып Америка зерттеушілерінің - "Баспаның төрт теориясы" және "Масс-медиа жөніндегі тұжырымдар" саналады. Адам психологиясын зерттеген ғалымдар позицияны аса толық бір жинақ деп есептейді.

Сондай-ақ сұхбаттасу кезіндегі кездесетін психологиялық түйткілдерге байланысты психолог мамандардың бірнеше кеңестері бар. Солардың ішінде журналистер қауымына қатыстысын талдап өтсек, респондентімен алғаш кездескенде сыпайы амандасып, танысу - алдағы мақсаттарға жетудегі негізгісі. Екіншіден, тілші түйінді мәселелер себебін іштей зерделеп, оны респондентіне жеткізу жолын іздеу. Жеткізген жағдайда оның қабылдауы мен эмоциясын бақылап отырып, соған сай байышпен әрекет ету - фактіге қол жеткізу жолдары.

Қарым - қатынас барысында қолданылатын адам санасы мен әрекетіне әсер ететін бірнеше тәсілдер бар. Олар: еліктеу, сендіру, еліктіру. Бұлардың механизмдері күрделі әрі сан қилы. Олар кең ауқымды жұмыс істейді. Осы арада сендірудің әсері жайында кеңінен зерттелген. Дегенмен тәсілдердің барлық түрлері де пайдаға асады.

Еліктеу - бұл басқа біреудің әрекетін, мінезін, қимылына қарап қайталау. Еліктеудің құрамына кіретін негізгі әрекет көшбасшының бар болмысын қайталау.

Ең кең тараған түрі - конформизм, яғни кез-келген күші, билігі бар адамға еліктей салып, өз орнында, жеке көзқарасын жоғалту, мүлдем дара әрекет ете алмау.

Еліктіру - эмоциялы-психологиялық әрекеттің түрі. Бұл жерде аса маңызды рөл қолпаштауы көп көшбасшыда болады. БАҚ-та кең тараған тәсілдердің бірі - сендіру. Бұл тәсіл адамдардың бойында басқа бір ерекше сезімнің пайда болып, жекешелену қалпын тудырады. Әсіресе көп қолданылатындары манипуляция арқылы, мифтік әңгімелер арқылы еліктіру, стереотипизация.

Сендіру - бұл адамның білімі мен ой санасы арқылы әрекет ету. Басқа тәсілдерге қарағанда бұл түрі біліп істелгендігімен ерекшеленеді. Ол міндетті түрде түрлі дәлелдер мен аргументтердің келтірілуін талап етеді. Бұл тәсілмен жұмыс істеу қате пікірге бой алдырғандар арасында күрделі болып келеді. Сендіруді дұрыс пайдаланып, онымен жұмыс істей алу - журналистің хас шеберлігінен хабардар етеді.

Жоғарыда аталған әртүрлі факторларда оқырман сондай мол өзіндік психологиялық әсер алады. Қазіргі заманауи журналистика саласында БАҚ өкілдерінің айналасында қажетті нәтижеге жету мақсатында көптеген түрлі эффектілер пайдаланылады. Бұл тәсілдерді жетік білудің қажеттілігі сонда, ол арылы жағымсыз әрекеттер жасауға жол берілмейді. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы адам санасымен манипуляция жасау бүкіл әлемде белең алған жайт. Сол арқылы газет, журнал, телеарна, радиохабарлар түрлі пікір таратып, жұрт санасын басқарғысы келеді.

Манипуляция арқылы әсер етудің негізгі бөліктері болып сендіру мен еліктіру, еліктеу саналады. Бұлар анық сенім ұялатпайды, олар адамның эмоциясы арқылы әлеуметтік тұрғыда әсер етеді. Манипуляцияның негізгі мақсаты - аудиторияны өзіне бағынышты етіп, кез-келген пікірмен келісе беретіндей етіп жасап алу.

Мифологизация - бұл арнайы ойластырылған әлем картинасы. Бұл жерде шындық тұмандалып, құбылыстар түрлі кейіпте елестейді. Пропагандалық аңыздар шындықты жасырып "өтірік сана" тудырады. Бұл әсіресе жастар арасында кең тараған сендіру түрі. Әлі ешқандай тәжірибесі мен білімі жоқ жастар алданып, тағдырлары тұмандалып қалып жатады.

Сананы стереотипизациялау - бұл күнделікті өмірге еніп, сіңіп кеткен құбылыстар арқылы әсер ету. Психологиялық стереотиптер адамдарға тез әрі жедел түрде өмір заңдылықтарына бағынуға итермелейді, өкініштісі, адам бойындағы шығармашылық бастаулары мен рухани байлығын кемітеді, сананы тізгіндеп тастайды. Құралу барысында стереотип үш сатыдан өтеді - теңестіру, күшейту және ассимиляциялау.

Манипуляция әдісі мен стереотипизация тәсілі қосылатын болса аса жоғары көрсеткіш пен эффект береді.

Идентификация - бұл өзін басқа түрге жатқызудағы күрделі процесс.

Өзін басқа қоғамға, топтарға жатқызу арқылы адам сол адамдардың әрекеттері мен мінез-құлықтарын бойына сіңіріп, өзін жоғалтып алады.

Имиджмейкерлік – бұл тауар, адам, әрекеттердің арнайы қызықтыру мақсатында ойластырылып жасалған болмысы.

Имидж болмыстың бояуларын қоюландырып, сендіру функциясын атқарады. Бұл жерде белсенді әрекет ететін құбылыстар - ол адам психикасын алдау, әлеуметтік-психологиялық ұстанымдар, ойдың ұшқырлығы, еліктіру. [4,153 бет]

Клипмейкерлік (клип, түрлі бейнелерді түсіру) - бұл арнайы хабар таратудың бір түрі. Басты ұстаным - эмоцияның шарықтауы мен сананың әлсіреуі. Қайталау мен ашулы әрекетпен мінезделеді. Аса танымал "сары баспасөздің" басты

ұстанатын әдісі болып саналады. Психологиялық бастаушысы ашу мен түрлі жағымсыз әрекеттер.

Сенімді мағлұмат беру – бұл аудиторияға әсер қалдыру. Бұл әрекет тәжірибелі журналистердің араласуымен жүзеге асады. Маңызды рөлді комментатор мен аудиторияның оған деген сенімі алады. Қарым-қатынас екіжақты диалог түрінде жүргізіліп, екі жақ та белсенділік танытады.

Осы әрекеттер арқылы БАҚ пен аудитория арасында белгілі бір байланыс туындайды. Айталық, әрқайсысы өз мақсаттары мен қажеттіліктерін көздейді. Осы арқылы бір-бірімен әрекеті түзіледі. Бұл екі түрдің әлеуметтік-психологиялық әрекеттерінің байланысы күрделі. Олар:

- мәліметтік қысым (аудитория - топ, журналист тарапынан манипуляция құралы),
- жаттану (екіжақты сенімсіздік),
- жаңалықпен қамту (шынайы, нағыз жаңалықты алу мақсатында екіжақты қызығушылық),
- тәрбие, жаһандану (журналист - жаһандандырушы, білім мен мәдениеттің өсуіне себепші болады, рухани азықпен қамтамыз етуші),
- диалог (бір-біріне деген сенім мен бағалау. Орын алған мәселені бірлесе шешу).

БАҚ пен аудиторияның бір-бірімен байланысының нәтижелері мынадай эффектін көрсетеді:

- утилитарлық (өмірлік мәселелерді шешуге талпыну),
- заманауи (престижный),
- позицияны күшейтудегі эффект,
- танымдық қызығушылықтарды қанағаттандырудағы эффект,
- эмоциялық,
- эстетикалық,
- жайлылық эффектсі.

Жиі кездесетін жағдайлардың бірі журналист позициясының айқын емес жасырын көрініс табуы. Жазу үшін журналистке белгілі бір аргументтер беріледі, бірақ олар фактілермен дәлелденбегендіктен шынға жанаспай қалады. Осы іспеттес құбылыс "псевдоаргументация" деген атқа ие. Мысалы: Оппозиционерлердің түйсігі өз қарсыластарына қарсы жұмыс істейді. Бұрынырақта қызмет баспалдағымен көтерілу үшін міндетті түрде жоғарыдағы "ағалармен" бөлісу керек болатын. Онсыз мүлдем мүмкін емес[5].

Шындық пен дәлелсіз жазылған бұл мәтін арқылы журналистер қоғамды "оппозиционерлер тек нашар адамдар" деген ойға еріксіз итермелейді. Журналистік мәтін көбінесе жеке дара арнайы сөздерге бай болады. Олар мәтін ішінен арнайы орын алып тұрады. Осындай сөздер "индикатор сөздер" деп аталады. Олар оқырман назарын байқатпай бұрып отырады. Расында мұндай сөздер сендіру үшін өте қолайлы құрал. Мысалы: Эх, өсекшілер, өсекшілер, сендер болмасаңдар біз не істер едік![5]

Жоғарыда аталған мысалдар журналистік практикада жиі кездесетін тағы бір нұсқамен тең дәрежеде тұрады. Ол – авторлық ой ойлау. Осы жерде ажыратып алатын жайттардың бірі "ойдан шығару" мен "ой ойлау" түсініктерінің түрлілігі. Ойдан шығару дегеніміз - шынайы өмірде ешқандай жағдайда кездеспейтін жай. Ол ойлаудың ойдан шығарудан ерекшелігі журналист жазып отырған кезде осылай істесем деп ойлап, жарыққа шығарады, бірақ ол міндетті түрде шындық болуы тиіс. Автор өз кейіпкерінің не ойлағаны жайында білгісі келіп өз ойын сонымен

байланыстырады. Мысалы: Компаниясын құрып отырған ақшасы мүлдем оның өзінің ақшасы емес. Ол үлкен адамдардың ақшасы. Әрине оны ол көздерінің әдемілігі үшін алған жоқ. Қалалық жарнамалаушылар да жерді сүйгендіктен келген жоқ. Барлық ақшаларды кейін қайтарып, жұмыс істеуге тура келеді[5]. Мәтін ішінде сенімге ену мақсатында журналистің пайдаланатын тағы бір әдісі ол - фактілерді жинақтау. Кейбір зерттеушілер бұл тәсілді "алмастыру тәсілі" десе, енді біреулері "бағаланатын жайлардың жинақталуы" деп те атап жатады. Оның негізгі мақсаты - журналист аудиторияға тек шынайы аргументтерді жинақтап, алдына жайып салады. А.А. Тертычный атағандай "кейде журналистер жазып отырған мақаласы үшін тек фактілерден құралса жауапкершілік алмаймыз деп ойлайды". Бұл ойды тек бір жағдайда қабылдауға болатын еді. Егер манипуляция арқылы адамдарды сендіру тәсілі қолданбаса. Журналист барлық оқиғаны қамти бермейді. бір жайтты атаса, бір жайтты қалдырып отырады. Сол арқылы аудиторияға берілетін мәлімет бұрын-сонды жарияланғаны болуы да ғажап емес. Журналист мақаласында аргументтердің бірде "ең маңыздысын", бірде "ең қызықтысын", тағы бірде "ең ерекшесін", кейде "ең көрсеткіштігін" алып отырады. Сәйкесінше келтірілген мысал мен аргументтерге байланысты оқырманның әлемді қандай қалыпта қабылдайтыны анықталады.

Мағынасы жағынан барлық мысалдар оқырманға арналған апелляциямен тең. Оның негізі мәліметтің оқырман қауымына көңіл-күй мен белгілі бір таңданыс тудыратындай берілуінде. Мысалы: ... Қарапайым адам үшін қызыл желектің қалай елестейтінін білу қандай қиын. Негізі жер берушіге кімнің ол жерді жалдап тұрып жатқаны маңызды емес те. Тек оның өзі мен мүлкіне тиіспесе болғаны. Алайда сайлауға түсушілер сайлау алдындағы ақшаларын қандай жолмен болса да қайтарып алғысы келетіні сөзсіз. Бекер жұмсалмаған шығар, ол өтелуі керек[5].

Реплика – локаникалық хабарлама. Ол негізінен журналистің белгілі-бір оқиға жайында жеке көзқарасы, бағасы, газет бетіне оқырманның көңіл-күйін өзіне аударту үшін жариялаған ұстанымы. Мақсаттық құрылымы - күнделікті өмірдегі іс-әрекеттердің айқын көрінісін ашу, өзі де жария болып тұрған мәселені аңғарту.

Комментарий (пікір білдіру) - ашық пікір алаңындағыдай іспеттес ойды жеткізе білу. Ол белгілі бір оқиғаға немесе құжаттарға қатысты болуы мүмкін. Мақсаттық құрылымы - оқиғаны тікелей түсіндіру, қоғамның құлағына анық жеткізіп, пікірін алу [4]. Шолу (обозрение) - қоғамның өміріне әсер ете алатын, энергетикалық және дәлелденген нұсқасы бар, әлеуметтік-саяси практикада қолданылатын ашық хабарлама. Мақсаттық құрылымы - берілген түпнұсқадағы мәтіндегі шынайы фактілер мен символикалық белгілерді оқырман қауымның назарына ұсыну.

Көріп отырғанымыздай, жанрлық жүйе тек позицияның қажеттілігін растайды. Позицияға қатысты барлық жанр түрлерінде журналистің пікірі мен бағасы өте маңызды орынға ие. Жазып отырған адамның субъективтілігі жөнінде нақ аталмаса да ол өзі -ақ айқындалып, басылымның түпнұсқасы ретінде қаралады. Журналистика теориясының тағы бір мәскеулік маманы А.С.Лавреневская ұсынып отырған объективтілік және субъективтілік жайлы зерттеуі де аса қызық. Мәтіндегі объективтілік деп ол шығармадағы қоғамның өмірінің шынайы проблемаларын субъектке тәуелсіз тұрғыда қарастырады. Ал субъективтілік деп автордың өзін қай қырынан көрсете алатынын. сол арқылы мінезі мен мәнерінің мәтіннен көрініс беретінін, автор шығармашылығының көркемдігін айтады. Сонымен қатар А.С.Лавреневская позицияның құрамын айқындап айтады. Ол - "образдық бағыт-бағдар", "авторлық іс-әрекет", "пікір" және "жария етушінің өзіндік орны" (суретші, зерттеуші, жахандық жария етуші, прагматик). Алайда бұл түсініктердің бәрін зерттеуші жазбаларда қолдана бермейді, тек фактілерге сүйенуді жөн көреді.

Дегенмен публицист жайындағы тарихи сараптама өзіне кеңіл аудартпай қоймайды. Автор мәтін ішіндегі объективтілік пен субъективтіліктің диалектикасын анықтап, оны ашықтан-ашық жария ете отырып, өзіне берілген рөлді дұрыс орындайды. Сонымен бірге керісінше автордың рөлі көлеңкеленіп, айқын таңбалар жиынтығының арасынан білінбей қалады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бабаев С. «Жантану негіздері»: - Алматы: Заң әдебиеті, 2004 ж.
2. Бекниязов Т., "Журналистиканың терминдері мен ұғымдары". Оқу құралы: Алматы, Қазақ университеті, 2006. - 153 бет
3. "Московский комсомолец в Пензе" 14-21 наурыз 2002 жыл.
4. Барманқұлов М.К. "Телевидение: Деньги или власть": - Алматы: "Санат", 1997 жыл.
5. Барлыбаева С.Х. "Телевидение в мире и в Казахстане. Телевизионная журналистика". (уч. Пос.) - Москва, 1993 жыл.

## КУЛЬТУРА И СПОРТ

ӘОЖ: 268.152

## ВОЛЕЙБОЛ ОЙЫНЫНЫҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

**К.Е. Берикболов, Б.А. Муздыбаев**

*Жетісу мемлекеттік университеті. Талдықорған қаласы.*

[Berikbolovk@mail.ru](mailto:Berikbolovk@mail.ru)

Волейбол ойынының әлемде және орта Азияда пайда болуы мен қалыптасуы. Волейбол ойыны ол командалық ойын, жарыс алдында өте күрделі жүктемені талап ететін спорттың бір түрі. Оқу-жаттығу өту кезінде, жоғары дәрежедегі волейболшылар өзінің шеберлігін және жарысқа алдындағы психологиялық дайындығын арттыра отырады. Волейбол ойыны дене шынықтыру және спорт мамандығы саласында зор үлесі бар.

История развитие игры волейбола в мире и в средней Азии. Волейбол это командная игра, которая требует высокой нагрузки в соревновательных рамках. Во время тренеровочных сборах отточивается мастерство игрового вида, а так же психологический настрой перед соревновательными играми. Роль игры Волейбол в сфере физической культуры и спорта так же имеет немаловажную роль в воспитание будущего поколение.

The history of development of the game of volleyball in the world and in Central Asia. Volleyball is a team sport that requires a high load on the competition framework. During trenerovochnyh fees ottochivaetsya skill game species, as well as the mental attitude to competitive games. Role playing Volleyball in Physical Education and Sport also has an important role in the education of the future generation

1895 жылы Америка Құрама Штаттары колледждерінің бірінде доктор У.Морган жаңа ойын ойлап тапты. Ол «Волейбол» деп аталды. Бұл сөздің дәл мағынасы «әуедегі доп». Бұл ойын тез арада өз қолдаушыларын тапты. әсіресе ол американ өрт сөндірушілері арасында кең тарады. Олар өрт мұналарының қасына жіп керіп қойып, сол арқылы үрленген қарынды әрлі-берлі соғып маз болысатын.

Волейбол біртіндеп американдықтардың сүйікті ойынына айналды. Оны балалар мен жастар, орта жастағы еркектер мен мырзалар, жас және жасамыс әйелдер ойнай бастады. Бәсекес ойын кезінде жас жағынан шектеу болған жоқ. Фермерлердің балалары әкелерімен, қыздар әжелерімен ойнай беретін. Оның ешбір сөкеттігі де болған жоқ. Ойынның ережесі де тым қарапайым болатын, әйтеуір допты жерге түсірмеу керек.

1897 жылы жоғарыда аталған тапқыр У.Морган ойын ережесін енгізуді ұсынды. Ол кездегі ереже бүгінгіге мүлде ұқсамайтын. Алаңның көлемі 7.6x15.1 метр, тордың биіктігі 198 см, еді. Доптың салмағы 340 гр. болатын. Екі жақтың да ойыншылар санына шек қойылмайтын. Сондықтан да олар бір-бірінің аяқтарын басып, допты бірінші болып соғамын деп соқтығысып қалып жататын.

Волейболдың дамуының бірінші кезеңі 1895-1920 жылдар. Бұл кезде ойын көрермендер алдында өткізіліп, командаға біріккен ойыншылар өзге спорт түрлеріндегідей формалар киіп шығатын болды. Таусылмайтын таласты, тіпті тым қызбалау техастықтар арасында жиі болатын жанжалдарды болдырмас үшін Морган алаңның орта тұсына бір бүйірден орындық қойып, оған төрешіні отырғызуды ұсынды. Төрешінің пікірі ойыншылар үшін бұлжымас заң болды. Кешікпей волейболды Орталық және Оңтүстік Америкада Куба, Пуэрто-Рико, Перу, Бразилия,

Уругвай және Мексика елдерінде ойнай бастады. 1900-ыншы жылдардың басында волейболмен Азияда Жапондар мен Қытайлықтар танысты.

Жалпы білім беру мектептеріндегі волейбол ойынының қозғалысы адам баласына аса пайдалы табиғи қозғалыс пен дене мүшелерінің қимылынан жүгіру, жүру, секіру, лақтыру, т.б. жаттығулардан тұрады. Бұл ойынды он жасар баладан бастап қай жаста болмасын, бәрі ойнай береді. Сондықтан да, волейбол дене тәрбиесі пәні жаттығуларының бірі ретінде ең тиімді де ағзаға пайдалысы болып табылады. Волейбол ойыны адамның көңілін шаттандырып, іскерлікті арттырады. Бүгінгі волейбол ойынының даму деңгейі өзінің ең жоғарғы нүктесіне жетті деуге болады. Себебі, ойынның бүгінгідей даму жылдамдығы бұрын – сонды болып көрген жоқ. Ойыншының қозғалысы, жүгіру жылдамдығы, секіруі, лақтыруы, кілт тоқтауы, міне мұның барлығы жалпы ойынның жылдамдығын, ойыншылардың дайындық деңгейін көрсетеді.

Осындай ойын барысында нақты қозғалыс нәтижесінде ең бастысы, адамның координациясы қалыптасады. Қандай жаттығу болмасын, қозғалыс барысында нақтылы орындалады. Айталық, шабуылдау кезінде допты қарсыласының алаңға дәл түсіру, болмаса допты әріптесіне дәл бере білу, болмаса допты қарсыласының алаңына алдап тастау, т.б. Демек, адамның барлық қабілет-қасиетін қалыптастыратын ойынның бірі.

Спорт және қимыл ойындары – дене тәрбиесінің сезімталдыққа негізделген тәсілі, олар денсаулықты сақтауға және нығайтуға өте тиімді. Сірә, спорт ойындарының ең қолайлы, кең тараған түрі волейбол болса керек. Енді осы ойынның адам организмине әсері туралы қысқаша тоқталайық.

Ойын тактикасының қарапайымдылығы және доп үшін тікелей тартыстың жоқтығы волейболмен көпшіліктің жаппай айналысуына жол ашады.

Ал волейболшылардың организмине түсетін салмақ мөлшері орташа деңгейде. Денеге аса күшті әсер ететін қимыл – жүгіру мұнда аз қолданылады. Волейбол ойнау реакция жылдамдығын, ептілікті, төзімділікті қалыптастыруға көмектеседі, тыныс, жүрек-тамыр, бұлшық ет жүйелерін нығайтады, ой шаршауынан арылтады, жалпы алғанда организмге игі әсер етеді, волейбол адамды коллективтік қимылға, жеке бас мүддесінің команда мүддесіне бағындыра білуге, тәртіпті болуға, өзгелерге дер кезінде көмекке келуге үйретеді.

Дәрігерлер мен дене шынықтыру, спорт мамандарының бірауызды пікірінше, волейболдың емдеу-сауықтыру мүмкіндіктері орасан зор.

Сондықтан да осынау тамаша ойын әрбір мекеме, жоғары оқу орны, мектеп, демалыс орны, тұрғын жайда берік орын алса, нұр үстіне нұр болар еді.

Адам бойындағы қабілетті жетілдіру. Жеке бастың психологиялық қабілетін дамыту. Жеке бастың психологиялық қабілеті - әр адамның тәрбие жүйесінің негізінде қалыптасады. Яғни, оның өзін қоршаған ортамен қарым – қатынасы, еңбекке деген қабілеттілігі, жеке адамдармен қарым – қатынас жасаудың негізгі қағидаларының қалыптасуы, т.б.

Демек, жеке бастың психологиялық қабілетінің дұрыс қалыптасуының нәтижесінде әр адамның өмірге деген көзқарасы әр түрлі болып қалыптасады. Жеке адамның бір – бірінен айырмашылығының өзі осында. Әр адамның өмірге деген көзқарасы, тіршілігінің қалыптасуы, белгілі бір қоғамға сенуі, мінезінің ерекше қалыптасуы, белгілі бір, қоршаған ортадағы орны, тағы да осылайша жалғаса береді.

Адамның психологиялық қабілеті тіршіліктегі кәсіби мамандығына байланысты қалыптасып, өзгеріп тұруы мүмкін. Жеке бастың тіршілікте керекті негізгі қасиеті өзі өмір сүріп жатқан ортамен қарым – қатынасы, яғни, адамгершілік қасиеті негізінен дене шынықтыру жаттығуларымен шұғылданған кезде ғана қалыптасады. Бұл қасиеттің қалыптасуы, әсіресе, жарыс кезінде ерекше байқалады.

Себебі, бір ойыншы барлық ынтасы, күш – жігерімен командасын жеңіске тартса, екінші біреуі күш – қуатын толық пайдаланбай ынта – жігерсіз ойнайды. Бірінші кездескен қиыншылыққа төзе алмай, әріптестерінің талабына көне алмай, бұл ортадан кетуге мәжбүр болады.

Ендеше, белгілі бір ортада психологиялық қабілеттің қалыптасуы, яғни адамгершілік қасиеттің қалыптасуына спортпен шұғылдану негізгі рөл атқарады.

Дене шынықтырумен шұғылданудың негізгі мақсаттарының бір бағыты, бұлшық еттердің жетілуінің біркелкі және барлық бұлшық еттер бірдей деңгейде дамуы болып табылады. Әдетте адамның күнделікті тіршіліктегі бір қалыпты жай қозғалыста болуы ағзаның дамуына әсер етпейді. Әсіресе, жасөспірімдердің нақтылы осы кезеңде қол, сан, кеуде бұлшық еттері онша дамымайды. Сондықтан да осы аталған мүшелердің бұлшық еттерін жетілдіру үшін арнаулы жаттығуларды орындау міндеті қойылады.

Жасөспірімдердің күш қабілетін жетілдіру үшін төмендегідей жалпы дамыту жаттығуларын орындау ұсынылады:

- гимнастикалық жалпы дамыту жаттығулары;
- салмақ (батпан, жекпе-жек, әріптесімен жұмыс істеу, т.б.) көтеру;
- күшті дамытатын қозғалмалы ойындарды (арқан тартыс, ат үстіндегі аударыспақ, екі бала біріне – бірі мініп ат үстінде тартысады, күреседі, т.б.) пайдалану;
- гимнастикалық спорт құралдарына күшті дайындайтын жаттығулар (тартылу, өрмелеу, акробатикалық жаттығулар) орындау;
- акробатикалық жаттығуларды орындау;
- жаттығуды орындаған кезде дұрыс тыныс алу және дем шығару жүйесін білу;
- таңертеңгілік бой жазу жаттығуларын үзбей орындау;
- жаттығудың орындалу жүйесін білу;
- әрбір жаттығуды орындау үшін жалпы дамыту және арнаулы жаттығулар жиынтығы жасалады.

Жылдамдық қабілетін жетілдіру. Жылдамдық – қоршаған ортаның тигізген әсеріне ағзаның өте тез жауап қайтаруы. Яғни, ағзаға белгілі бір құбылыс әсер еткен кезде біздің денеміз соншалықты тез жауап қайтарады. Адамның жылдамдық қабілеті – оның қозғалыс реакциясының жылдамдығымен анықталады.

Адамның бойындағы жылдамдық қасиетін жетілдіру үшін оған дайындық керек. Айталық, көлік жүргізушінің алдында адам өміріне қатер төніп тұр дейік. Міне, бұл кезде жылдамдықты пайдалану үшін адамға дайындық керек. Реакция жасайтын жылдамдық осы кезде қажет. Демек, күнделікті тіршілікте жылдамдықтың өзі емес, оны орындауға кететін уақыт аралығы негізге алынады.

Сондықтан адамның қозғалыс реакциясы күрделі жаттығудан басталып, қарапайым жаттығумен аяқталады. Жылдамдықтың қарапайым түрі – күні бұрын белгілі, бірақ кенеттен түскен хабарға жауап қайтару. Ал күрделі қозғалыс реакциясына жауап қайтару үшін орта әсерінің жағдайын анықтай білу керек. Мәселен, ұшып келген футбол добын асықпай тоқтатып алу керек пе? Жоқ, немесе бірден өз әріптесіне нақтылы, яғни, жеткізіп беру керек пе? Міне, ойыншы бұл жағдайда қандай жылдамдық таныту керек. Ол үшін қарсыласының қалай әсер ететінін білу керек және әріптесіне қарапайым жаттығуларды орындауға осындай жылдамдықты анықтау керек.

Жас ұрпақтың жалпы дене қуатын дамыту үшін, үлкен өмірге, еңбек етуге, Отан қорғауға дайындау үшін, олардың мектепте оқыған кезеңдерінде мынадай негізгі міндеттерді орындауымыз керек:

- Денсаулықтарын нығайту, мүсін түзулігін қалыптастыру, ағзаларын дамыту және шынықтыру;

- Негізгі қозғалыс ептілігі мен дағдысын қалыптастыру, оларды әр түрлі өмір жағдайында қолдана білу шеберлігіне үйрету;

- Жігер-күш, дене қуаты қасиеттерін дамыту, жеке және қоғамдық гигиена дағдыларына үйрету.

Барлық міндеттерді орындаудың негізгі амалы – дене тәрбиесі жаттығулары мен теориялық білім. Ол амалдар волейбол сабағында, оқу күні ішіндегі және сабақтан тыс уақыттардағы сыныптан тыс жұмыстар кезінде орындалады.

Волейбол үрдісі күрделі, әржақты және мектептің басқа оқу тәрбие жұмыстарымен өте тығыз байланысты болғандықтан, ол терең ой-толғаныстарын, көлемді білімділікті керек етеді. Волейбол міндеттерін дұрыс түсінген мұғалім жеке оқушылардың денсаулықтарын нығайту, қозғалыс ептілігі мен дағдыларын қалыптастыру арқылы оларды үлкен өмірге дайындайды. Мұғалім оқушыларды тұрақты, жүйелі волейбол жаттығуларымен шұғылдануға үйретеді.

Волейбол ойын ретінде, басқа да спорттық ойындардан көлемді түрде ерекшеленеді. Ең басты ерекшелік ойыншы волейболда допты көп уақыт ұстап тұра алмайды, ойыншының допты қолында ұстау ұзақтығы 0,25 – 0,3 секунд. Ал гандбол, баскетбол ойындарында ойыншы допты белгілі бір уақыт аралығында қолында ұстай алады. Біздің Совет одағының волейболдан ерлер арасындағы құрама командасына жүргізілген бақылауымыздың көрсеткіштері бойынша: бір партиялық ойында доп тек 7,0 – 7,5 минут қолда болады. Ойын 3-2 есебімен аяқталған жағдайда, доп орташа есеппен 5 партияның 32,0-35,1 минуты бойына ойында болады. Сол уақыт аралығында волейболист көлемді жұмыс атқарады. Яғни 250-300 іс-қимылды орындау, оның ішінде секіру – 50-60 реттен, серпіліс – 27-33 – рет, құлау 12-16 – рет. Одан басқа волейболист ойын арасында допты беруі 190-220; допты алуы 190-210; допты келесі ойыншыға беру 220-240; қарсыластарға беру 180-210(6 ойыншымен). Өлшем бойынша, доп, ер ойыншының соққысынан кейін жылдамдығы секундына 30 метр көрсетеді, ал қыз ойыншының соққысынан кейін 20 метрлік көрсеткіште болады. Ал адамның іс – қимылы қалай болар екен? Тіпті жоғарғы класс болып есептелетін Жапония ерлер құрама командасының ойыншыларының өздерінде, допты қозғалысқа ұшырау уақытынан бастап, ойыншыға әсер ету жағдайынан туындаған іс – қимыл уақыты 0,304 секунды құрайды. Іс – әрекет әсерінің басталу уақыты 0,144 секунд, онғың үстіне 0,160сек. бұлшықеттің қысқаруына кетеді (өлшемдер Мацусито командасының ойыншысы Иокотаның үлгісінен). Бұндай уақыт көрсеткіштері жаттыққан ойыншыларға тән болса, бастаушы ойыншылардікі шамамен 0,35-0,4 сек. болады. Ойын іс – қимылының кийіндығы, мұндай техникалық шеберлік арсеналын әр түрлі шартты жағдайларды қолдануға тура келеді. Ойыншыдан мұндай іс – қимыл нақтылықты, іс – әрекет дифференциялығын, бір іс – қимылдан екінші мүлдем мінездемесі не болмасы ритмі арқылы ерекшеленетін іс – қимылға тез арада көшуді талап етеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Железняк Ю.Д., Портнова Ю.М. Спортивные игры. Москва, 2002.
2. Лесгафт П.Ф. Избр. пед. соч. В двух томах. 1 том, Москва, 1990.
3. Қазақстан Республикасының Заңы «Дене шынықтыру және спорт туралы»- Қазақстан Республикасы Президентінің 02.12.1999ж. жарлығымен қабылдаған, 04.07.2003 ж. өзгертулер мен қосымшалар енгізілген. Алматы: 2003.
4. Қазақстан Республикасының «Дене мәдениеті мен спортты дамытудың 2005-2011 жж. арналған» мемлекеттік бағдарламасы. Алматы:2005.

5. Қазақстан Республикасының «Дене тәрбиесінің мемлекеттік бағдарламасы».

Білім және ғылым министрлігінің №148 бұйрығымен 11.03.2003ж. бекітілген. Алматы: 2003.

6. Қарақов А. Дене шынықтыру-сауықтыру жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби дайындығын жетілдірудің ғылыми-педагогикалық негіздері. Пед.ғыл.док. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. А.Қарақов. – Түркістан, 2008. – 44 б.

7. Төтенайдың Базарбегі. Спорт атауларының орысша-қазақша сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1994.

УДК : 259.144

### **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҚТАРЫНДА ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ҚАҒИДАЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІН АНЫҚТАУ**

**Мұқаметәлі Т., Ноғайбеков Н.Т.**

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті*  
*[T.mukametali@gmail.com](mailto:T.mukametali@gmail.com), [arlan86-86@mail.ru](mailto:arlan86-86@mail.ru)*

Қандай бір мақсаттарды шешпесін, әрбір дене шынықтыру мұғалімі дене тәрбиесі жүйесінің қағидаларын басшылыққа алуы міндетті. Қағидалардың әрқайсысының толықтай орындалуы оқытушының қызметіне байланысты. Қағидалар әр сабақ сайын бір мезгілде, жас ерекшеліктеріне қарамастан, дене тәрбиесі жүйесіне сүйене отырып жүзеге асырылуы тиісті.

Каждый учитель решая любые задачи руководствуется принципами системы ФКиС.

Полное решение принципов зависит от деятельности преподавателя. Принцип оздоровительной направленности при проведении урока физической культуры это применение оздоровительных и развивающих факторов. Если анализировать эти принципы с помощью физической культуры решаются: во первых восполнение жизненно важных движения, во вторых активизация работоспособности организма.

*Every teacher deciding any tasks follows principles of the system physical culture and sport.*

*The complete decision of principles depends on activity of teacher. Principle of health orientation at conducting lesson of physical culture this application of health and developing factors. If to analyse these principles by means of physical culture decide: in the first filling in vitally important motion, in the second activation of capacity of organism.*

Сауықтыру бағыттағы қағидалар дене тәрбиесі сабағын ұйымдастырып өткізу кезінде мұғалім дамытушылық, сауықтырушылық қызметі басшылыққа алу деп білеміз. Бұл қағидаларды талдайтын болсақ, дене тәрбиесі көмегіменен біріншіден - қазіргі өмір жағдайында пайда болатын қозғалыс, қимыл белсенділігіндегі кемістіктерді өтеу; екіншіден организмнің қызмет атқарушылық мүмкіншілігінің жұмыс қабілеттілігін арттыру және қолайсыз әсерлерге қарсылығын жетілдіруді айқындайды.

Бұл қағидалар төмендегі негізгі талаптарды орындағанда ғана жүзеге асады:

1. Сауықтыру бағалылығы бар ғылыми негізделген дене тәрбиесінің құралдары мен әдісі қолданылуы керек.

2. Денеге түсетін жүктеме оқушылар мүмкіншілігіне байланысты жоспарлануға тиісті.

3. Дәрігерлік-педагогикалық бақылау кез келген оқу-тәрбие процесінде міндетті элемент болуы қажет.

4. Санитарлық тазалық талаптарды сақтау, күнді, ауа мен суды тиімді пайдалану - міне бұның бәрін дене жаттығуларымен айналысуды ұйымдастырғанда еске алып отыру керек.

Жеке тұлғаның жан-жақты даму қағидасы қоғамдағы адамды тәрбиелеу жүйесінің мақсатын айқындайды. Дене тәрбиесінде бұл қағидалар екі негізгі талаптың орындалуын қарастырады:

1. Дене тәрбиесінің міндеттерін шешу ақыл-ой, еңбек, адамгершілік және эстетикалық тәрбиемен тығыз байланыста жүргізілуі керек.

2. Дене тәрбиесі бойынша жүргізілетін жұмыстарды жоспарлағанда дене қабілеттілігінің келісімді, үйлесімді дамуы. Қозғалыс біліктілігі мен дағдысы және арнаулы біліммен қарулануы қамтамасыз ететіндей етіп жоспарлау қажет.

Еңбек және қорғаныс практикасымен байланыс қағидасы тәрбиенің барлық жүйесінің қолданбалы бағытын білдіреді, Бұл қағиданың шешілуі төмендегі талаптарды орындау арқылы жүзеге асырылады.

1. Дене тәрбиесінің мазмұны бәрінен бұрын өмірге қажетті жүру, жүгіру, секіру, жүзу т.б. кезіндегі біліктілік пен дағдыларын қалыптастыру қажет.

Дене тәрбиесінің бұл талаптары оқу бағдарламаларында жүзеге асырылған.

2. Жан-жақты дене тәрбиесі арқылы адамның дене дайындығы кең көлемде жүргізілуге тиісті, өйткені оның қабілеттілігі әртүрлі еңбек және әскери істерді игеруге мүмкіншілігі болатындай дәрежеде болуы керек.

3. Еңбек және патриоттық тәрбие беру ісінде дене жаттығулармен айналысуды кең көлемде пайдалану қажет.

Дене тәрбиесі жүйесінің қағидасы өзінен өзі практикалық жұмыстарға ену мүмкін емес. Оны жүзеге асыруға тиісті деңгейде экономикалық, материалдық, техникалық, әдеуметтік және мәдени негіз болатындай жағдай қажет. Аталған қағидалардың іс жүзіне асырылуы осы базаларға тәуелді. Бұлай болмаған жағдайда ұрандалған қағидалар утопиялық шақыруларға айналуы мүмкін.

Мысалы, көпшілікті қамтитын дене шынықтыруды жалпы халықтыққа айналдырамыз деген ұран қажетті материалдық база, спорттық құрал жабдықтар болмаған жағдайларда денешынықтыру саласындағы қызметкерлерді көзбояушылыққа итермелейді. Ал мұндай жұмыстан нәтиже күту қиын.

Дене тәрбиесі жүйесінің сипаттамасында "принциптер" түсінігі, күрделі әлеуметтік-педагогикалық құбылыстың жетекші заңдылықтарының өмір сүретіндігін ашып көрсету үшін қолданылады. Нақты педагогикалық жұмыс барысын жүзеге асыруда оларды басшылыққа алуға әрбір мұғалім міндетті. Мысалы, қазіргі кезіндегі қоғамымыздың даму бағытындағы принциптерге сәйкес оқытудың кез келген саласы баланың жеке қасиеттерін қалыптастырумен бірге қатар жүруі қажет. Әскери және еңбек іс-тәжірибесіне байланысты принциптерге сәйкес дене жаттығуларымен шұғылданудың мазмұны оқушыны өмірге дайындаудың мына қажеттіліктерін ашып көрсетуі тиіс: жеке тұлғаны жан-жақты дамыту принципіне сәйкес кез келген қозғалыс-қимылына үйрету баланың адамгершілігіне, ақыл-ой және эстетикалық дамуына ықпал етуі тиіс, яғни сауықтыру бағытындағы принциптерге сәйкес әрбір педагогикалық қызмет барысын жоғарғы сауықтыру тиімділігіне бағыттаған жөн. Дене тәрбиесі жүйесіне тән бұл жалпы принциптер оқыту принциптерімен қоса жеке принциптер арқылы да жүзеге асырылады. Мысалы, жекелік, дербес принципін жүзеге асырғанда баланың

психофизиологиялық қызметіне жағымсыз әсер ететіндей қозғалыстар қимылын іріктеп, яғни тиімсізін алып тастауға мүмкіндік береді.

Дене тәрбиесін педагогикалық жүйе ретінде сипаттайтын заңдылықтардың көп түрлілігіне байланысты, принциптер үш өзара байланысты мына топтарға бөлінеді: оқыту принциптері немесе арнаулы білім мен қозғалыс дағдыларының заңдылықтарын қалыптастыратын принциптер; дене мүмкіншіліктерін тәрбиелейтін принциптер немесе күшті, шапшаңдықты т.б. арттыратын, сонымен бірге заңдылықтарды ашатын принциптер; дене жаттығуларымен шұғылдану кезінде жеке тұлға ретінде баланы тәрбиелеу принциптері. Педагогиканың негізгі бір бұтағы бола отырып, дене тәрбиесінің үйрету материалдарының ерекшеліктерін есептей отырып жүзеге асырады.

Балалардың оқуға деген саналы түрде және белсенді көзқарасын қалыптастыру қажеттілігі **саналылық** және **белсенділік** принциптерінде қаралған. Қызметтік мүмкіншіліктерінің ұқсастығы негізінде оларды көзқарас принциптері тобына біріктірген жөн.

Оқу жүйесінің нәтижесін нақты бағалау қажеттілігі **беріктік** және **ғылыми** принциптерінде қарастырылған. Қызметтік мүмкіндіктерінің ұқсастығы негізінде сұрыптау, бағалау принциптері тобына бірігеді.

Оқу материалының ең тиімді құрылымын жасау қажеттілігі **қайталау**, **жүйелілік**, **реттілік** және бірте-біртелік принциптерінде қарастырылған. Бұлар қызметтік мүмкіншіліктердің ұқсастық негізінде құрылым принциптерін құрайды.

Принциптер көп түрлі, бірақ олар жеке тұлға есебінде балаға педагогикалық әсер етудің әр түрлі жақтарын белгілейді.

Кез келген жастағы адамдардың дене дайындығының әр түрлі деңгейінде және балаларды оқытып үйрету кезінде үйретуші жоғарыдағы айтылған принциптерді жүзеге асыруға міндетті. Алайда кейбір жағдайда оқытудың нақты міндеттері бір немесе өзге принциптердің маңызын арттыруы, сонымен қатар оны жүзеге асыру, әдістерінің түрін өзгертуі де мүмкін. Мысалы, жоғары деңгейде маманданған спортшыны даярлауда дербес, жекелей оқытып үйрету өте маңызды орын алады. Қарапайым қозғалыс-қимылдарына үйрету кезінде көрнекілік принципін жүзеге асыру, бейнелеп түсіндіру және көрсетумен шектелуі мүмкін. Ал өте күрделі қимылдарды меңгеруде кино қойылымға жүгінуге тура келеді.

Кейбір принциптерді жүзеге асыру, оқытып үйретудің белгілі бір ережелерін орындау арқылы жүзеге асырылады. Біз өзіміздің зерттеуімізде оқыту қағидаларының саналылық, қайталау, жүйелілік, реттілік түрлерін ашып көрсетуге тырысамыз.

Дене жаттығуларын үйретуде саналылық принципінің таратылуына айтарлықтай үлес қосқан атақты орыс ғалымы П.Ф.Лесгафт болды. Ол "мектеп жүйесінде оқып жүрген баланың күшін ғана дамытып қоймау керек, ең бастысы өзін-өзі басқару дағдысын, сонымен қатар оны өз қызметінде, өмірінде тиімді пайдалану дағдысын қалыптастыру керек", -деп атап көрсетті. Сондықтан да әуелі баланы саналы түрде адам ағзасындағы бар әр түрлі қозғалыстарды жасауға үйрету қажет. Оқытып үйрету әдісі балалардың ақылының дұрыс даму кезеңінде қолданылатын әдіске сәйкес келуі керек.

Принциптерді жүзеге асыру шағында мұғалім балаларды мына сұрақтарға жауап беретіндей дәрежеге жеткізуге міндетті: дене жаттығуларымен шұғылдану неге қажет? Дене жаттығуларының қайсысын орындау қажет? Дене жаттығуларын қалай орындау керек? Неге тек осылай ғана орындау қажет? Мұндай сұрақтарға жауапты балалар оқытып үйретуге дейінгі ұйымдасқан жағдайда ғана ала алады. Біріншіден, балалар өздерінің оқу қызметінің мақсатын түсінуі керек. Ол үшін, бұл қызметтің саналы түрде қажеттілігі тәрбиеленуге тиісті. Ондай қажеттілігінің болуы

мұғалімге баланың қозғалысқа деген ынтасының бар немесе жоқ екендігін білуін міндеттейді.

Оқушының дене тәрбиесімен шұғылданудағы мақсаты мұғалімнің алдына қойған мақсаттармен дәл келе бермейтіндігі түсінікті. Оқушы жасайтын істі (оның мақсаты жекелеген дене жаттығуларын орындағаны үшін жоғары баға алумен шектелуі мүмкін) мұғалім ең жоғары деңгейдегі қоғамдық маңызы бар мақсатты үнемі алға қояды (оның ең жоғарғысы -өсіп келе жатқан жас буынды жоғары өнімді еңбек етуге және Отанды қорғауға даярлау). Кейбір жағдайларда мақсаттардың дәл келетіндігі де жоққа шығарылмайды. Мысалы, мұғалім оқушыларды сынаққа дайындау мақсатын өз алдына қояды, ал сол сынақты тапсырам деуші оқушылар оған дайындалады. Осындай үйлесімділік өте қажет, бірақ оған қол жеткізу қиын, әсіресе, жоғарғы қоғамдық маңыздылығы бар мақсат болса, онда ұзақ уақыт бойы тәжірибелік әсер етуді қажет етеді. Мақсатты принциптердің сәйкес келмеген уақытында мұғалім оқушының нақты мақсатты бағытын пайдалана отырып, жоғары деңгейдегі оған жетудің уақытша мерзімін белгілеуі тиіс. Осыған байланысты болашақ Президенттік сынақтарын тапсыруға дайындау және жақын кезеңге белгіленген мақсаттарды айыра білу жөн (мысалы, бірінші тоқсанда мектеп бағдарламасының талаптарын орындауға дайындалу). Осындай бөлудің барлық шарттылығы әр оқушының жақын арадағы мақсаттарын тиімді пайдалану арқылы оны болашақ ұжымдық мақсаттарға жеткізуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, оқушылар қойылған мақсатқа жету үшін іске асыруға тиісті оқу міндеттерін саналы түрде түсінуі керек. Егер балада өзінің қажеттілігін қанағаттандыруға ұмтылыс нәтижесі есебінде бір не өзге мақсат пайда болса, алға қойылған мақсатқа жету үшін шешуге тиісті міндетті түсінуге, әдетте мұғалімнің белсенді түрде араласуын талап етеді. Қыз бала жақсы, сымбатты, сұлу денені қалыптастыруға ұмтылыс білдіреді делік. Бұл мақсатқа қалай жетуге болады? Бұл үшін қандай міндеттерді шешуге тиісті екендігі жөнінде тек мұғалімнің көмегі арқылы ғана көзі жетіп, түсіне алады. Сол дене жаттығуының не үшін орындалатынын оқушының білмеуі қозғалыс дағдысын қалыптастыру мүмкіншілігінің сапасы мен қарқынын шапшаң төмендетеді. Мысалы, дене жаттығуларын тек мұғалімнің талап етуі бойынша үйренсе, сынақ кезінде үйренушінің жоғары баға алуы күмән келтіреді.

Жеке қимылдарды бөлектеуге және жинақтауға, қозғалысты, қимылды, қозғалыстың жеке өлшемдерін салыстыруға, ақырғы нәтиже үшін олардың мақсатын түсіне білуге үйрете отырып, оқушылар санасын жетілдіретіндей оқытып үйретудің әдістерін пайдалану қажет. Соңғы нәтижеде мұның өзі дене жаттығуларының әдісін тиімді меңгеруге әкеледі.

Оқушылардың саналы қызметін арттыруға әр түрлі жолдармен жіктетуге болады:

а) жаттығушыны үйретер кезеңде үйренетін қозғалысты алдын ала ойластыру керек;

ә) дағдыны үйрете отырып назарды бірте-бірте дене жаттығуларының әдістеріндегі негізгі беліктеріне бағыттау қажет. Мысалы, биіктікке жүгіріп келіп секіруде аяқ серпілісінің әдісін үйрену кезінде оқушылар әуелде серпіліс орнына дәл түсуді қадағалауы, сосын серпіліс кезінде серпілетін аяқтың қозғалысына және серпіліс кезінде қолдың қозғалысына назарды аударуы қажет.

б) әсіресе, бұлшық еттер арқылы алынған сезіну негізінде жасалынған қозғалысты жаттығу кезінде еске түсіру керек. Бұл жағдайда осындай сезінулер оқушыға қимылды орындау кезінде "ішкі" бағдар болады, сөйтіп оны, қозғалысты дәлелдеуге, қатені жөндеуге, өзін-өзі бағалауға мүмкіндік туғызады.

в) оқушының қимылды орындау жөніндегі ауызша есебі өзіне талдау жасау мүмкіншілігін дамытып қана қоймай, жіберілген қателіктерін түзету жолдарын іздеу мүмкіншіліктерін де дамытады, сонымен қатар тапсырманы игеруде, бақылау жасауда мұғалім ісіне көмектеседі.

Содан соң, балада өзінің табыстары мен кемшіліктеріне сын көзімен қарау қабілетін дамыту қажет, мұндай жағдай өзінің жетістіктерін дұрыс бағалауына мүмкіндік береді.

Саналылық принципін жүзеге асырғанда төмендегідей кейбір ережелерді тұтастай сақтаған жөн:

1. Өз ісін түсіну және саналы қатынасты дамыту әдістері оқушының жас ерекшелік мүмкіншіліктеріне сәйкес келуі керек. Дене жаттығуларымен шұғылданушы өзінің қимылын саналы түрде атқаруға міндетті.

2. Оқытып үйрету жүйесіне оқушылардың саналы қатынасының ауқымын жоспарлы түрде, бірте-бірте кеңейту қажет. Оқу жетістіктерін қалыптастыратын игерілмеген жаңа нәрсеге олардың ой-жүйесін үнемі бағыттап отыру керек.

3. Аталмыш принципті жүзеге асыруда шешілетін педагогикалық міндеттердің мазмұнын есепке алған жөн. Дене жаттығуларының әдісі күрделі болған сайын, баланың үйренетін қозғалыс-қимылдарына саналы түрде қатынасты дамытатын әдістемелік тәсілдер жүйесіне үлкен маңыз берілуі керек.

**Қайталау қағидасы** қозғалыс дағдыларының бірте-бірте қалыптасуын және көп қайталау арқылы арнаулы білімнің қалыптасу тиімділігін көрсетеді. Қайталау - үйрену нәтижесінде қол жеткен, нәтижені біріктірудегі басты және жалғыз ғана тәсіл. Қорытып айтқанда, оқу материалы үнемі қайталануға тиісті. Қайталау принципін жүзеге асыру мына төмендегі үш негізгі жағдайға байланысты.

1. Дене жаттығулары үнемі қайталанып тұруға тиісті. Тек осы талап сақталған жағдайда ғана пайдаланылатын жаттығулар адамның денесіне тұрақты түрде нық әсер етеді;

2. Дене жаттығулары адамды шаршатып, шалдықтырады, сондықтан да демалыс үшін үзілістер міндетті түрде болуға тиісті;

3. Дене жаттығуларымен айналысқан кезде, адам денесінің үйлестіктегі бейімделу кезеңдері болады, бірақ ол жағдайлар ұзаққа созылуы мүмкін емес. Сондықтан жаттығудың тек қана қайталау санын емес, сонымен қатар екі ортада берілетін демалыс үзілісінің саны мен ұзақтығын бақылауға тиістіміз.

Қайталаудың екі түрі болады: жәй қайталау және іріктеп қайталау. Жәй қайталау еске түсірудің тұрақты жағдайында қозғалыс-қимылының негізгі түрін игеруге мүмкіндік туғызады. Бұдан қайталауды көшірме жолымен оқытып үйрету деп білеміз. Мысалы, мұғалім стандартты әдісті түсіндіріп әрі көрсетеді, ал оқушы оны сол күйінде орындауға ұмтылады, өзінің орындау қабілетін көрген үлгісіне жақындатуға тырысады. Жәй қайталау оқытып үйрету ісіне көп қолданылғанымен, оның дидактикалық мүмкіншіліктері шектеулі. Ал іріктеп, қайталау басқа міндеттерді қарастыра отырып, қозғалыс-қимылын әр түрлі жағдайларда орындауға болатындай бағыт береді. Мысалы, шалқайып алға секіріп түсу, бұрылыспен секіріп түсу, алақанды соғып секіріп түсу және т.б.

Қайталау принципін жүзеге асыра отырып, мына ережелерді ұстанған жөн: берілген тапсырмалардың қайталау санын және олардың арасындағы демалыстың ұзақтығын белгілей отырып, оқушы денсаулығының жағдайын, дене тәрбиесі туралы білімі мен дене дайындығының деңгейін, сонымен қатар оқушыға түсетін жүктеменің деңгейін есепке алу керек.

Білім мен дағдының жүйелілігі - ойлау кезіндегі жүйелілікті дамытудың негізгі шарттарының бірі болып табылады. **Жүйелілік принципін** жүзеге асыру, біріншіден, бір немесе бірнеше сабақтарға міндеттер жүйесін жасауға (сонымен

қатар дене жаттығулары жүйесін, әдістерді, жаттығуды ұйымдастыру түрлері), екіншіден, әр сабақта немесе бірнеше сабақтарда міндеттер арасындағы өзара байланысты анықтауға (дене жаттығуларының, әдістерінің жаттығуды ұйымдастыру түрлерінің арасындағы), үшіншіден, тек қана жеке жаттығудың ғана емес, сонымен қатар олардың әрбір сабақта және бірнеше сабақтардағы нәтижелілігін есепке алып отыруына байланысты.

Жеке сабақтың жүйелілігі оның барлық бөліктерінің қисындық (логикалық) бір-біріне бағыныштылығына тәуелді. Сабақтардың бірыңғай тіркесі белгілі күнтізбелі уақыттың үйлесімділігінен (оқу аптасына, тоқсандар, оқу жылы), оқу материалының кейбір бөлімін үйренуге бөлінетін сабақтар сериясынан құралады. Сабақтардың әрбір жүйесі оның барлық мазмұнының тиісті өзара байланысын анықтайтын бірыңғай міндеттерге бағындырылған тұтас жүйеден құралады. Бұл мағынада секіру мен өрмелеудің бір немесе басқа әдісін үйренетін сабақтар туралы, нақты оқу тоқсанының сабақтар мазмұны және т.б. туралы айтылып отырғаны жөн болады. Яғни сабақтардың әрбір сериясы тұтас білімнің бөлігі болып қана табылады. Бір серияның оқу материалы келесі сериядағы оқу материалын игерудің алғышартын жасап қана қоймайды, сонымен қатар жоғары деңгейде де қайталаынады.

Қандай да болмасын оқыту жүйесі дене тәрбиесі білімінің деңгейі мен нақты бағытын анықтайды. Олай дейтін болсақ, білімнің әрбір түрі тиісті әдістер, құралдар көмегімен оқу-тәрбие міндеттерінің арнайы жүйесін шешуді талап етеді. Бұл мағынада жалпы білім беретін мектеп бітірушілерінің алатын жалпы дене білімі, спорттық жаттығу барысы кезінде алатын арнаулы дене жаттығулар білімі, дене тәрбиесі орта және жоғары оқу орындарында оқитын студенттердің алатын орта және жоғары кәсіби-педагогикалық дене білімінің жүйелілігі туралы айтуға болады.

Оқу материалының жүйелілігі және оны жүзеге асыру әдістері оқытудың міндеттері мен мақсаттарына байланысты. Өз кезегінде міндеттер мен мақсаттар оқушылар контингентінің ерекшеліктерін, жаттығуды жасау кездегі жағдайын т.б. бейнелейді. Соның нәтижесінде балалардың жасының, дене дайындығының деңгейі оқытудың жүйелілігіне тез арада әсер етеді. Қорытындылап айтқанда, мектеп бағдарламасындағы оқу материалы, оның мазмұны сол мектеп оқушыларының ерекшеліктеріне сай келіп, белгілі бір жүйелілікке ие болуы қажет.

**Реттілік қағидасының** негізіне бір сабақ және сабақтар сериясының деңгейіне оқытудың міндеттерінің, құралдарының және әдістерінің сабақтастығы жатады. Сабақтастық оқыту міндеттерінен құралдарына және әдістеріне ауысуға негізделген реттіліктің шартты ретін білдіреді.

Принципті жүзеге асыру дене жаттығуларын рет-ретімен үйренуден және олардың арасындағы өзара байланысты ашып көрсететін оқу материалын жоспарлаудан басталады. Бұл жағдайда баланың жасына байланысты дамуының заңдылықтарын және оқу материалын құру қисынын (логикасын) бейнелейтін дене жаттығуларын үйренудің реттілігінің көп жылдық болашағы ескеріледі. Бұл оқу материалдарында міндетті түрде дене жаттығуларының реттіліктері және өзара байланыстары нақтылы түрде белгіленуге тиісті.

Үйретудің реттілігіндегі кейбір мәселелер бірыңғай шешілмейді. Мұғалімге көбінесе бірнеше қозғалыс-қимылдарын бір немесе бірнеше реттілікпен үйрету әдістерінің тиімділігін анықтап алуға тура келеді. Қимылды кезекпен үйренуден гөрі, сол қимылды бір мезгілде үйренуге көп уақыт кетеді деген пікір бар. Алайда міндеттерді кез келген жағдайда шешуде дағдылардың өзара байланысының мүмкіншілігін есепке кірістіре отырып, қозғалыс-қимылдарының сапалық және сандық құрамын есептеуге, оқушылар контингентінің ерекшеліктерін білуге талпыныс жасау қажет.

Жоғарыда талқыланған мәселелердің барлығы да педагогиканың дидактикалық ережелерінде көрсетілген. Олар: "жеңілден ауырға", "қарапайымнан күрделіге", "игерілгеннен игерілмегенге", "білімнен дағдыға". Осы ережелердің дұрыс орындалуы реттілік принципі жүзеге асыруда үлкен табыстарға жеткізеді. Қорытып айтқанда, кез келген жаңа жаттығу бала үшін әр уақытта күрделі болатындығын ұмытуға болмайды. Іс-тәжірибелік жұмыс кезеңінде тағы бір ескеретін жәйт дене жаттығуларының құрылымдық күрделілігінің дәрежесін тиісті қозғалыс дағдыларын алыптастыру күрделілігі өлшемімен араластыруға болмайды. Басқаша айтқанда, жаттығудың құрылымы жеңіл болса әрқашан да ол шапшаң игеріледі деп қателесуге болмайды. Мысалы, ілулі арқанға өрмелеп шығу тәсілі құрылымы жөнінен өте күрделі болып табылады, бірақ жасөспірімдер оны шапшаң игереді. Ал белтемірде иіліп көтерілу - қарапайым жаттығу есебінде болғанымен, ұзақ үйренуді талап етеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Болашақ мамандардың кәсіптік дене тәрбиесі. //Оқу-құралы. –Алматы, 2008. – 336 б.
1. Педагогика: жалпы негіздері мен тәрбие теориясы. //Оқу құралы. - Алматы, 2008. (Авторлық бірлестікте: Бабаев С, Бабаева Қ.) -124 б.
2. Дене тәрбиесі сабағында оқушылардың дене мүмкіндіктерін дамыту. //Оқу- құрал. – Түркістан, 2005. – 70 б.
3. С.Тайжанов,А.Қараұов. Дене тәрбиесін үйретудің әдістері. Оқу құралы.-Алматы, 2008.-158,209,302б.
4. С. Тайжанов, Ж.Сайлыбаев. Жеңіл атлетика. Алматы,2011. 11, 162-170б
5. А.Құлназаров, С.Тайжанов. Бастауыш сыныптардағы дене тәрбиесі. Әдістемелік құрал-Алматы, 2004. 17-28,111б.
6. Б.Төтенай. Дене тәрбиесі: Оқулық. –Астана,2008.64,98б
7. Н.Н.Смаил. Қимыл-қозғалыс белсенділігінің физиологиялық негіздері. Алматы, 2008. 86-92б.
8. Мектеп оқушыларын дене тәрбиесі арқылы қозғалыс қимылдарына үйрету ерекшеліктері. //Қазақстан кәсіпкері. Ғылыми -әдістемелік журнал. №8(51) - Алматы, 2007.
9. Дене тәрбие жүйесінің мазмұны мен негіздері. //Ұлт тағылымы. № 4. – Алматы, 2005. –Б. 28-31.

**ӘОҚ 612.825.8**

#### **СПОРТШЫЛАР ТІРЕК-ҚИМЫЛ АППАРАТЫНЫҢ АУРУЛАРЫ МЕН ЖАРАҚАТТАРЫ**

**Смаил Нүсіп Наутайұлы**, медицина ғылымдарының докторы, профессор  
*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы,  
smail\_nusip@mail.ru*

Мақала спортшылар тірек-қимыл аппаратының аурулары мен жарақаттарының себептеріне, түрлеріне, симптомдарына, жіті және созылмалы клиникалық формаларына, көрсетілетін алғашқы медициналық жәрдемге арналған.

Статья посвящена заболеваниям и травмам опорно-двигательного аппарата спортсменов, причинам возникновения, симптомам, первой медицинской помощи при различных клинических формах травм.

The article is sanctified to the diseases and traumas of locomotorium of sportsmen, reasons of origin, symptoms, first medical aid at the different clinical forms of traumas.

**Кілт сөздер:** ауру, жарақат, себеп, миоэнттезиялық аппарат, миозит, миогелоз, миофиброз, паратенонит, тендовагинит, тендинит, миоэнттезит, периостит, бұлшық ет, сіңір, буын, артрит, синовит, артроз, периартрит, байламдар, талшықтар, мениск, шеміршек, сынық

«Миоэнттезиялық аппарат» ұғымы анатомиялық-топографиялық та, функционалдық та болып келеді. Миоэнттезиялық аппараттың анатомиялық-топографиялық бөліміне бұлшық еттің сіңірге немесе апоневрозға ауысқан жері, сіңірлер мен апоневроздардың өзі, олардың сүйек қабығына, сүйекке және бұлшық еттің тіректік аппараты сарколеммаға, перимизийге және фасцияға бекітілетін аймағы кіреді. Миоэнттезиялық аппараттың функционалдық мазмұнына бұлшық еттердің жасайтын кернеуін сүйектерге бекітілген жерлерге беру жатады немесе мұны бұлшық еттерді іске қосатын аппарат дейді.

Спортпен шұғылданған кезде тірек-қимыл аппаратының тіндеріне, ең алдымен, бұлшық еттерге және миоэнттезиялық аппаратқа үлкен жүк түседі. Олар ыңғай басылуға, соғылуға, созылуға, бүгілуге және бұралуға тап болады. Ұтымды машықтанулар әсерлерінен осы тіндерде құрылымдық және функциялық өзгерістер туады, олардың беріктігі артады және соның арқасында спортшыларға үлкен жүктемелерді көтеруге мүмкіндік береді. Дегенмен бірқатар жағдайларда, тіндердің қайта құрылулары қойылған талаптардан қалыс қалады және тірек-қимыл аппараты ұлпаларының физиологиялық жаңару процестері бұзылады. Сол кезде оларда зат алмасуы бұзылыстарымен байланысты дегенеративті-дистрофиялық өзгерістер туады да, кейбірде жасушалары өліеттенеді. Нәтижеде тірек-қимыл аппаратының осы немесе басқа бір ауруы пайда болады. Оның аса қатты ширығулары қайталанған микрожарақаттарға әкеледі. Микрожарақаттар жиі жағдайда симптомдарсыз өтеді, бірақ бұлшық еттердің, сіңірлердің созылмалы ауруларын туғызады.

Бұлшық еттер мен миоэнттезиялық аппараттың аурулары спортшылар тірек-қимыл аппараты ауруларының 70% құрайды. Спортшыларда миоэнттезиялық аппараттың аурулары өте жиі кездеседі. Бұл бұлшық еттің физиологиялық көлденеңімен салыстырғанда сүйекке жабысатын жерінің көлденеңі бірнеше есе аз екендігімен, соның салдарынан механикалық күштерге көбірек мәжбүрленумен түсіндіріледі. Зор ширығулар жағдайларында аталған жерде дегенеративтік-дистрофиялық өзгерістер туады да, серпімді талшықтар өзінің рессорлық қасиеттерінен айырылады, нәтижесінде миоэнттезиялық аппарат беріштеніп, ауыр жұмыс қайталана берген сайын бұлшық еттерде де дегенеративтік-дистрофиялық процестер ары қарай қарқынды дами береді, қабыну туғызады да ауруға айналады.

Бұлшық еттер ауруларына миогелоз, миофиброз, миозит, миоэнттезиялық аппарат ауруларына паратенонит, тендовагинит, тендинит және миоэнттезит жатады. Қаңқа бұлшық еттерінің қабынуынан туған ауруды миозит дейді. Миозиттер спортшыларда жиі кездеседі. Бұлардың себептері аса қатты жүктену, микрожарақаттану, тоңазу, тұмау, созылмалы инфекция ошағы. Жіті миозит дамыса, дене жаттығуларын орындаған кезде спортшыны ауырсынғандық сезім мазалайды. Ауырсынғандық сезім қозғалған сайын күшейе береді. Бұлшық еттің ауырлағандығы, қимылдардың құрсауланғандығы серпімділігінен айырылғаны, ісінгені, қатайғаны білінеді. Спортшының көңіл-күйі төмендейді, денесін ұрып тастағандай сезінеді. Жіті миозитпен ауырған адамға толық тыныштық, қыздыру процедуралары, дәрі-дәрмектер, массаж қажет.

Миогелоз және миофиброз бұлшық еттердің аса қатты жиырылу салдарынан туатын созылмалы ауру. Бұлшық еттердің жиырылу мен босаңсуы, актин және

миозин деп аталатын жиырылғыш белоктарының талқандалуымен және қайта құрылуымен іске асады. Қарқынды да, ұзақ та жұмыстарда бұлшық еттердің жиырылғыш белоктары босансу кезінде толық қайта құрыла алмайды, физикалық-химиялық процестері бұзылады, қимыл бірліктерінің қозғыштығы мен құбылмалылығы өзгереді. Осылардың нәтижесінен бұлшық ет босанси алмай ұзақ уақыт құрысқан калпында қалады да, гиалинді дистрофияға немесе нәрсізденуге ұшырайды. Миогелозға ұшыраған бұлшық етте ынғай ауырып тұратын тығыз беріштер пайда болады. Беріштенген бұлшық еттің серпімділігі нашарлайды, босанси алу қабілеті төмендейді, күші азаяды, қозғалыстары құрсауланады. Миогелоз пайда болған кезде спортшының машықтану процесіне тиісті түзетулер енгізілуі керек. Егерде бұлшық ет аппараты ары қарай аса қатты жүктеле берсе, бұлшық еттердің физиологиялық жаңаруы онан сайын бұзыла береді. Сонда бұлшық ет талшықтарының талқандалуы жеделдейді, ал элементтерінің қайта құрылуы тоқтайды. Талқандалған талшықтар орынына дәнекер ұлпа толады да, миофиброз деп аталатын ауру дамиды.

Миофиброз дамыған бұлшық еттерде сопақша келген тығыз денелер білінеді. Бұлшық еттің дәнекер ұлпасынан пайда болған тығыз денелер өз бетімен жоғалмайды және соның әсерінен мүшенің күші мен серпімділігі елеулі төмендейді, қимылдар амплитудасы шектеледі. Миогелоз бен миофиброз процестері дамыған жағдайда машықтану сабақтарын тоқтату немесе жүктемелерді азайту керек. Емдеуге неше түрлі физиотерапиялық процедуралар, дәрі-дәрмектер қолданылады. Миозиттен, миогелоздан және миофиброздан сақтандыру үшін машықтану процесін ұтымды ету, суыққа ұрынбау, жүктемелердің қарқынын төмендету, аса жүктенген бұлшық еттерді қыздыру, массаж жасау, қанайналымын күшейтіп, зат алмасу өнімдерін жақпа майларды қолдану арқылы шығару керек.

Сүйектендіргіш миозит - бұлшық еттің қан құйылған жерінің сүйектенуі. Әдетте бұлшық етке қан құйылса сіңіп кетеді. Кейбір жағдайда қан тінге сіңбейді. Қан тұрып қалған жерге дәнекер ұлпа мен ізбес тұздары жиналады және сүйек жасушалары өседі. Сүйек тінінің пайда болуы дәнекер ұлпа жасушаларының остебластарға айналуымен түсіндіріледі. Остеобластар бұлшық ет тініне кіріп, оны сүйектендіреді. Сүйектендіргіш миозит спортшыларда қол қары және қол қарының екі басты бұлшық еттерінің дистальды бөлімдерінде, санды әкелуші бұлшық еттің жоғарғы үштігінде, тілерсекті жазушы төрт басты бұлшық етте жиі пайда болады. Бұлшық ет сүйектенуінің бір себебі – олардың жарақаттарының дұрыс емделмеуі. Жазылмаған жарақатқа массажды ерте қолданса, қыздыру процедураларын шамадан артық жасаса, ал қимыл қозғалыстар осы кезде аз болса, сүйектену жүреді. Сүйектенгенінің белгісіне жарақаттанған жердің қатая беруі, жақын жердегі буын қимылдарының шектелуі жатады. Емдеу әдісіне сүйектену бастаған жерге қандай болмасын тітіркендіргіш факторларды жолатпау. Сол үшін қолды немесе аяқты 2-3 аптаға гипспен иммобилизациялау керек. Гипс алынған соң емдік гимнастика және физиотерапия беріледі. Алдын алу шараларына зақымдалған бұлшық еттегі қанды ісікті міндетті түрде құрту, жылу процедураларын беруге абай болу, массажды ерте жасамау, керісінше, емдік жаттығуларын ерте және кең дәрежеде қолдану.

Паратенонит – сіңірлер маңайындағы майлы тіннің қабынуы. Сіңірлердің қынабы жоқ учаскелері дәнекер ұлпамен муфта тәрізді қапталып тұрады. Сіңірден қашықтаған сайын ол тығыздала береді. Қатты ширықтыратын жұмыста, әсіресе ол салқынмен қабат келсе, борпылдақ дәнекер ұлпа зақымдалады да, онда ұсақ-ұсақ қан құйылған нүктелер пайда болады және май қабаты ісінеді. Паратенонит бір машықтану кезіндегі аса қатты жүктенуден де, ұзақ уақыт бойы аса қатты жүктенуден де пайда болады. Бұл ауру жаттығу жағдайлары қиын, дайындығы жақсы спортшыларда жиі кездеседі. Паратенонит жүгірушілердің,

футболшылардың, шаңғышылардың, секірушілердің ахилл сіңірі маңайында, теннисшілердің, қылыштасушылардың, есушілердің қол басы сыртының және білектің төменгі бөлігі сіңірлерінде, гимнасшылардың иығында жиі пайда болады. Паратенонит дамыған кезде спортшының зақымдалған жерінде біртүрлі ыңғайсыздық, қозғалыстарында ауырсынғандық сезім білінеді және осының салдарынан ол ауық-ауық машықтануды тоқтатуға мәжбүр болады. Сіңірлер маңында ісік және муфта тәрізді ауырып тұратын қалыңдық байқалады. Іскен жерді алақанмен басса, қимылдаған кезде сіңірдің маңайындағы тіндердің үйкелісі сезіледі, кейбірде тырылдаған дыбыс та естіледі.

Тендовагинит – сіңір қынабының қабынуы. Ұзақ үйкеліс салдарынан қынаптан синовиальдық сұйықтық аз бөлінеді де, ақырында синовиальдық қабықтың өзі жарақаттанады. Қабыққа нүкте-нүкте болып қан құйылады, ісінеді және асептикалық қабыну процесі дамиды. Сұйықтықтан сіңір қысылады, ал қозғалыстар кезінде қатты ауырсынғандық пайда болады және бара-бара ауырсыну күшейе береді. Тендовагинит жиі жағдайда паратенонитпен қабат жүреді. Тендинит сіңірдің дегенеративті дерттік процесі. Ол ұзақ уақыт аса қатты ширығу салдарынан пайда болады. Аурудың симптомдары паратенонит белгілеріне ұқсас. Басқан кезде сіңір бойында ауырсынғандық және ісік жерлер байқалады.

Паратенониттерді, тендовагиниттерді, тендиниттерді емдеуді жаттығулар жасауды тоқтатудан және ауырған қол-аяқты 7-10 күнге иммобилизациялаудан бастайды. Ауырған жерге спирттік және басқа дәрілік компресстер, физиотерапия жасалады. Паратенониттерді емдеуге сіңір маңы май қабатына гидрокортизон жіберу де қолданылады. Паратенониттердің, тендовагиниттердің, тендиниттердің алдын алу шараларына қатты жермен жүгіруді тоқтату, лайықсыз жабдықтардан бас тарту, бұлшық еттің сіңірге ауысатын жерін мұқият укалау кіреді.

Миоэнтезиттер – миоэнтезиялық аппараттың аурулары. Бұған бұлшық еттің, сүйек қабығының, бұлшық еттің сүйекке жабысқан жерінің дертті процестері жатады. Миоэнтезиттер тірек-қимыл аппаратының қысқа мерзімді де, ұзаққа созылғанда аса ауыр жұмыс әсерінен пайда болады. Миоэнтезиттердің пайда болатын жері спорт түріне байланысты. Лақтырушыларда, боксшыларда, ватерполшыларда иық миоэнтезиттері, теннисшілерде, найза лақтырушыларда, қылыштасушыларда – шынтак миоэнтезиттері, футболшыларда, штангашыларда, секірушілерде – санды әкелуші бұлшық еттер миоэнтезиттері, балуандарда – тұлғаның артқы беті бұлшық еттерінің миоэнтезиттері кездеседі. Миоэнтезитпен ауырған кезде машықтануды тоқтату және аяқ-қолдарды иммобилизациялау керек. Емдеуге физиотерапия, майлы компресстер қолданылады.

Аса қатты ширығудан туатын сүйек қабығының, сіңірлер мен байламдарының, сүйек беткі қабығына жабысқан жерінің қабынуынан пайда болатын ауруларды периостит деп атайды. Периостеопатиялар үлкен күшпен және амплитудамен қайта-қайта жасалған қатты қозғалыстар салдары. Қатты жерге секірулерде, қатты жермен жүгірістерде сіңірдің коллаген талшықтары үзіледі және қанталайды. Алғашқы симптомына жаттығуларды орындаған кезде пайда болатын шамалы ауырсынғандық сезім жатады. Бара-бара ауырсынғандық сезімі тұрақтана береді, қозғалған сайын немесе сүйек қабығын басқан сайын ауырсынғандық күшейе түседі және ауырған жер сәл ісіп тұрады. Периоститтер кәрі жіліктің алдыңғы бетінде, байламның тізе тобығына жабысқан жерінде жиі пайда болады. Осы ауруда машықтану тоқтатылады, аяққа гипс лонгетасы салынады және арнайы жақпа майлар пайдаланылады. Миоэнтезиттер мен периоститтерден сақтану үшін жаттығуларды қатты жерде жасамау керек. Бұлшық еттер мен миоэнтезиялық аппараттың ауруларынан кейін жаттығулар жасауға дәрігердің рұхсаты қажет. Спорттық еңбекке жарамсыздық мерзімі – бірнеше күннен 4-6 айға дейін.

Миоэнтезиялық аппарат жарақаттарына бұлшық еттердің қатты құрысуы, созылуы, сіңірлер мен фасциялардың жартылай да, толық та жыртылуы жатады. Бұлшық еттің кенеттен қатты құрысып қалуы спринттік жүгірістерде, әсіресе кенеттен қозғалыс жасалған сәтте туады. Құрысу процесі негізінде бұлшық еттің моторлық бірліктері арасындағы үйлесімділік пен қозғыштық бұзылады. Мұндай функциялық өзгерістер өте қатты ауырсынғандық сезім туғызады. Бара-бара ауырсынғандық сезім бәсеңдейді, ал қимыл жасауға әрекеттенген кезде қайталаынады. Құрысып қалған бұлшық етті босаңсыту қиын, сондықтан спортшы жаттығуды тоқтатуға мәжбүр болады. Алғашқы жәрдем ретінде тыныштық, жылулық, бұлшық етті босаңсыта алатын дәрі-дәрмектерді беру ұсынылады.

Серпімділігінің арқасында бұлшық ет, әдетте, толық созылмайды, ал бұлшық ет қатты созылса, талшықтары мен қантамырлары үзіледі. Мұндай жарақаттар спортшыны уақытша істен шығарады, себебі ауырсынғандық сезім пайда болады. Бұлшық еттің қарыншасы да, сіңірге жалғасқан жері де жарақаттанады, бірақ функциясы әдетте бұзылмайды, жақын буындар қимыл-қозғалысының амплитудасы сақталады. Бұлшық еттер мен сіңірлер кенеттен қатты құрысса, жартылай немесе толық жыртылады. Мұндайда өткір ауырсынғандық сезім пайда болады. Жыртылған жер қанталайды және қанды ісік пайда болады да, мүше қимылдау мүмкіндігінен айырылып қалады. Қанталаған және құрысып қалған бұлшық еттер қатты. Жартылай немесе толық жыртылған бұлшық еттің үстінде шұңқыр көрінеді. Қолдың екі басты, санның төрт басты, балтыр бұлшық еттері жиірек жыртылады. Бұлшық ет аса қатты ширыққан сәтте сіңірі жартылай немесе толық үзіледі. Сіңірлердің үзілуіне тендинит, тендовагинит, паратенонит аурулары септігін тигізеді. Бұлшық ет жыртылған сәтте тасқа соғылғандай өте өткір ауырсыну сезімі пайда болады. Сіңір үзілсе мүшенің белсенді қимылы мүмкін болмай қалады. Ахилл сіңірі үзілсе спортшы аяқ ұшына тұра алмайды. Қолымен басып көрген кезде сіңір көлденеңінде шұңқыр білінеді. Тиісті бұлшық ет өзінің формасын өзгертеді және шетке қарай ығысады.

Бұлшық ет қатты жиырылып тұрған кезде соққы тисе, қабығы немесе фасциясы жыртылады. Сол кезде ауырсынғандық сезім білінеді, ал басып көрген кезде бұлшық етте сопақша ойыс білінеді де, кейбірде бүйірі бұлтиып шығып кетеді. Мұны «бұлшық ет жарығы» дейді. Бұлшық еттің және миоэнтензиялық аппараттың жарақаттарына көрсетілетін алғашқы жәрдем мақсатына, қанталауды азайту мен ауырсынғандық сезімді басу жатады. Осы үшін хлорэтил себу немесе мұз салған қаптарды жарақаттанған жерге басу қажет. Жартылай немесе толық жыртылған бұлшық етті қозғалтпайтын иммобилизация жасалады. Екі басты бұлшық еті жыртылса білек-шынтак буынын өткір бұрыш жасай бұту керек, ал санның төрт басты бұлшық еті жыртылса, тізе буынын толық жазып, тілерсекті түзету керек.

Толық үзілген бұлшық етке немесе сіңірге ұштарын қосып тігетін ота жасалады. Қанталаған, ісінген, ауырған жерді қалпына шапшаң келтіру үшін бір тәуліктен кейін түрлі физиотерапиялық процедураларды және осы мақсатпен түрлі фармакологиялық препараттарды да қолданады. Отадан 3-4 тәулік кейін емдік гимнастика қолданыла береді. Алдымен сорушы массаж жасап, соңында басқа түріне абайлап көшеді.

Буындардың кең тараған аурулары – артриттер, синовиттер, периартриттер, артроздар. Синовит – буынның синовиальды қабығының қабынуы. Ол буынның ыңғай асыра жүктенуінен пайда болады. Аса көп жүктенген буынның синовиальды сұйықтығы қоюлана мөлшері азаяды да, салдарынан буын бетінің шеміршектері тозады. Спортшы буынында ауырсынғандық сезім пайда болады және қозғалыстары баяулайды, кейбірде шыртылдаған дыбыс естіледі. Бара-бара буын көлемі шамалы ұлғаяды, бедерлері жойылады. Бір жағдайларда барлық симптомдары жоғалу үшін

бірнеше күн демалыс жеткілікті. Басқа бір жағдайларда ауру созыла береді, демек буын сырқырап ауыра береді, шыртылдаған дыбыс жоғалмайды, контурларының майдалануы тоқтамайды. Синовит пайда болса машықтануды тоқтату керек. Емдеу үшін құрғақ жылулық, жеңіл массаж, жақпа майлар мен спорттық сұйықтықтарды сіңіре жағу, компресс салу көрсетіледі.

Периартрит – буынды қоршап жатқан тіндердің дегенеративтік те, қабынушылық та өзгерістері. Жиі жағдайда периартрит миоэнтезиттің жалғасы болып келеді немесе созылмалы паратенонитпен және тендовагинитпен қатар дамиды. Әдетте баяу дамиды ауру болып келеді. Басып зерттеген кезде буын маңайындағы тіндерде шамалы ауырсынғандық, ал қимыл кезінде буында қатты ауырсынғандық, бұлшық еттерінің шамалы семуі байқалады. Көбіне иық, онан сирек шынтақ және білезік, онан сирек тізе мен тобық буындары зақымдалады. Периартриттерді емдейтін әдістер миоэнтезиттерді емдейтін әдістерге ұқсас. Машықтанулар міндетті түрде тоқталуы тиіс.

Артроз – буындардың дегенеративтік-дистрофиялық созылмалы ауруы. Артроздың пайда болу себебіне ұзақ уақыт бойы асыра жүктену жатады. Бұл буын бетін қаптап жатқан гиалин шеміршегінің талқандалуына әкеледі. Гиалин шеміршегінде не қантамырлары, не болмаса лимфа тамырлары жоқ. Оның қоректенуі синовиальдық сұйықтықпен, осмос және диффузия процестерінің негізінде жүреді. Ауыр жүктемелер буын шеміршектерінің жаншылуына және олардың синовиальдық сұйықтықтағы заттармен қоректенуін нашарлатады.

Қарқынды жаттығулар жалғаса берсе шеміршектердің әрбір жері жұмсарады, ыдырайды және сылынады, демек сүйек затының ашылып кетуіне дейін әкелетін шеміршектің кемістігі пайда болады. Осының артынан сүйектің шеміршек асты қабатында өзгерістер туады, сол жерлерде сүйек заты ыдырайды, жылауықтар пайда болады және сүйек қырлары өседі. Артроздың пайда болуында ұзақ уақыт бойы шамадан артық жүктенуден синовиальды сұйықтықтың азаюы маңызды. Сұйықтықтың азаюы буын шеміршегінің жарылуына, жұмсаруына, сылынуына әкеледі.

Артроздың алғашқы даму фазасында спортшы буынының шапшаң шаршайтындығына, сырқырап ауыратындығына арызданады. Бұл симптомдар оны аяқтарының қалпын жиі-жиі ауыстыруға мәжбүрлейді. Қозғалыстары таңертең қиындайды, амплитудасы шектеледі, ал гимнастикадан соң симптомдар жоғалады. Машықтануға кіріскен кезде де қимылдардың шектелгені мен ауырлағаны байқалса, бой жазудан кейін олар жоғалады. Ауру дамыған сайын жұмыс кезіндегі ауырсынғандық кетпей, машықтануға мүмкіндік бермейді. Зерттеген кезде буын пішінінің майдаланғаны, бұлшық еттерінің семгені, қозғалыстар амплитудасының кемігені білінеді. Әдетте артроздар созылмалы болып келеді. Уақыт өткен сайын буын функциясы қозғалыста ғана емес, тыныштық күйде де бұзылғаны байқалады. Спортшыларда ең көп жүктенетін буындар зақымдалады: жүгіргіштер мен футболшыларда – тізе және тобық; гимнастшыларда – иық және шынтақ; балуандарда – омыртқа бағанасының буындары (спондилоартроз). Артроздардың шапшаң дамуына буындар жарақаттары септігін тигізеді.

Артрозды емдеу машықтануды тоқтатудан басталады. Физиотерапиямен қатар электрофорез әдісімен буын қуысына дәрі-дәрмек енгізу қолданылады. Емдік жаттығулар беріледі. Сүйек пен буын аурулары пайда болған жағдайларда ары қарай машықтану мәселесі аурудың ағымына, спорттың түріне және басқа да факторларға қарай дәрігердің нұсқауымен жеке шешіледі. Аурудан жазылу кезеңінде ауруға дейінгі кезеңмен салыстырғанда, жүктеме көлемі мен қарқыны баяу, баппен көтеріледі.

Жеңіл атлетикамен, гимнастикамен, акробатикамен, ауыр атлетикамен, тау шаңғысымен шұғылданушы спортшылардың білезік, тобық, тізе буындарын амплитудалы қозғалыстарға баппен үйрету, оларды аурулардан сақтандырудың жолы болып табылады. Спортшыларды қол-аяққа жұмсақ қонуға, отыра кетуге дұрыс үйреткен маңызды. Осындай амалдарды орындай алмаса, буын шеміршектері жаншылады және жарылады. Секіргенде, жүгіргенде, итергенде дененің амортизациясын қамтамасыз ету керек. Қонатын жерге сапалы маттарды, шұңқырларға поролон төсеу, жүгіріс жолдарына серпімді заттар, спорттық аяқ киімге серпімді ұлтандар, супинаторлар салу маңызды профилактикалық шаралар.

Буындар жарақаттарына байламдарының зақымданулары, толық және жартылай шығу, тізе менискі мен шеміршегінің бүлінулері жатады. Буын байламдарының жарақаттары жиі кездеседі және қозғалысының амплитудасы шегінен артық болуымен байланысты. Шектен артық амплитудалы қозғалыс буын байламдарының бір жағын өте қатты тартады. Әдетте осы байламдар фиброзды капсуласымен қосылып буын қозғалыстарын белгілі бір жерге дейін шектейді, ал қозғалыс шектен ары қарай жүре берсе буын ұштары ығысып кетеді. Тізе мен тобық буындарының байламдары жиірек, ал иық пен шынтақ буындарының байламдары сирегірек жарақаттанады. Тізе буынының ішкі бүйір байламдары жиірек, ал сыртқы бүйір және крест тәрізді байламдары сирегірек зақымдалады. Сан қозғалысыз тұрған кезде тілерсек сыртқа кенеттен әкетілсе ішкі байламдар жарақаттанады, ал сырттан әкелінсе сыртқы байламдар жарақаттанады. Ішкі бүйір байламының жарақаттануы футболшыларға, шаңғышыларға, балуандарға және гимнасшыларға тән. Тізе буынының ішкі бүйір байламының созылып кетуі, басқа байламдарының созылып кетуіне қарағанда, жиірек кездеседі және ішкі мениск пен буын капсуласы созылуымен қабаттасады. Тізе буынының крест тәрізді байламдары аяқ қатты жазылған, аяқпен допты қатты тепкен, тілерсекті әкеткен және ішке қарай кенеттен бұрған жағдайда жарақаттанады.

Тобық буыны байламдары спортшыларда, әдетте, аяқ басының ішке қарай бұралып кетуінен пайда болады да, «өкше–кіші жіліншік» байламы зақымдалады. Алға қарай созылған қолдарды тірей жығылса, шынтақ буынының байламдары жарақаттанады. Иық буынының байламдары мен капсуласының жарақаты ішке қарай бұралып кеткен қолға жығылса пайда болады.

Байламдар жарақаты ауырлығының үш дәрежесін айырады. Бірінші дәрежесіне байламдар коллагені бүлінбей ғана созылғаны жатады. Мұндай созылу шамалы ауырсынғандықпен, қанталаумен, жұмсақ тіндердің ісінуімен білінеді. Спорттық қызметтік қабілеттіліктің төмендеуіне бұл әсер етпейді. Екінші дәрежесінде байлам талшықтарының біршамасы үзіледі де, өткір ауырсынғандықпен, қанталаумен, буын функциясын бұзатын буынның қанды ісігімен немесе гемартрозбен білінеді. Үшінші дәрежесі байламның толық үзілуімен сипатталады да, өте қатты ауырсынумен, қанды ісікпен айқындалады. Буын функциясы бұзылса, аяқ-қолдың вертикальды дінгегі өзгереді. Кейбірде байлам сүйекке жабысқан жерінен үзіледі, сонда байлам сүйектің бір шетімен бірге кетеді.

Алғашқы жәрдем ретінде хлорэтил себіледі, мұз басылады, қысып таңылады, шинамен иммобилизацияланады. Ары қарай консервативті әдістермен емделеді, ал байлам толық үзілген болса ота жасалады. Массаж бен емдік жаттығулар қолданылады. Спорттық еңбекке жарамсыздық I дәрежесінде 1-2 апта, II дәрежесінде 2-4 апта, III дәрежесінде отадан соң 6-8 апта.

Сүйектер бетінің физиологиялық шегінен тайып кетіп, бір-біріне тимей қалуын - шығу дейді. Шығу процесі әдетте, буын қабының, байламдарының жыртылуымен, жұмсақ тіндерінің бүлінуімен сипатталады. Жартылай шығу буын бастарының шамалы ауытқуымен сипатталады. Сүйек бастары тіндерін жыртып

шығып кетсе ашық шығу аталады да, өте ауыр жарақат болып саналады. Буынның толық шығуы қозғалыс амплитудасы шектен артық болғанда немесе соққы сүйекке тура тисе болады. Буын шыққанда өте қатты ауырсынғандық сезім туады, кейбірде күртілдеген дыбыс естіледі. Аяқ-қол ыңғайсыз, мәжбүрлі қалыпқа келеді, ал оны түзету үшін жасалған әрекеттер буынды қатты ауыртады және серпімді кедергі келтіреді. Сау аяқ-қолмен салыстырғанда буын формасының өзгергені байқалады: орынынан ауытқыған сүйек басы шодырайып шығып, ал оның әдеттегі орыны шұңқыр болып тұрады.

Алғашқы жәрдем ретінде зақымдалған аяқ-қолды азаптанушыға ыңғайлы қалыпқа келтіріп, толық қозғалыссыз ету керек. Ол үшін шина салып, жапа шегушіні емханаға жібереді. Шыққан буынды сол жерде салуға болмайды, себебі ондай әрекеттер асқынуларға әкеледі. Шыққан буынды салған соң гипспен иммобилизациялайды. Гипс таңғышы бар кезде де, әсіресе оны алып тастағаннан кейін емдік жаттығулар, массаж, физиотерапия, дәрі-дәрмектер беріледі. Машықтануды толық жазылған соң бастайды. Спорттық еңбекке жарамсыздық мерзімі 6-8 апта.

Тізе буынының ішкі жарақаттары ішінде менискілерінің үзіліп және жұлынып кетуі жиі кездеседі. Тізе буынының менискілері серпімді амортизатор рөлін ойнайтын талшықты-шеміршекті құрылымдар. Тізе буынының екі түрлі менискісі бар: латеральды және медиальды. Медиальды мениск латеральды менискімен салыстырғанда 9-10 есе жиі зақымдалады. Зақымданудың механизмі мынадай: тілерсектің шапшаң жазылуы; биіктіктен түзу аяқтарға түсу. Осы жағдайларда менискілер ортан жілік айдаршықтарының арасында жаншылып қалады. Мениск жарылып кетсе, қатты ауырсынғандықтан шок пайда болады. Қан құйылып кетсе, тізе буыны ісіп кетеді және бүгіліп қалады, қозғалыстар өте қатты ауырсыну сезімін туғызады. Жұлынып кеткен менискінің бөлшектері ішіне қарай кіріп және қысылып қалса, белсенді қимылдар түгіл, енжар қимылдар мүмкін болмай қалады, демек буынның «блокадасы» туады (аяқ жазылмайды). Осындай «блокада» ұзақ немесе қысқа мерзімге сақталады. Жіті жарақаттан соң тізе буынының блокадасы жиі қайталана беруі мүмкін. Алғашқы көмек тізеге суық қою, қысып таңу, иммобилизация жасау. Аяқты күштеп созуға болмайды, сондықтан оны бүгілген қалыпта иммобилизациялайды. Мениск зақымдарын емдеудің ұтымды жолы ота жасау, жаншылған менискіні алып тастау. Алынған мениск орыны кейіннен синовиальді қабықтың функционалдық метаплазиясы есебінен толады. Шамалы зақымдарында консервативті емдеу әдістері де жақсы нәтиже береді: 10-12 күнге гипстен лонгета, физиотерапия, емдік жаттығулар, 3-5 күннен соң массаж.

Ота жасау әдісімен емделген соң спортшы сабақтарына 2,5-3,5 айдан кейін, ал консервативті әдісімен емделген соң 3-4 айдан кейін кіріседі. Алдын алу шараларына, менискілер зақымдары қандай жағдайларда туатынын спортшыларға түсіндіру, дене жаттығулары техникасын жетік меңгеру және машықтандырушы процесті ұтымды ұйымдастыру жатады.

Буын шеміршектерінің жарақаттары жеңіл атлеттерде, гимнасшыларда, акробаттарда және тағы басқа спортшыларда, секіріп барып жерге қонған кезде пайда болады. Әдетте тізе мен тобық буындарының шеміршектері жарылады. Штанганы кеудеге алу үшін өте терең отыра кеткен кезде, жеңіл атлетикада секіріп барып жерге қонған кезде, буындар шегіне дейін бүгіліп, тізе және тобық буындары шеміршектерінің шеттері жаншылады. Білезік буындары шеміршектерінің жаншылуы, жарылуы гимнастар қол басын сыртқа қарай асыра жазған кезде болады. Шеміршектер жарақаттанған сәтте спортшы кенеттен ауырсынады, сонан соң бірнеше күн бойы буынында ыңғайсыздық сезінеді, әдетте бой жазудан соң ол сезім жоғалады. Жетінші немесе оныншы күнде жарақаттанған жер ауырады. Алдымен ол

дінгек бойы түскен жүктемеге орай пайда болса, сонан соң тыныштық күйде де байқалады. Ауырсынғандық сезім себебінен қозғалыстар шектеледі.

Тиісті емдік шаралардан кейін (иммобилизация, физиотерапия процедуралары, емдік жаттығулар), бара-бара ауырсынғандық бәсеңдей береді де, 6-8 аптада толық жоғалады. Машықтануға абайлап кірісу қажет, әсіресе дінгек бойы түсетін жүктемелерді және қозғалыстар амплитудасын көтеруге сақ болу керек. Алдын алу үшін ауыр атлетикада терең отыра кету техникасын ұтымды меңгеру, гимнастикалық жаттығуларды орындауда секіріп түсу техникасын жетік меңгеру керек.

Сүйек ауруларының ішінде спорттық медицинаға маңыздылары экзостоздар мен дистрофиялар. Экзостоздар созылмалы периоститтерден туады. Сүйек қабығы ішкі қабатының функциясы мұндай жағдайда белсендіріледі де, қабынған жерге сүйектік элементтердің бір-біріне жабысу процесі күшейеді, бір жерге біз тәрізденіп жиналады. Мұны экзостоздар деп атайды. Футболшыларда, боксшыларда, гимнасшыларда, суға секірушілер мен балуандарда экзостоздар қол басының ұсақ сүйектері, мойын мен бел омыртқаларындағы көлденең өсінділері шеттерінде пайда болады. Табан апоневрозының өкше сүйегіне жабысқан жерінен өскен экзостоздар «өкше шпорлары» деп аталады. Экзостоздарға тиісті жерлерді басқан кезде ауырсынғандық және сол жердің ісіп тұрғаны тән. Бұлардың себебі, маңайындағы жұмсақ тіндердің жаралануы және қабыну процесінің жүруі. «Өкше шпоры» ауырсыну сезіміне байланысты жұмыс істеу қабілеттілікті бұзады.

Емдеуге физиотерапия, құрамында ісікті, қабынуды, ауырсынғанды басатын жақпа майлар, кейбірде хирургиялық емдеу әдістері қолданылады. Экзостоздардың алдын алу үшін жоғарыда көрсетілген барлық жалпы шаралар өткізіледі. Кейбірде қалың және серпімді ұлтанды аяқ киім киіп машықтанған да, экзостоздардың алдын алуға жеткілікті болады. Амортизациялаушы ұлтанды аяқ киім болмаса, секірумен, жүгірумен, қылыштасумен шұғылданғанда арнайы жұмсақ ұлтарақ пен өкшеге жапсырма салу керек. Қылыштасуларға және боксшыларға, қолқаптарына салынған қыл мен поролонның қалыңдығы жеткілікті. Аса қатты ширығу мен аса қатты жүктенуден сүйектер қанайналымы мен заталмасуы бұзылады. Осының салдарынан түрлі дистрофиялық өзгерістер туады. Өзгерістер түріне сүйек ізбесінің азайып немесе жоғалып кетуі, сүйек затының жойылып, орыны остеоидты ұлпамен толып кетуі, ашық аймақтарында киста тәрізді ұлпалық қуыстардың пайда болуы жатады. Мұндай өзгерістер үлкен жіліншікте, табан және қол басы сүйектерінде кездеседі.

Сүйектердегі дистрофиялық өзгерістерде ауырсынғандық сезім білінеді, тиісті жерлер іседі және 3-4 аптадан соң рентгенологиялық симптомдар көрінеді (бос жерлері көрінеді). Сүйек ұлпасының дерттік қайта құрылуларын емдеу өте қиын. Бір жағдайда дене жүктемелерін азайту немесе өзгерту, екінші бір жағдайда машықтануды толық тоқтату керек. Қатты ауырсыну болған жағдайларда 4-6 аптаға гипс лонгетасын салып иммобилизациялау, физиотерапия қолдану, сему мен құрысуды болғызбау жолында және кейіннен сүйек құрылымын тез қалпына келтіру мақсатында, міндетті түрде емдік жаттығулар жасау. Ауру 1-1,5 жылға дейін созылады. Ол сүйек құрылысының және қызметінің қалыптасуымен аяқталады.

Алдын алу жолдары: тірек-қимыл аппаратының белгілі бір бөлімдерінің асыра жүктенуін болдырмайтын ұтымды машықтандырушы процесін құру; жалпақ немесе жалпайуға жақын табан иегерлеріне аяққа ауыр салмақ түсіретін спорт түрлерімен шұғылдануға тиым салу; супинаторлар салынған ұтымды аяқ киіммен қамтамасыз ету; табан шаңырағын беріктендіретін жаттығуларды қолдану; боксшылардың соққан кезде қолбасы жарақаттануының алдын алу.

Сүйектер жарақаттарына периоститтер мен сынықтар жатады. Жарақаттық периостит – бір немесе бірнеше рет жарақаттану салдарынан сүйек қабығының

қабынуы. Тілерсектің бірнеше рет соғылуы кедергілермен жүгірістерде, кермеде, бөренеде жасаған гимнастикалық жаттығуларда, футбол ойынында бутса тигенде болады. Қол басының сырт жағы бокста, қылыштасуда соғылады. Өкше секірістерде, қылыштасуда қатты соғылады. Мойын мен бел омыртқаларының тік өсінділерінің жарақаттық периоститтері штангашыларда, суға секірушілерде және гимнасшыларда кездеседі. Осындай периоститтер омыртқа бағанасының кенеттен қатты жазылуы себебінен дамиды, өйткені тік өсінділері бір-бірін қатты сығымдайды да сүйек қабығын жарақаттайды.

Сынық немесе сыну деп механикалық жарақат әсерінен сүйек бүтіндігінің бұзылуын айтады. Сүйек сынған кезде, әдетте, бұлшық еттер де, фасциялар да, жүйке ұштары да, қантамырлары да бүлінеді. Ашық, жабық, орнынан жылжымаған және орнынан ығысқан, құрама және қыспа сынықтарды айырады. Егерде сүйектер бір-біріне кіріп кетсе – бір-біріне кірігіп сыну деп аталады. Жарықшақтанған, қысылудан, оқтан болған, көлденең, бұралмалы, майыспа сынықтар болады. Сынықтар соққыдан, құлаудан, соғылысудан, жаншылудан, бұралудан, майысудан болады. Спортшыларға тән сынықтар болады, мысалы, бұралмалы, жұлынған және т.б.

Жарақаттанушы сүйегінің сынғанын өзі біледі, себебі сырт еткен дыбысты естиді және қатты ауырсынғанды сезеді. Қозғалыс жасаса ауырсынғандық күшейеді. Сынған жер қан құйылу себебінен ісінеді, аяқ-қолдың формасы өзгереді. Ашық сынықта сүйектер жұмсақ тіндерді жыртып, жарадан шығып тұруы мүмкін. Ең дәл диагностикалық әдіс – рентгенография. Жабық сынықта алғашқы жәрдем аяқ-қолды иммобилизациялау; ашық сынықта қан кетуін тоқтату, стерильді таңғыш салу, сонан соң иммобилизация жасау. Емдеу мекемесінде анестезия, репозиция, гипспен иммобилизация жасалады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дубровский В.И. Спортивная медицина. – М., Гуманитизд. «ЦентрВЛАДОС», 2002. – 512 с
2. Макарова Г.А. Спортивная медицина. - М., 2003
3. Епифанов В.А. Спортивная медицина. – М. Изд.гр «ГЭОТАР-Медиа», 2006, 335 с
4. Булич Э. Г. Здоровье человека. — К.: Олимп. л-ра, 2003. — 424 с.

## МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

### ПЕДАГОГИКА

<b>Бекбаланова Б.Т.</b> МАТЕМАТИКАНЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНЫП, ТЕРЕҢДЕТІП ОҚЫТУ – КҮН ТАЛАБЫ .....	4
<b>Г.С. Майлыбаева, К.К. Бейсембаева</b> БАБАЛАР МҰРАСЫН САҚТАУДА САНАМАҚТЫҢ РОЛІ.....	7
<b>Калибеков Нурлан</b> ФИЗИКА ПӘНІНДЕ ДЕҢГЕЙЛЕП - САРАЛАП ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ..	10
<b>Кангалаков М.С., Куракбаева А.Ж.</b> БОЛАШАҚ ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАРДЫ ӘСКЕРИ ТӘРТІПТІ САҚТАУҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ.....	13
<b>Курманғалиева Ш.К.</b> БАСТАУЫШ СЫНЫП САБАҚТАРЫНДА СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ .....	19
<b>Кәрімов М., Қунапиянова С.</b> БОЛАШАҒЫ ЗОР БОЛСА, ҮМІТІ ДЕ МОЛ .....	21
<b>Уайдуллақызы Э., Султанова Г.С.</b> МҰҒАЛІМДЕРДІҢ АҚПАРАТТЫҚ-КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРДЕ ҚАРАСТЫРЫЛУЫ .....	26

### ЕСТЕСТВОЗНАНИЯ

<b>Дюсембинова С.М., Смагулова Д.</b> ЖЕТІСУ АЛАТАУЫНЫҢ ҚАР МЕН МҰЗ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ТҮЗІЛУІНЕ ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР .....	32
<b>Канагатова А.У.</b> ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ АВТОБЕКЕТ, ӘУЕЖАЙ, ОРТАЛЫҚ ЖЕРЛЕРІНДЕ ШҮ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ .....	36
<b>Исабаев А.Т., Ержанова А.Б.</b> ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ РАНГ ҮЛГІСІ ӘДІСІН ПАЙДАЛАНУ .....	40

### ЮРИСПРУДЕНЦИЯ

<b>Амирова Б.К.</b> АЗАМАТТЫҚ ДАУЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ЖАҢА ЖОЛЫ РЕТІНДЕ МЕДИАЦИЯНЫҢ ДАМУ ЖОЛЫ .....	46
--	----

<b>Ашимова Д.И., Жұмағали Е.</b> ОРУЖИЕ — ОБЪЕКТ КРИМИНАЛИСТИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ .....	50
<b>Белғожанов Р.М., Каташев У.</b> ҒҰМАР ҚАРАШЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....	55
<b>Жұмағали Е., Ашимова Д.И.</b> АКТУАЛЬНОСТЬ И ВОЗМОЖНОСТИ ИЗУЧЕНИЯ ОГНЕСТРЕЛЬНЫХ ПОВРЕЖДЕНИЙ, ОБРАЗОВАВШИХСЯ В РЕЗУЛЬТАТЕ РИКОШЕТА .....	59
<b>Досымбеков Е.А.</b> ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУДАҒЫ ДІНИ НОРМАЛАРДЫҢ МӘНІ.....	63
<b>Досымбек А.Б.</b> СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ-ҚОҒАМ ДЕРТІ .....	67
<b>Уразымбетов Т.Е.</b> СОТ ЭТИКАСЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛУЫ .....	70

#### ЭКОНОМИКА

<b>Кангуреев М.Т., Абдиманап Н.</b> АЙМАҚТЫ ӨЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ ӘДІСТЕРІ .....	77
<b>Корабаева Н.Б.</b> РАЗВИТИЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА РК В УСЛОВИЯХ ИНТЕГРАЦИИ .....	80
<b>Оспанова М.Б.</b> ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ И РАЗВИТИЯ ФИНАНСОВ ПРЕДПРИЯТИЙ .....	83

#### ГУМАНИТАРНЫЙ

<b>Байгабатова Н.К., Искакова Г.М.</b> ВКЛАД ЧОКАНА ВАЛИХАНОВА В ИЗУЧЕНИЕ ЭТНОГРАФИИ КАЗАХСКОГО НАРОДА .....	89
<b>Иманғазинов М.М., Нұрдыбек М., Саямхан Н.С.</b> ІЛІЯС-САТИРИК .....	94
<b>Исажанова А.Н.,</b> ИСТОРИЧЕСКИЙ КОНТЕКСТ И ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ПРЕДПОСЫЛКИ	

ОСМЫСЛЕНИЯ ФЕНОМЕНА ЭТНОКУЛЬТУРНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ .....	101
--	-----

<b>А.В.Муханова, А.Т.Кундакбаева</b> COLLOSTRUCTIONAL ANALYSIS IN TEACHING PROCESS .....	105
---	-----

<b>Ли Э.В., Ауелбекова Б.А.</b> СВОЕОБРАЗИЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ КОНЦЕПТОВ <i>ЧЕЛОВЕК И ВРЕМЯ</i> В ПОЭМЕ О.СУЛЕЙМЕНОВА «ЗЕМЛЯ, ПОКЛОНИСЬ ЧЕЛОВЕКУ».....	109
---	-----

<b>Сламбеков З.С.</b> ШОҚАН ТУРАЛЫ ЖАЗЫЛМАҒАН ДЕРЕКТЕР .....	115
---	-----

<b>Құтымова Г.Н., Айтбаева Б.Қ.</b> ЖУРНАЛИСТ ИМИДЖІ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОБРАЗ .....	118
--	-----

#### **КУЛЬТУРА И СПОРТ**

<b>Берикболов К.Е., Муздыбаев Б.А.</b> ВОЛЕЙБОЛ ОЙЫНЫНЫҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ .....	126
--	-----

<b>Мұқаметәлі Т., Ноғайбеков Н.Т.</b> ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҚТАРЫНДА ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ҚАҒИДАЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІН АНЫҚТАУ.....	130
--	-----

<b>Смаил Н.Н.</b> СПОРТШЫЛАР ТРЕК-ҚИМЫЛ АППАРАТЫНЫҢ АУРУЛАРЫ МЕН ЖАРАҚАТТАРЫ .....	136
--	-----

<p><b>ЖМУ ХАБАРШЫСЫ</b></p> <p>Ғылыми журнал 1997 жылы шыға бастады. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім Министрлігінде жанадан тіркеліп, 2003 ж.12 қыркүйегінде №4188-Ж қуәлігі берілген. ISSN 1813-1123</p>	<p><b>ВЕСТНИК ЖГУ</b> <b>Научный журнал</b> Издается с 1997 г.</p> <p>Перерегистрирован Министерством информации и общественного согласия Республики Казахстан. Свидетельство №4188-Ж от 12 сентября 2003 г. Международный центр ISSN в Париже зарегистрировал журнал «Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің хабаршысы» под номером ISSN 1813-1123</p>
---	---

**ВНИМАНИЮ АВТОРОВ!**

➤ Электронные версии статей доступны на сайте [zhgu.edu.kz](http://zhgu.edu.kz)  
**Мақалалардың электронды нұсқалары [zhgu.edu.kz](http://zhgu.edu.kz) сайтында орналастырылған**

**Electronic versions of the articles are available on the web page [zhgu.edu.kz](http://zhgu.edu.kz)**

➤ Редакция не несет ответственность за достоверность информации, приводимой авторами

**Общие положения**

Журнал "Вестник Жетысуского государственного университета" принимает к публикации материалы, содержащие результаты оригинальных исследований, оформленных в виде полных статей, кратких сообщений, а также обзоры (по согласованию с редакцией). Опубликованные материалы, а также материалы, представленные для публикации в других журналах, к рассмотрению не принимаются.

Для публикации статьи авторам необходимо представить в редакцию следующие материалы и документы:

- 1) Текст статьи с УДК, подписанный всеми авторами;
- 2) Резюме на казахском, русском, английском языках должно кратко излагать предмет статьи и основные содержащиеся в ней результаты (3-5 предложений).
- 3) ключевые слова (5-10);
- 4) файлы всех представляемых материалов на электронном носителе;
- 5) на отдельном листе сведения об авторах: должность, ученое звание, ученую степень, место работы (наименование учреждения или организации, населенного пункта), телефоны и адреса электронной почты.

Материалы для публикации, поступившие в редакцию, направляются на научную экспертизу. Решение экспертной комиссии оформляется протоколом и при положительном отзыве статья публикуется в ближайшем номере Вестника ЖГУ.

Статьи магистрантов должны сопровождаться отзывом научного руководителя с пометкой о рекомендации к публикации.

Статья, направленная автору на доработку, должна быть возвращена в исправленном виде вместе с ее первоначальным вариантом в максимально короткие сроки (5-7 дней). Статья, задержанная на срок более трех месяцев или требующая повторной переработки, рассматривается как вновь поступившая.

Статьи могут быть представлены на казахском, русском и английском языках.

Представляя текст работы для публикации в журнале, автор гарантирует правильность всех сведений о себе, отсутствие плагиата и других форм неправомерного заимствования в рукописи произведения, надлежащее оформление всех заимствований текста, таблиц, схем, иллюстраций. Авторы опубликованных материалов несут ответственность за подбор и точность приведенных фактов, цитат, статистических данных и прочих сведений.

*Плагиатом считается умышленное присвоение авторства чужого произведения науки или мысли или искусства или изобретения (или их части). Плагиат может быть нарушением авторско-правового законодательства и патентного законодательства и в качестве таковых может повлечь за собой юридическую ответственность Автора.*

### **Требования к оформлению**

Текст статьи должен быть представлен на бумажном и электронном носителе в редакторе Microsoft Word 6.0/95 или в редакторах, совместимых с ним). Гарнитура - Times New Roman, кегль 12, одинарный интервал, для казахских текстов шрифт - KZ Times New Roman. Поля со всех сторон 2 см, абзац – 1,25.

Общий объем статьи должен составлять не менее 5 страниц.

Статья должна быть тщательно отредактирована и аккуратно оформлена.

Библиографические ссылки в тексте статьи следует давать в квадратных скобках в соответствии с нумерацией в списке литературы.

Список литературы должен быть оформлен в соответствии с ГОСТ 7.0.

Список литературы для статьи не менее 5 наименований.

Страницы рукописи должны быть пронумерованы, включая листы с рисунками.

Все буквенные и цифровые обозначения, приведенные в рисунках, необходимо пояснить в основном подрисуночном тексте;

Все сокращения и условные величины должны быть расшифрованы в тексте. Размерности физических величин следует давать в системе СИ.

Названия иностранных фирм и организаций – в транскрипции первоисточников с указанием страны.

Рукописи статей, не соответствующие требованиям, не рассматриваются. Присланные рукописи обратно не возвращаются. Не допускается направление в редакцию работ, которые посланы в другие издания или напечатаны в них.

### **Структура статьи**

С левого края прописными буквами УДК

Через один интервал–Название статьи прописными буквами по центру, жирным шрифтом

Через один интервал – Ф.И.О. строчными буквами по центру, жирным шрифтом, ученая степень, ученое звание

На следующей строке – место работы или учебного заведения/учреждения, город, адрес электронной почты - *курсивом*

Через один интервал – резюме на казахском языке

Через один интервал – резюме на русском языке

Через один интервал – резюме на английском языке

Через один интервал – ключевые слова

Через один интервал – текст статьи

Через один интервал – список литературы

### **Образец**

УДК 541.124

### **СИСТЕМА СОВРЕМЕННОГО БИЗНЕС-ОБРАЗОВАНИЯ**

**А.Б. Мукашева**, к.э.н., доцент

*ЖГУ имени И. Жансугурова, г.Талдықорған, [mukasheva@mail.ru](mailto:mukasheva@mail.ru)*

*Резюме на казахском языке*

*Резюме на русском языке*

*Резюме на английском языке*

*Ключевые слова*

*Текст статьи*

*Список литературы*

Корректоры:

А.Т. Шенгельбаева, Г.С. Султанова,  
К.А. Искаков

Компьютерная верстка, изготовление  
оригинал-макета С.Д. Шудабаевой  
Печатник Р.А. Айдарбеков

Подписано в печать 19.01.2016 г.

Гарнитура Таймс. Формат 200х280. Бумага офсетная.

Печать офсетная. Тираж 550 экз. Усл.п.л.9.4.

Отпечатано в издательском центре ЖГУ им.И.Жансугурова  
Заказ № 00959

040009. Талдықорған, І. Жансүгіров атындағы Жетісу  
мемлекеттік университеті, Жансүгіров көшесі, 187а.